Австралияны алға жіберсе, 2009 жылдан бері уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап келеді. Мамандардың айтуынша, Қазақстандағы уранның қоры 1 миллион тонна мөлшерінде деп есептеледі. Бұл – дүние жүзінде уранның анықталған 5,4 миллион тонна қоры бар болса, соның 20 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі деген сөз. Демек, барланған уран қоры жөнінен Қазақстан Канададан кейінгі орында. Ал, Қазақстандағы уранның ең мол қоры – Түркістан облысына қарасты Созақ ауданының аумағында. Қазір бұл өңірде үлкенді-кішілі 19 кен орны бар. Солардың қатарындағы жетекші кәсіпорындардың бірі – «Ақдала» кеніші. Қазақстанның уран өндірісінде айрықша орны бар кеніш Қыземшек қалашығынан солтүстік батысқа қарай 60 шақырым қашықтықта орналасқан.«Ақдала» кен орнының ашылу мен зерттелу тарихы «Мыңқұдық» кенді алаңында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарымен тығыз байланысты. Алғашында «Ақдала» «Мыңқұдық» кен орнының бір бөлімшесі ретінде қарастырылды. 1981 жылы мұнда жерасты барлау жұмыстары басталып, нәтижесінде, кеніш аумағынан уранның мол қоры табылды. 1999 жылы «Волковгеологияның» ұсынысы бойынша ҚР Геология және табиғи ресурстар министрлігі «Ақдала» бөлімшесін жеке кеніш ретінде бөліп шығаруға ұйғарым жасады. Бұған сол кезде бірнеше факторлар себеп болды. Біріншіден, кеніш «Мыңқұдық» кен орнының шығыс бөлігінен 15 шақырым қашықтықта орналасса, екіншіден, кен орнындағы уранның пісіп жетілген бөлігі «Ақдала» кенішіне қарасты аумақта молырақ шоғырланған. Осылайша 2001 жылы кеніштің алғашқы блогы іске қосылды [3,4].

Алғашында «Волковгеология» АҚ-ның құрамында болған «Ақдала» кеніші 2004 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-на қарасты Орталық кен басқармасының иелігіне өтеді. Келесі жылы кенішті игеру жұмыстары «Бетпақ Дала» БК» ЖШС-нің басқаруына беріледі. Осы жылдар аралығында «Ақдала» кенішімен серіктес «Оңтүстік Ыңғай» кен орнында модернизациялау жұмыстары аяқталып, 1200 шаршы метрге шақталған күкірт қышқылын сақтау қоймасы іске қосылды. Ал, 2012 жылы «Ақдала» кенішіне қарасты «Летний» учаскесінде жергілікті сорбциялық зауыттың құрылысы басталып, 2013 жылы пайдалануға берілді. Кеніш 2015 жылдан бері «Оңтүстік Ыңғай» кәсіпорнымен бірге «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС-нің иелігінде. Кеніш қызметкерлері бүгінгідей табыстарға оңайлықпен қол жеткізе қойған жоқ. Сапалы өнім алу жолында айтарлықтай



Сурет 2. Созақ ауданының ұлттық құрамы

күш жұмсалып, қаншама тер төгілді. 2003 жылы «Ақдала» кенішінде алғаш рет U тәрізді сорбциялық-десорбциялық контур (СДБ) іске асырылды. Яғни кеніште уран мөлшері 60г/л болатын тауарлық десорбат өнімі бар СДБ-ны пайдаланып, өнімді ерітінділерді қайта өңдеудің мүмкіндігі туды. Бұл сол кезде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-ға қарайтын кәсіпорындар арасында ең алғаш қолға алынған жоба болатын. Кеніш қызметкерлері жобаны өте сәтті жүзеге асыра білді. 2006 жыл «Ақдала» кеніші үшін өте табысты жыл болды. Сол жылы кәсіпорын ұжымы жерасты шаймалау әдісімен 1000 тонна уран өндіріп, әлемде бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізді. 2008 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-ға қарасты кәсіпорындар арасында бірінші рет сутегі тотығын тұндырғыш реактив ретінде қолдану арқылы уран пероксидінің алғашқы партиясы алынды. Ақдала» кен орнының қазіргі аумағы «Ближний», «Летний» және «Дальний» болып үшке бөлінеді. Кеніште табиғи уран жерасты шаймалау әдісімен өндіріледі. Жалпақ тілмен айтсақ, шахталардағыдай немесе карьердегідей тау жынысын қопарып, оны жер бетіне шығарып, үлкен тас диірмендерге салып уатып аса зор ыдыстарға салып қышқыл заттармен ерітпейді. Қоршаған ортаға зиянын тигізбес үшін барлық жұмыс жер астында жүреді. «Ақдала» кенішіндегі уран өндіру процесінің өзгелерден ерекшелігі сол, мұнда уран жерасты шаймалау әдісі бойынша өндіріліп, кейін шикізатты өндіру ион алмасу технологиясы арқылы жүзеге асырылады. Мұнда ерітінді жер асты ұңғымасы арқылы цехқа жеткізіліп, ары қарай оны насос арқылы СНК-3М колоннасына айдайды. Онда ион алмастырушы шайыр арқылы өтеді. Химиялық ион алмасу реакциясы жүріп, шайыр уранды өзіне сіңіріп алады. Ол 6 сағаттың ішінде қанығады. Сосын кері процеске жіберіп, шайырдан уранды бөліп алу жұмыстары жүргізіледі. Сондықтан ауаны ластайтын шаң-тозаң, қышқыл заттар жер бетіне шықпайды. Бұл процестің барлығы автоматтандырылған. Өндіріс кезінде адам тікелей қатынаста болмайды. Барлық қызметтер Қазақстанның заңнамасында көзделген экологиялық нормаларға сәйкес жүргізіледі. Кеніштің ішкі-сыртындағы бұрғылау ұңғыларының сулары әр тоқсан сайын сорылып алынады. Содан соң зертханаға жіберіліп, тексеріліп тұрады. Оның қорытындысы бойынша бүгінге дейін судың қышқылдануы мен уран көбею жағдайлары орын алған емес. Кеніш басшылығы радиациялық қауіпсіздікті, жұмысшылардың денсаулығын ұдайы назарда ұстайды. Әр тоқсан сайын Созақ аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орталығының қызметкерлері экология мамандарымен бірлесіп мониторинг жүргізеді. Осы арада айта кететін жайт, кеніш жұмысшылары жыл бойына дозиметрлік бақылаудан өтіп тұрады. Ал, әр тоқсан сайын оның көрсеткіштері арнайы журналда жарияланып, жеке карточкаларына тіркеледі. Одан бөлек, жұмысшылар жыл сайын кешенді медициналық бақылаудан өтеді. Сонымен қатар жұмысшылардың денесін, тері қабаттарын және киімдерінің ластануын бақылап отыратын арнайы пункттер тәулік бойы жұмыс істейді. Қазіргі таңда кеніште 300-ге тарта қызметкер бар. Олардың 70 пайызы – жергілікті тұрғындар. Мұнда жұмысшылар үшін барлық жағдай қарастырылған. 2015 жылы ашық спорт алаңы мен спортзалы бар 110 орынға лайықталған вахталық жатақхана пайдалануға берілді. Жұмыстан бөлек, қызметкерлердің бос уақыттарын тиімді өткізу мен олардың денсаулығына баса мән беріледі. Кәсіпорын базасында спорттық жарыстар жиі ұйымдастырылып тұрады. Жұмысшыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау ұжымдық келісім негізінде жүзеге асырылады. Сырқаттанған жағдайда әрбір жұмысшымен еркін медициналық сақтандыру келісімі жасалады. Кеніш қызметкерлерінің балалары үшін жыл сайын лагерьлерде демалу шаралары ұйымдастырылады. Кәсіпорында әлеуметтік мәселелер жөніндегі бірыңғай комиссия жұмыс істейді. Аталмыш комиссия тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында пайызсыз қарыздар беру, емделу, мамандардың біліктілігін арттыру секілді мәселелерді шешумен айналысады. Ақдала кеніші тек уран өндіруді ғана көздемейді. Халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге қатысты да көптеген іс-шараларға демеушілік жасайды. Кәсіпорынның көмегімен осыдан бірнеше жыл бұрын

Ыбырай ауылында ардагерлер клубы ашылды. Мұнда ауыл ардагерлері бос уақыттарында түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырады. Мұнан бөлек, Қыземшек кентіндегі Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебіне, зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тұрмысы төмен отбасыларға, жетім балаларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға қаржылай көмек көрсетіп тұрады. Кеніштің келешегі кемел. Себебі, ұжым кеніштің келешегіне сеніммен қарайды. Жыл сайын өнім өндіру көлемі артып келеді. Қазір сапалы өнім алу үшін өңдеудің жаңа технологиялары енгізіліп жатыр. Осының бәрі келешекке деген сенімге кепілдік екені даусыз [5,6].

Әдебиеттер

- 1) Қазақ энциклопедиясы 7 том.
- 2) 2005-2023 Меншік иесі: «Қазақ газеттері» ЖШС.
- 3) Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Егемен Қазақстан газеті көшесі, 5/13. БСН:060640001476.
- 4) Қазақстан Республикасы халқының жынысы және жергілікті жердің типіне қарай саны (2023 жылғы 1 қаңтарға).
- 5) Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны (2022 жыл басына).
- 6) «Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясы», 2013 ж.

УДК 58.08

ОПРЕДЕЛЕНИЕ АНТИОКСИДАНТНОЙ АКТИВНОСТИ ВОДНЫХ ЭКСТРАКТОВ КОЗЛОБОРОДНИКА ЛУГОВОГО (*TRAGOPOGON PRATENSIS L.*)

Акатьев Н.В. – к.х.н. старший преподаватель,
Суюнғалиева Д.Д. - магистрант 2 курса,
Көшербаева А.К. – студент 4 курса,

Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова, г.Уральск
nikolay.akatyev@wku.edu.kz, ssdanilya@gmail.com, aruzhan.kanatkyzy03@mail.ru

Козлобородник луговой (*Tragopogon pratensis L.*) является достаточно распространенным представителем семейства *Asteraceae*, особенно в условиях умеренного климата. Его можно встретить практически на всей территории Евразии, на севере африканского континента и в Северной Америке [1].

Род *Tragopogon* достаточно обширен и насчитывает, по разным данным, от 100 до 140 видов [2]. В Казахстане этот род представлен 21 видом и считается злостным сорняком, несмотря на то, что некоторые его представители занесены в региональные списки редких и исчезающих видов растений [3]. Чаще всего *T. pratensis L.* (Рис.1) можно встретить на лесных опушках и заливных лугах, на окраинах обрабатываемых угодий, на полях и в садах с легкими супесчаными и песчаными почвами, у автомобильных дорог и железнодорожных путей.



Рисунок-1. Козлобородник луговой (*Tragopogon pratensis L.*)

По внешнему виду растение напоминает гигантский одуванчик, имеет плотный и ветвистый стебель розовато-пурпурного оттенка, и достигает 50-120 см в высоту [4].

Многие виды козлобородника используются в традиционной медицине [5]. Их терапевтическая ценность неоднократно подтверждена многочисленными фармакологическими исследованиями. Ряд экспериментальных исследований были направлены на оценку общего содержания полифенолов и флавоноидов в экстрактах *T. pratensis L.* [6]. Имеющиеся же данные по изучению антиоксидантной активности *T. pratensis L.* немногочисленны. Такие исследования были проведены, в частности, в Румынии [7], Турции [8] и Иране [9].

Целью данной работы является комплексное изучение антиоксидантной активности *T. pratensis L.* произрастающего на территории Западно-Казахстанской области.

Материалы и методы

Сбор и подготовка растительного материала. Свежие растения были собраны в их естественной среде обитания летом 2023 года в фазе цветения в пригороде Уральска, в относительно чистой зоне вдали от дорог и промышленных предприятий. Растения тщательно промывали проточной водой, затем 2-3 раза бидистиллированной водой и выдерживали в проветриваемом затенённом помещении до полного высыхания. Затем части растения измельчали и просеивали через сито с диаметром отверстий 0,5 мм. Полученные образцы использовали для экстракции.

Приготовление экстракта. 10 г высушенного и измельченного растительного образца экстрагировали 3 раза по 100 мл в течение 4 ч бидистиллированной водой при 60°C. Экстракты объединяли, упаривали и сушили при 50°C до постоянной массы. Полученные образцы хранили в стеклянных флаконах при температуре 4°C и использовали для определения антиоксидантной активности. Выход экстракции выражали в мг/г.

Определение общей антиоксидантной способности (ТАС). Общую антиоксидантную способность экстрактов определяли фосфомолибдатным методом с использованием аскорбиновой кислоты в качестве стандарта [10] при 765 нм на спектрофотометре Jenway 6305. Результат выражали в ммоль аскорбиновой кислоты на г экстракта (ммольАК/г).

Определение общей восстановительной способности (TRP). Общую восстановительную активность определяли по образованию берлинской лазури [11] при 700 нм с использованием спектрофотометра Jenway 6305. Полученные значения выражали в ммоль аскорбиновой кислоты на г экстракта (ммольАК/г).

Активность по удалению DPPH (2,2-дифенил-1-пикрилгидразил) радикалов. Способность растительных экстрактов отдавать атомы водорода определяли с помощью обесцвечивания спиртового раствора DPPH [12]. Поглощение измеряли при 517 нм с помощью спектрофотометра Jenway 6305 относительно чистого растворителя.

Активность по поглощению пероксида водорода (HPSA). Способность экстрактов разрушать пероксид водорода определяли по методу с применением 1,10-фенантролина и сульфата аммония-железа(II)[13]. Поглощение измеряли при 510 нм с помощью спектрофотометра Jenway 6305. В качестве стандарта использовали аскорбиновую кислоту.

Активность по поглощению гидроксильного радикала (HRSA). Активность экстракта по удалению гидроксильных радикалов определяли по известной методике [14], основанной на реакции Фентона. Поглощение измеряли при 560 нм с помощью спектрофотометра Jenway 6305. В качестве стандарта использовали маннит.

Активность по поглощению NO-радикалов (NO' RSA). Радикалы NO' самопроизвольно образуются при физиологическом pH в водном растворе из нитропруссид натрия ($\text{Na}_2[\text{Fe}(\text{CN})_5\text{NO}]$) и взаимодействуют с кислородом с образованием нитрит-ионов (NO_2^-), которые определяли при 546 нм на спектрофотометре Jenway 6305 с использованием реагента Грисса[15]. Количество образующегося нитрита оценивали по стандартной калибровочной кривой нитрита натрия ($y = 0,211x - 0,045$, $R^2 = 0,9992$).

Результаты исследования и обсуждение

Результаты определения выхода экстракции, TAC и TRP показаны в таблице 1.



Таблица 1. Выход экстракции, общая антиоксидантная способность (TAC) и общая восстановительная способность (TRP) водных экстрактов различных частей *T. pratensis L.*

Часть растения	Выход экстракции, мг/г	TAC, (ммольАК/г)*	TRP, (ммольАК/г)
Листья	221.5 ± 26.8	0,42 ± 0,05	0,41 ± 0,02
Корни	163.7 ± 13.2	0,26 ± 0,21	0,20 ± 0,04
Стебли	128.3 ± 19.7	0,22 ± 0,12	0,17 ± 0,02

*1 г чистой аскорбиновой кислоты соответствует 5,67 ммоль.



Как видно из таблицы 1, выход экстракции варьировался в зависимости от части растения и увеличивается в ряду: стебли < корни < листья. Экстракты из листьев показали наибольшее значение общей антиоксидантной активности (0,42 ± 0,05 ммольАК/г), а экстракты стеблей – наименьшее (0,22 ± 0,12 ммоль АК/г). Общая восстанавливающая способность демонстрирует ту же тенденцию и имеет примерно те же значения.

Активность по удалению DPPH (2,2-дифенил-1-пикрилгидразил) радикалов. Дезактивация свободных радикалов играет важную роль в формировании общей системы антиоксидантной активности, в том числе и для живых клеток [16]. Результаты определения активности экстрактов по удалению радикалов DPPH оказаны на рис.2А.



А

Б



В

Г

Рисунок 2 - Активность водных экстрактов корней, стеблей и листьев *T. pratensis L.* в удалении DPPH (А), HPSA (Б), HRSA (В) и NO-радикалов (Г).

Как следует из полученной зависимости, активность экстрактов *T. pratensis L.* по удалению свободных DPPH-радикалов очень высока, особенно при концентрациях, превышающих 500 µg/ml, где почти соответствует чистой аскорбиновой кислоте. Способность экстрактов поглощать DPPH-радикалы варьировалась от 22,80% для экстракта корней при 0,1 мг/мл до самого высокого значения в 95,62% для экстракта листьев. В целом, активность по поглощению DPPH возрастает в ряду: стебли < корни < листья.

Активность по поглощению пероксида водорода (HPSA). HPSA водных экстрактов *T. pratensis L.* проиллюстрирована на рис. 2Б. Результаты указывают на значительную активность исследуемых экстрактов в удалении перекиси водорода. Как можно видеть, значения HPSA для всех экстрактов не превышают таковых для чистой аскорбиновой кислоты, принятой в качестве стандарта и демонстрируют чуть менее, чем 50% от активности последней. При концентрации 1000 µg/ml значения HPSA составляют 34,06, 40,05 и 44,46% для корней, листьев и стеблей соответственно. Независимо от концентрации, HPSA в исследуемых экстрактах возрастает в ряду: корни < листья < стебли.

Активность по поглощению гидроксильного радикала (HRSA). Гидроксильный радикал ($\bullet\text{OH}$) является наиболее опасной активной формой кислорода и одним из самых мощных окислителей, способных к неселективным реакциям с веществами практически любой химической природы [17]. Результаты определения HRSA для водных экстрактов частей *T. pratensis L.* в сравнении с маннитом в качестве стандарта представлены на рис. 2В. Способность экстрактов поглощать гидроксильные радикалы варьировалась от 4,88% для экстракта корней при 0,1 мг/мл до самого высокого уровня

в 25,85%, обнаруженного для экстракта листьев. HRSA для экстрактов увеличивается в ряду: корни < стебли < листья.

Активность по поглощению NO-радикалов (NO' RSA). Оксид азота участвует в многочисленных и чрезвычайно важных биологических процессах. Он функционирует как регулятор роста, дифференцировки и апоптоза клеток и обладает многими физиологически важными функциями, включая модуляцию кровяного давления и нейронный контроль дыхания [18]. Результаты оценки активности водных экстрактов *T. pratensis L.* на активность по удалению NO-радикалов показаны на рис. 2Г. Наилучшей способностью удалять NO-радикалы обладает водный экстракт стеблей (32,44% при 1000 мкг/мл).

Во всех рассмотренных случаях, антиоксидантная активность водных экстрактов всех частей *T. pratensis L.* имеет прямую концентрационную зависимость. С повышением концентрации антиоксидантная активность экстрактов возрастает.

Заключение

Результаты исследования показали, что *T. pratensis L.* обладает чрезвычайно важным и разнообразным спектром антиоксидантных свойств и, в ряде случаев, демонстрирует высокую антиоксидантную активность, сравнимую с чистой аскорбиновой кислотой. Способность экстрактов к нейтрализации пероксида водорода и дезактивации OH- и NO-радикалов также находится на достаточно высоком уровне. Таким образом, *T. pratensis L.* произрастающий на территории Западно-Казахстанской области, является одним из наиболее полезных растений с широким потенциалом для дальнейших исследований и поиска новых возможностей его использования в фитотерапевтических целях.

Литература

- 1) Бубенчикова В.Н., Сухомлинов Ю.А., Прохорова С.А. Изучение состава фенольных соединений некоторых растений рода козлобородник и рода лапчатка методом ВЭЖХ. *Сорбционные и хроматографические процессы*, 12(1) (2019).
- 2) Ботаника. Энциклопедия «Все растения мира»: Пер. с англ. = *Botanica* / ред. Д. Григорьев и др. — М.: Könemann, 2006 (русское издание). — 1020 с.
- 3) Бубенчикова В. Н., Прохорова С. А. Состав и капилляроукрепляющая активность водорастворимого полисахаридного комплекса козлобородника лугового (*Tragopogon pratensis*) // *Кубанский научный медицинский вестник*. 2010. №7.
- 4) Мазнев В.И. Энциклопедия лекарственных растений -.М.: Мартин. 2004. – 496 с.
- 5) Muna Ali Abdalla, Christian Zidorn, The genus *Tragopogon* (Asteraceae): A review of its traditional uses, phytochemistry, and pharmacological properties, *Journal of Ethnopharmacology*, Volume 250, 2020, 112466,
- 6) L. A. Pham-Huy, H. He, and C. Pham-Huy, “Free radicals, antioxidants in disease and health,” *International Journal of Biomedical Science*, vol. 4, no. 2, pp. 89–96, 2008.
- 7) Rotaru, L.T., Văruț, R.M., Amzoiu, E. Determination of the Antioxidant Capacity of *Tragopogon Pratensis* Species and Testing Their Pancreatic and Hepatic Regenerative Activity. *Pharm Chem J* 53, 964–970 (2020).
- 8) Özlem BAHADIR ACIKARA, Gulsin SALIAJN, Tülay ÇOBAN. EVALUATION OF ANTIOXIDANT PROPERTIES OF SOME *TRAGOPOGON* SPECIES GROWING IN TURKEY. *Turk J Pharm Sci* 10 (3), 377-384, 2013.
- 9) Mojarrab, M., Mohammadi, A. K., Hosseinzadeh, L., & Siavash-Haghighi, Z. M. (2014). Antioxidant activity and safety assessment of *Tragopogon buphthalmoides* hydroethanolic extract: Acute and sub chronic toxicities. *Research in pharmaceutical sciences*, 9(5), 359–366 (2014).

- 10) Aliyu AB, Ibrahim MA, Musa AM, Musa AO, Kiplimo JJ, Oyewale AO. Free radical scavenging and total antioxidant capacity of root extracts of *Anchomanes difformis* Engl. (Araceae). *Acta Pol Pharm.* 2013 Jan-Feb;70(1):115-21.
- 11) Comparative evaluation of Fe(III) reducing power-based antioxidant capacity assays in the presence of phenanthroline, batho-phenanthroline, tripyridyltriazine (FRAP), and ferricyanide reagents. / K.I. Berker and [et. al.] // *Talanta.* 2007. V. 72, № 3, P. 1157-1165.
- 12) Mensor L. L.; Menezes F. S., Leitao G. G., Reis A. S., Santos T. S., Coube C. S. Screening of Brazilian plant extracts for antioxidant activity by the use of DPPH free radical method // *Phytother. Res.* 2001. – 15. – P. 127–130.
- 13) Mukhopadhyay D, Dasgupta P, Sinha Roy D, Palchoudhuri S, Chatterjee I, Ali S, et al. A Sensitive In vitro Spectrophotometric Hydrogen Peroxide Scavenging Assay using 1,10-Phenanthroline. *Free Radicals Antioxidants.* 2016;6(1):124-132.
- 14) Yu W, Zhao Y, Shu B. The radical scavenging activities of radix puerariae iso flavonoids: a chemiluminescence study. *Food Chem* 2004; 86: 525-529
- 15) F. S. Predes, A. L. T. G. Ruiz, J. E. Carvalho, M. A. Foglio, H. Dolder. (2011) Antioxidative and in vitro antiproliferative activity of *Arctium lappa* root extracts. *BMC Complement. Altern. Med.*, vol. 11, pp. 1–5.
- 16) Fernandes IL, Pérez RG, Soares S, Mateus N, de Freitas V. Wine flavonoids in health and disease prevention. *Molecules.* 2017;22(2):292.
- 17) G. Samak, R. P. Shenoy, S. M. Manjunatha, K. S. Vinayak. (2009) Superoxide and hydroxyl radical scavenging actions of botanical extracts of *Wagatea spicata*. *Food Chem.*, vol. 115, pp. 631–634.
- 18) Lloyd-Jones, D. M., & Bloch, K. D. (1996) The vascular biology of nitric oxide and its role in atherogenesis. *Annual review of medicine.*, vol. 47, pp. 365–375.

ӘОЖ 581.5

ӨСІМДІКТЕРДІҢ ӨСП-ДАМУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНЕ СИНТЕТИКАЛЫҚ СТИМУЛЯТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Кажымуратова Ж.С. – аға оқытушы

Сенбаева Х.С., Таңатарова Қ.Т. – 4 курс студенті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

zhannat_007@mail.ru, khanshaiym_senbaeva@mail.ru, kuralai.tanatarova@mail.ru

Өсімдіктер – сыртқы түрі, пішіні және мөлшері бойынша ең алуан түрлі организмдер. Бұл бриофиттер сияқты кішкентай организмдер де, өлшемі 110 метр болатын алыштар да болуы мүмкін. Өсу стимуляторлары – өсімдік денесінде тасымалдануға қабілетті және әртүрлі ұлпаларға тән реакциялар туғызатын, бірақ зат алмасу жолдарының барлық түрлеріне тікелей қатыспайтын төмен молекулалы реттеуші эндогендік заттар. Барлық стимуляторлардың маңызды қасиеті - өте аз концентрацияларда әрекет ету қабілеті. Өсу стимуляторларының әрекеті даму барысын өзгерту болып табылады, ол жасушалар мен тіндердің белсенділігінің күрделі өзгеруімен көрінеді: өсу, созылу, пептидтер мен әртүрлі метаболиттер синтезі. Гормоналды жүйедегі тепе-теңдіктің шамалы өзгеруі өсімдік денесін ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріне елеулі әсер етеді. Өсімдіктердің кейбір бөліктерінде стимуляторлардың мөлшері айрықша көп болады: мысалы, ауксиндермен сабақтың жоғарғы меристемалары, гиббереллиндермен – жапырақтары, цитокининдермен –

тамыры мен дәні бай. Өсу стимуляторлары әртүрлі өсу процестеріне себеп болады, бұл процестерге өсімдіктердің белсенді өсуі, генерациялық дамуы, тропизмдер, регенерация және т.б. жатады [1]. Белгілі бір гормондардың функцияларының әртүрлілігіне қарамастан, оларды екі топқа біріктіруге болады: гормондар-стимуляторлар және гормондар-ингибиторлар. Ең маңызды стимуляторларға ауксиндер, гиббереллиндер және цитокининдер, ал ингибиторларға абсцизин қышқылы мен этилен жатады. Гормондар-активаторлар мен гормондар-ингибиторлардың арақатынасы өсімдіктердің жеке даму процесінде, сонымен қатар қоршаған орта факторларының өзгеруіне байланысты табиғи түрде өзгереді. Осыған байланысты өсімдіктердің қолайсыз факторларға төзімділігін арттыру үшін стимуляторлардың маңызы ерекше [2].

Абиотикалық және антропогендік факторлардың әсерінен өсімдіктердің экологиялық ластануларға төзімділігі төмендей түскендіктен ол мәселені шешудің бірден-бір жолы синтетикалық стимуляторларды өсімдіктердің реттеуші жүйесінде қолдану. Олар өсу және морфогенетикалық процестерге ғана емес, сонымен қатар қолайсыз факторлардың әсеріне байланысты бейімделу реакцияларында да шешуші рөл атқарады. Өсімдіктердің қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсеріне төзімділігін қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын және өсу стимуляторларының осы процеске қатысуын зерттеу осы мәселенің маңыздылығы болып табылады [3].

Өсімдіктің тіршілік циклы-оның бүкіл онтогенезі, ол тұқымдағы ұрықтың дамуынан бастап индивидтің және оның барлық вегетативтік ұрпағының табиғи тіршілігін жоюға дейінгі аралық [4].

Өсімдіктердің жалпы тіршілік дәуірі өсу және даму деген ұғымдармен сипатталады. Өсу процесі – өсімдік органдарының ұзарып, енденіп, жуандап, көлемінің, салмағының ұлғаюымен, және жеке мүшелерінің (жапырақ, бұтақ, өркен, тамыр, т.б.) жаңадан қалыптасып, сандарының көбеюімен бейнеленеді. Өсімдіктің дамуы деген ұғым сапалы физиологиялық және морфологиялық, биохимиялық өзгерістерді бейнелейді. Бұндай өзгерістер организмде жаңа құрылымдардың пайда болуына байланысты өсімдіктің тіршілік өмірінің – онтогенезінің белгілі сатыларын – жастық шағын, жыныстық жетілуін, көбею, қартаю және тіршілігінің тоқтау кезеңдерін сипаттайды [5].

Зерттеу жұмысы барысында өсімдік тұқымдары қойылған бөлме температурасы мен ылғалдылығы өлшеніп отырылды (кесте 1).

Кесте 1. Зерттеу кезеңі аралығындағы бөлме температурасы мен ылғалдылығының өзгерісі

Күні	07. 02	08. 02	09. 02	10. 02	11. 02	12. 02	13. 02	14. 02	15. 02	16. 02	17. 02	18. 02	20. 02
Температура, t°С	21° С	22° С	23° С	21° С	20° С	19° С	21° С	23° С	22° С	21° С	23° С	23° С	22° С
Ылғалдылық, %	65	65	70	65	60	55	65	70	65	65	70	70	65

2023 жылы әдебиет көздерінен өсу стимуляторлары туралы мәліметтер қарастырылып, олардың ішінен ең тиімділері таңдалып алынды. Тәжірибеге үш түрлі өсімдік тұқымдары алынды. Олар: *Pisum ambrosia* L., *Helianthus annuus* L., *Hordeum vulgare* L. Өсімдіктердің әртүрлі өсу кезеңдеріне синтетикалық стимуляторлардың

әсерін анықтауға 4 синтетикалық стимулятор (сурет 1) және бақылауға су алынды, олар: гетероауксин, эпин-экстра, циркон, янтарь қышқылы.




Сурет 1. Тәжірибеге алынған синтетикалық стимуляторлар

Тәжірибе нәтижесінде өсімдік тұқымдарына санақ жүргізіліп, өнімділік көрсеткіші анықталды (2 кесте).


Кесте 2. Синтетикалық стимуляторлардың өсімдік тұқымдарының өңгіштігіне әсері

Синтетикалық стимуляторлар	Бұршақ		Күнбағыс		Арпа	
	Дана	Өнімділік көрсеткіші, %	Дана	Өнімділік көрсеткіші, %	Дана	Өнімділік көрсеткіші, %
Гетероауксин	143	95,3	73	49	76	51
Эпин-экстра	138	92	98	65,3	124	83
Циркон	72	48	65	43	53	35
Янтарь қышқылы	136	90,7	115	77	116	77
Су	135	90	90	60	110	73



Кестені қорытындылай келе, 3 реттік бақылау жұмысының 5 күндегі көрсеткіштері берілген. Синтетикалық стимуляторлардың соңғы бақылау бойынша бақылауға алынған сумен салыстырғанда ең жоғары әсер еткен гетероауксин бұршақта 143 дана шығып, 95,3% өнімділік көрсетті; күнбағысқа жақсы әсер еткен янтарь қышқылында 115 дана шығып, 77% өнімділік көрсетті; ал арпаға ең жақсы әсер еткен эпин-экстрада 124 дана шығып, 83% өнімділік көрсетті. Ең төмен нәтиже көрсеткен цирконда бұршақ 72 дана, 48%; күнбағыс 65 дана, 43%; арпа 53 дана, 35% өнімділік көрсетті.

Өсімдіктердің сандық сипаттамалары анықталғаннан кейін, 50 данасы топыраққа отырғызылды. Өсімдік тұқымдары 10 күн бойы бақыланып, синтетикалық стимуляторлармен суарылды.



Диаграммада көрсетілген мәлімет бойынша өскіндерге синтетикалық стимуляторлардың әсері 9 күн бойы бақыланып суарылды, соңғы күн нәтижесі бойынша өсіп шығу көрсеткіштері алынды.

Өсімдіктерді өсіру барысында аз уақыт аралығында, сонымен қатар мол өнім алуда синтетикалық стимуляторларды қолдануға болады. Соған сәйкес бұршақ, күнбағыс және арпа өсімдіктерін өсіруде эпин-экстра, гетероауксин, циркон, янтарь қышқылы стимуляторлары қолданылып тәжірибе қойылды және бақылауға су алынды.

Өсімдіктердің өсуі мен дамуына әртүрлі синтетикалық стимуляторларды қолдана отырып, олардың барлығының қолайлы әсер етпейтіндігі анықталды. Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша, қолданылған 4 стимулятордың: эпин-экстра, янтарь қышқылы, гетероауксин ең жақсы көрсеткіш көрсетті, оларды қолданудың тиімді нәтиже беретіндігі анықталды. Ал, циркон синтетикалық стимуляторы тәжірибеге алынған өсімдіктердің тұқымдары мен өскіндерінің барлық көрсеткіштеріне оң әсер бермегендіктен, оның бақылаудағы көрсеткіштермен салыстырған кезде оның ингибитор ретінде әсер еткендігі анықталды.

Әдебиеттер

- 1) Мұхитдинов Н.М. Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы / Н.М.Мұхитдинов, Ә.Б.Бегенов, С.С. Айдосова –Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 272 б.
- 2) Қалекенұлы Ж. Өсімдіктер физиологиясы / Ж. Қалекенұлы, Ә.Е. Ережепов. – Алматы, 2004. – 297 б.
- 3) Жатқанбаев Ж. Физиология растений: Учеб. Пособие. Алма-Ата: Мектеп, 1988. - 179 с.
- 4) Тиманн К.В. Физиология и биохимия покоя и прорастания семян / Тиманн К.В., Джен Р.К., Амен Р.Д. / М., 1982.- 496 с.
- 5) Өметов Ә.Ә. Ботаника - Алматы: Дәуір, 2005. - 369 б.

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

*Қайдаров А. - География-Тарих БББ 3курс студенті,
Абдушева Г.Ж. аға оқытушы
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал
alihankajdarov0@gmail.com, abdusheva72@bk.ru*

Жайық өзені Орал тауы оңтүстік сілемдері теңіз деңгейінен 640 м биіктігінен бастау алады. Ол Ресей Федерациясы аймағын, Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарынан өтеді. Өзеннің жалпы ұзындығы 2534 км, соның ішінде Қазақстан Республикасы ішінде - 1084 км., 500 км БҚО және Атырау облысы территориясымен өтеді. Ресей жеріндегі Орск қаласына дейінгі бөлігінде Жайыққа оң жағынан Таналық, сол жағынан Ор салалары құяды. Орск қаласынан төменде өзен батысқа бұрылып, Губерли шатқалымен (ұзындығы 45 км) өтеді. Арнасында БҚО-ның жерінде бірнеше салалары қосылады, оның оң жақ салаларына Ембулатовка, Быковка, Рубежка, Шаған, Деркөл, ал сол жақ салаларына Елек, Утва, Барбастау, Ащы өзендері құяды. Орал қаласынан төменгі бөлігінде Жайықтың аңғары тағы да кеңейіп, жайылмасы тармақталады.

Арна сипаты бойынша Жайық өзенін 3-ке (ағыстар) бөледі: жоғарғы, орта және төменгі. Бастауында өзен оңтүстікке Орск қаласына дейін ағады, бұл жоғары ағыс болып саналады. Содан соң кенет батысқа бұрылып, ендік бағытта 850 км Орал қаласына дейін орта ағыс, кейін қайтадан оңтүстікке бұрылады, осы бағытты Каспий теңізіне дейін төменгі ағысты құрайды. Каспий теңізі құяр жері – теңіз деңгейінен -27 м төмен жатыр. Орск қаласынан басталардағы, жоғарғы ағыс шегінде, өзен солтүстіктен оңтүстікке меридионалдық бағытта Оралдың шығыс баурайы бойы еңсіз алқапта, ізбестерден салынған құздар арасынан ағады. Ең терең жерлері - 3 м. Өзеннің бұл жері таулы сипатта болады. Орск қаласынан 70 км жерде Ириклин су торабы салынған. Бұл бөген Жайық өзенінің деңгейін 30 метрден астамға көтереді. Көктемгі тасқын кезінде толып, Ириклин бөгені жыл бойы біртіндеп өз көлемінің, шамамен жартысын өзенге береді. Орал қаласынан өткеннен кейін өзенге Көшім бөгені салынып, Жайық-Көшім суғару-суландыру жүйесі тартылған. Жайық көбіне қар суымен (80%) толығады. Су тасу кезінде орта ағысы тұсында арнасы 10 км-ге, ал атырауында бірнеше ондаған км-ге дейін жайылады. [1]

Жалпы территориясының дала, шөлейт, шөл зонасында орналасуы адам өміріне онша қолайсыздық жасамайды. Жайық өзені және оның су жинау алабы облыс табиғатына өзіндік әсерін тигізеді.

1-карта-схема



Жайық өзені көктем кезінде тасыған кезде бірнеше шақырымға жетеді. Өзеннің тасуы сәуір айының екінші жартысынан басталады да, мамыр айының орта кезінде су ең жоғарғы деңгейге жетеді.

Көктемгі су тасу кезінде су қоймасы сумен толығып, жыл бойы шамамен судың жартысына жуық көлемін өзенге беріп отырады. Орта ағысында Орск қаласынан Оралға дейін өзен кең жазықпен ағып, жазық өзеніне тән сипат алады. Бұл бөлікте өзен деңгейінің орташа төмендеуі 1 км-ге 10-20 см, яғни өзен ағысы баяулайды. Өзеннің орташа көпжылдық шығыны Орск қаласында 33 м³/сек. (Ауытқу 7,0 – 88 м³/сек). Оренбург қаласы аймағында Жайық өзеніне оның ең үлкен оң жақ саласы Сакмара келіп құйылады. Сакмара ұзындығы 761м, ауданы 29,1 мың км². Сакмара алабында ормандар көп. Орынбор облысының аумағында Сакмараға 290 өзен келіп құйылады. Сакмара сулылығы жөнінен Жайықтан 1,5 – 2,0 есе асып түседі, Жайықтан айырмашылығы ағысы бірқалыпты және мерзімі ұзақ. Жайық өзенінің су шығыны Сакмара келіп қосылғаннан кейін 110 м³/сек дейін өседі.[2]

Өзеннің су жинауы және режимі: Жайық өзені қар суымен толысады. Өзен қыста ұзақ уақыт бойы қатып, көктемде қар еріген мезгілде тасиды. Өзен жоғарғы ағысында – қарашаның басында, орта, төменгі бөлігінде қарашаның аяғында қатып, мұзының еруі төменгі бөлігінде наурыздың аяғында басталып, жоғарғы бөлігінде сәуірдің ортасына дейін созылады, 120-130 күндей мұз құрсаанады. Өзеннің тасуы наурыздың соңы мен сәуірдің орта шамасында басталады да, сәуір айының соңында, мамыр айының орта шенінде өзінің жоғарғы деңгейіне жетеді. Мұздың еруі төменгі ағысында наурызда басталады, жоғарғы бөлігінде сәуірдің ортасына дейін созылады. Мұз қалыңдығы орташа 30-50 см шамасында болады.[3]

Жайық өзенінің балық шаруашылығында зор маңызы бар, балығының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Ол бекіре және шоқыр балықтарының негізгі мекені болып келеді. Аймақтағы табиғи факторлар жиынтығы жылдың мезгіліне байланысты, сәуірден шілде айлары аралығында, балық өсіруді жоғары деңгейде дамытуға қолайлы жағдайлар туғызады.

Қазіргі кезде Жайық өзені - Каспий алабындағы бекіре балықтың табиғи кең уылдырық қоры сақталған бір ғана өзен. Жайық өзенінде балықтардың 38-ден астам түрі бар: бекіре тәрізділер, майшабақтар, шортантәрізділер, тұқытәрізділер және шоқыр, көксерке, Каспий қаракөзі, табан балық, сазан, жайын ауланады. [4]

«Жайық өзенінің Каспий теңізінің жағалауына жалғасқан атырауы» ерекше қорғауға алынған аймағында түрлі 29 экологиялық жүйеде қазіргі кезде өсімдіктер мен жануарлардың 3000 астам түрлері өмір сүреді. Соның ішінде:

- Өсімдіктердің 560 гидрофилдік және гидроморфтық түрлері;
- 2000 жуық жер беті және су омыртқасыздары;
- балықтың 76 түрі;
- қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 14 түрі;
- құстардың 292 түрі;
- сүт қоректілердің 78 түрі бар.

Тізілгендердің ішінде өсімдіктер мен жануарлардың 36 түрі сирек, ерекше қорғалатын және эндемикалық санатына жатады.

Айрықша биологиялық әртүрлілікті, қызыл кітаптық және сирек түрлерді сақтап және қайта қалыпқа келтіру мақсатында Батыс Қазақстан облысы аумағының Жайық өзені аңғарында Кирсанов және Бударин қорықшалары құрылған.

Жайық өзенінің экологиялық проблемалары, басқа да өзендер сияқты, кешенді табиғи, антропогендік және техногендік үрдістермен байланысты, механикалық үрдістер түріндегі әсерінен болатын арнаның бұзылуы, арнаның лайлануы, өзеннің тайыздалуы мен оның гидрологиялық режимінің нашарлауына соқтыратын қайраңдардың пайда болуы болып табылады.

1-кесте Жайықтың лайлану көрсеткіші

Лайлану г/м ³	Айлар							
	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI
Бетінде	223	198	78	142	141	129	400	261
Түбінде	231	240	143	160	184	134	305	561

Қазақстандық аймақта өзен арнасының лайлануына теріс әсер ететін факторларға ағысты баяулатын даланың жазықтылығы және арнаның көп ирелеңдігіне әсер ететін жер бедерінің сәл жоқтылығы жатады. Өзен арнасының лайлануына оның салалары мен бастау көздерінің тазаланбауы әсер етеді. Бұдан басқа, Жайық өзенінің табиғи экожүйесінің тозуына оның су, өсімдіктер, жануарлар мен балық ресурстарын пайдаланатын шаруашылық қызметтері де өзіндік әсерін тигізеді. Елді мекен жерлердегі жағалай өзеннің жағалаулары мен су алатын алаңдарда, тасқын кезінде өзенге шайылатын қалдықтар төгіледі. Жайық бойында орналасқан үлкен қалалардың арналы тазалық құралғылары ескірген, қайта жаңғыртуды қажет етеді және арналық ағындарды қажетті дәрежеде тазартуды қамтамасыз етпейді.

Жайық өзенінің беткі суларының ластануының маңызды факторы өндірістік кәсіпорындарының қызметі, суалатын алаңдар аумағындағы ескіден бергі ластар, қалалық және кенттік шайынды сулар болып табылады.

Жайық өзені мен аңғарлардың суының азаюына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің бұзылуына рұқсатсыз ағаштар кесу және далалық өрттер әсер етіп жатыр.

Жайық өзені алабы ежелгі өркениет орталығы және қазіргі уақытта Қазақстан мен Ресей Федерациясының әлеуметтік экономикасында аса маңызды орын алады. Жайық өзенінің ландшафтты-экологиялық жағдайын және су кешенін қалыпқа келтіру мен сақтау басты міндет.

Жайық өзенінің атырабы мен Каспий маңы жағалауы ұялау, жұмыртқа басу, маусымдық көшу және қыстау кезеңінде миллиондаған суда жүзетін және су маңы құстар үшін қолдауды қамтамасыз ететін Еуразия құрлығындағы барынша маңызды жерлер болып табылады. Десек те, Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауындағы қарқынды барлау жұмыстары мен көмірсутегі шикізатын өндіру теңіз деңгейінің табиғи ортасын ластанудан инженерлік қорғау жолдарын іздеуге мәжбүрлейді.[4]



Ең үлкен төтенше маңызды мәселелердің бірі су қорын ластанудан сақтау болып табылады. Қазіргі уақытта Жайық өзеніне және басқа да су қосылып жатады. Жайық өзенінің жайылмасы шаруашылық қызметінің әсерінен, әсіресе соңғы онжылдықта біраз зардап шегіп келеді. Солардың бірі-Челябі, Орынбор, Ақтөбе ірі өндіріс орындарының өзенге құйылатын қалдықтары: ауыр элементтер, тұз, бор, фенол, сульфат, мұнай өнімдері т.б. Экологиялық жағдайдың одан әрі күрделеніп, шиеленісуіне тағы бір себеп жөнді-жөнсіз ағаштарды кесу, орманды ластау, өрт, жайылымға мал жаю, орман алаңдарының азайып, ағаштардың әлсіреуіне, орманның жаппай жойылуына соқтырады.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Жайық өзеніндегі су ағынының көлемі біртіндеп азайып келеді. Оның бірнеше себебі бар: жерді жыртуға және орманды кесуге байланысты өзеннің гидрографиялық желісінің нашарлауына әсер ететін климаттық факторлар және жергілікті жер тұрғындарын сумен қамтамасыз ету, өзен суының ластануы. Экологтар өзен суының ластануы бесінші деңгейге жеткенін тіркеді.

Ақтөбе жеріндегі Елек өзені Жайық өзенін ластануына әкеліп соқтырады. Елек өзенінің Жайыққа құяр жері және Елек өзенінің өзінде ластану жоғары.

Ақтөбедегі «Казхром» комбинаты алты валентті хромды таратушы. Хром ұзақ жылдар бойы топыраққа жинақталып, сумен шайылып кетеді. Көктемдегі су тасу мерзімінде айналасындағы көп жерлерді су басып кететіндіктен судың ластануы жоғарылайды. [3]

2-карта-схема Жайық (Орал) өзенінің суында және оның Ресей Федерациясының аумағындағы ағындарында тән ластаушы заттардың таралуы



Жайық өзеніндегі су жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдау үшін Ресей тарапымен Жайық өзенінің гидрологиялық режиміне бірлескен зерттеулер жүргізу туралы келісімге қол қойылды. Осы мақсатта 2020 жылдың қазанында Жайық, Ертіс секілді ірі өзендерде зерттеулер жүргізу бойынша іс-шараның кестесі бекітілді.

Жайық өзенінде су режимін реттейтін гидротехникалық құрылыстардың жоқтығы басты кемшілік болып отыр. Сондықтан ылғалдылық көп болған жылдары елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басу бойынша төтенше жағдайлар туындайды. [2]

Ресей географы, академик Александр Чибилев Жайық мәселесін көп жылдан бері зерттеп жүр. Оның сөзінше, өзеннің жағдайын жақсарту үшін бірқатар нақты шаралар қолға алынуы керек:

- біріншіден, су тұтынуды су бетіндегі ресурстарға қарай бейімдеу;
- екіншіден, жаңа бөгеттер салу мен жаңадан су жинауды тоқтату;

-үшіншіден, өзен алабына су жайылуын қамтамасыз ету және ағын деңгейін көтеру мақсатында қазір жұмыс істеп тұрған су қоймаларын пайдалану ережелерін қайта қарау;

-төртіншіден, шағын өзендердегі жүздеген бөгеттің маңызын қайта сарапқа салып, өзеннің төменгі жағында су үнемдейтін заманауи технологиялардың көмегімен суару мақсатына жұмсалатын суды азайту керек.

Академик А.Чибилев айтуынша Жайық алабында мұнайдың өндірілуі су және әуе кеңістігін ластанып отырған негізгі фактор деп есептейді. "Ресей мен Қазақстан көмірсутек өндірудің ескірген технологиясымен жұмыс істейді. Сондықтан экологиялық апат қаупі жоғары" болады.

2-кесте Жайық өзеніндегі басты иондардың концентрацияларының өзгеру диапазондары (мг/л)

Иондар	Қысқы уақыт	Судың тасу кезі	Судың тасуы тоқталған кез	Жаз кезі	Күз кезі
Хлоридтер	100-366	75-191	28-90	64-270	270-320
Сульфаттар	100-175	70-123	43-85	9-140	135-155
Гидрокарбонаттар	146-295	155-265	110-171	146-290	205-235
Кальций	60-172	50-100	30-58	35-75	65-90
Магний	8-60	7-40	9-25	9-35	20-25
Натрий+Калий	61-235	7-135	84-160	45-658	145-175

Судың сапасы, ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Судың құрамындағы химиялық қоспалар, тұздық құрамы, еріген бөлшектер, температура әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан су азайған кезеңде облыстың халық шаруашылығы қиын жағдайға ұшырамау үшін оның тұрақты керекті қорын есепке алып отырған жөн.

Облыста негізгі су қорының бірі-Жайық өзені. Бірақ Жайық өзенінің қазіргі суының тапшылығы мен ластануы жергілікті халықты, тіпті бүкіл елді алаңдатууда. Сонымен бірге Жайық өзені суының кемуі жер асты суы деңгейінің төмен түсуіне, сөйтіп гидрографиялық жүйенің жойылуына, өзен жайылмасының құрғауына және жағалаудағы ағаш пен бұталардың азаюына әкеліп соқтырады.

Қорытынды

Жайық өзені алабы ежелгі өркениет орталығы және қазіргі уақытта Қазақстан мен Ресей Федерациясының әлеуметтік экономикасында аса маңызды орын алады. Жайық өзені жылдан жылға тартылып барады, соған байланысты өзендегі балық қоры да азайып келеді.

Жайық өзенінде 19 су қоймасы бар: Ириклин су қоймасы, Сақмара, Ілекте де су қоймалары бар, жаңа нысандар тағы да салынып жатыр. Өйткені қазір Жайыққа тек Сақмара ғана құяды. Суы аз жылдары Жайық өзенінің орта және төменгі ағысындағы су шаруашылығы жағдайын жақсарту мақсатында жазғы және күзгі кезеңдерде Ириклин су қоймасынан қосымша су жіберу мәселелері шешу жолдарын анықтау қажет. Сондай-ақ Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу мәселесі қарастырылып жатыр.

Жайық мәселесін шешу үшін, өзенді зерттеу жөнінде көлемді жұмыс жүргізу керек. Өзен суын қалпына келтіру үшін Жайықтағы су қоймасының құрылысын мүлде доғарып, болмаса уақытша тоқтату керек.

Судың жетіспеушілігі облыс көлеміндегі мәселе. Сондықтан Жайық өзенінен тұтынылатын су көлемін азайту үшін Орал қаласында Орал және Серебряков кен орындарының жерасты су көздерінен суды пайдалану ұлғайтылды. Бұл кен орындарының жиынтық қорлары (тәулігіне 115,5 мың м³) Орал қаласындағы қазіргі қажеттілікті қамтамасыз етуге жеткілікті. Бұдан басқа, бұрын жүргізілген геологиялық

барлау жұмыстары барысында Тоқпай, Январцев және Көшім жерасты су кен орындары зерттелді. Осы су кен орындарын пайдалану үшін жерасты суларының қорларына қайта бағалау жүргізіліп жатыр.

Әдебиеттер

- 1) А.Галимов, В.И.Амельченко, М.А.Галимов «Батыс Қазақстан облысының географиясы», Орал 2002
- 2) Казгидромет. «Мемлекеттік су ресурстары кадастары». Қазақстанның су ресурстары. Алматы. 2002 жыл.
- 3) Баймұқанов М. Т., Альпеисов Ш. – Жайық өзенінің ерекше қорғауға алынған аймағына қысқаша биологиялық сипаттама. Алматы. 2004 жыл. Балық шаруашылығының ғылыми - өндірістік орталығы.
- 4) Абдыхалықов М; Нұрымгереев К. Ш; Махашова Д. М. – Каспий теңізі жағалауы маңындағы Жайық өзені атырабының жобалық аумағы. Астана. 2006 жыл.
- 5) Чибилев А. А. – Река Урал. Ленинград: Гидрометеоиздат. 1987 жыл.

ӘОЖ 351.755(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЕЛДІ – МЕКЕНДЕРІНІҢ ҚОНЫСТАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айманова Е.Е.-педагогика ғылымдарының магистрі
Кайржанова А. –3 курс студенті, Қуанышқызы А. – 3 курс студенті
М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.
Ersin.aymanova@mail.ru , kairzhanova.04@mail.ru, akbotakuanvshkyzy8@mail.ru

Кіріспе. Қоныстанудың "үлгісі" көптеген факторлардың әсерінен дамиды. Онда, шаруашылық талаптарымен қатар, табиғи ортаның нақты жағдайларында аумақты пайдалану ерекшеліктері және бұл аймақтың қоныстану тарихы өте айқын көрінеді.

Батыс Қазақстан облысында (БҚО) ауылдық қоныстану тарихы күрделі әрі қызықты. Көшпенділік, егіншілікке және отырықшы мал шаруашылығына көшу, жаңа нысандар жер меншігінің жаңа формалары және сауда, ұжымдастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, қазіргі уақытта "деколективизация" ауылдық елді мекендерді орналастыруға және дамытуға тікелей әсер етеді.

Бұл аймақтың батысы мен шығысындағы құмды массивтердің бірегей табиғи кешендері мен оазистері ежелгі заманнан бері көшпенділерді мал азығының көптігімен және тұщы судың болуымен қызықтырып келеді. Мұның дәлелі облыс аумағында шашыраңқы көптеген қорғандар түріндегі археологиялық орындар, ежелгі адамдардың тұрақтары, ортағасырлық қалалар мен мазарлар.

Зерттеу жұмысының әдістемелік материалдары. Зерттеу объектісі – Батыс Қазақстан облысының елді – мекендерінің қоныстануы. Статистикалық мәліметтерге сүйене келе Батыс Қазақстан облысының елді – мекендерінің қоныстану жағдайы мен халық санының өсу көрсеткіштері талданды. Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы – географиялық әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі А. Рябинин, Д.М Чернышев, С.А Ковалев, С.К. Рамазановтың, Т.А. Терещенконың еңбектеріне сүйенді.

Зерттеу нәтижесі. Облыс аумағындағы археологиялық орталық қызметкерлерінің деректері бойынша 1433 археологиялық орын тіркелген. Барлық ескерткіштердің көп бөлігі өзен бассейндерінде, көл жағалауларында және құмды массивтерге жақын

орналасқан, яғни жайылымға ыңғайлы, балық пен аңға бай аумақтарда. Барлық белгілі ескерткіштердің жартысынан көбі дала аймағында орналасқан [1].

Өздеріңіз білетіндей, ұзақ уақыт бойы жергілікті халықтың негізгі кәсібі, көшпелі мал шаруашылығы болды. Үздіксіз көшіп – қонудан, жылжымалы мал шаруашылығына көшу тұрақты, қысқы тұрақтары бар көшпелі шаруашылықтың тұйық циклін анықтады. Бұл кезеңде қазақтардың қоныстануында рулық көрініс байқалады және елді мекеннің құрылымы мен негізгі нысаны 5-тен 20-ға дейін тұратын отбасы, ауыл болып табылады.

Облыстың шекаралық жағдайы оның бір бөлігінде өмір салты, тұрмысы, мәдениеті және нысаны бойынша бөлінген екі бөліктің: солтүстік бөлігін алып жатқан және Жайықтың оң жағалауында тар жолақпен созылған Орал казак әскері, (бөлінбейтін қоғамдық меншік құқығындағы әскерлер 1869 жылы құрылған Орал облысының 29626234 ондық жерінің 6465402 ондығынатиесілі болды.) және Оралдың сол жағалауында қазақтар қоныстанған жерлер сондай – ақ Еділ мен Орал өзендері [2].

Қазақ халқының басым бөлігінің отырықшы өмірге көшуі қоныстанудың жаңа нысандарының қалыптасуына себеп болды. Бұл тұңғыш рет ауылдық елді мекендердің кумуляциялық және сызықтық қалындауы құрыла бастаған, Бөкей Ордасында айқын көрінді. Жалпы бұл аумақ дисперсті қоныстанумен сипатталды. Көшпелі шаруашылық ол жылдың көп бөлігінде киіз үйлерде тұруды көздеді. Тек суық ауа райының басталуымен қазақ отбасылары оларды көтеріп, қыстауға оралды. Қыстау төмен, тегіс шатырмен жабылған үй болды. "Жер үйтұрақты емес трапезоидтың жалпы формасына ие. Бөлме біреу, қазандық жағылатын пеш арқылы екі жартыға бөлінген. Төбесін қамыс пен көң төселіп, сазбен жабылған шатыр құрайды". Қыстаулар бархан шұңғымаларында, қамыстың арасында немесе бірнеше ағаштар сақталған және салыстырмалы түрде шырынды шөптер бар ашық далаларда салынды. Әдетте қыстаулар 5 – 6 ауладан тұрды. Әр үйде екі және одан да көп отбасы қыстады.

Қыстаудың едәуір бөлігі хан ордасы мен ЖаңаҚазан айналасында орналасқан, осылайша көшпелі халықты отырықшы ауылдық елді – мекендерге айналдыра бастайды. Өзендердің аңғарларында, арқалықтарда орыс және украин шаруа қожалықтарының "үйір" қоныстануын ажыратуға болады.

Қоныстанудың сызықтық формасы хан ордасынан Жаңа қазанға дейін ("жол" деп аталатын қоныстану) және Орал казак әскерімен шекара бойында дамыды.

1885 жылы Бөкей Ордасының халқы 233 938 адамды құрады. Халықтың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысты, бірақ ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі де өсті. Жол бойында тұратын халық өтіп бара жатқан жылқыларды жеткізе отырып, қызмет көрсету функцияларын атқарды. Хан ордасының өзінде – Ішкі Орданың әкімшілік орталығында – халық негізінен сауда, қолөнермен айналысқан.

Орал казак армиясының әскери аумағында сызықтық қоныстану формасы басым болды. Бұл казактардың әскери функцияларына байланысты болды.

XVIII ғасырдың ортасында Нижнийяцк бекініс сызығы қалыптасты, оған 14 бекініс кірді. Бұрынғы елді мекендер мен жаңадан пайда болған елді мекендер, әскери бекіністер ретінде қайта құрылды. Бекіністер арасындағы қашықтықтың жартысында қарауылдар ұйымдастырылған, ал қарауылдар мен бекіністер арасындағы қашықтықтың жартысында "үштен бірі". "Қарауылдар" – деп 6 адамға арналған әскери күзет пункттері бар, көшпенділерді бақылайтын және қауіп төнген кезде өртейтін, пішенге оралған сигнал бағанасы бар мұнара аталды [2]. Нижнийяцк қорғаныс желісін салу кезінде Сахарновское бекінісіне және Калмыковское елді мекендері, ал шекаралық кенттер: Харкинск, Красноярск, Котельное, Антоновск, Каленовск, Сахарновск, Мергеневск,

Кожехаровск, Бударинск, Шаған және т.б

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында казактар Жайық өзенінің бойына қоныстана бастайды, атап айтқанда Шаған, Талова, Чижам өзендері арқылы солтүстік және солтүстік – шығысында егіншіліктің, батыс және оңтүстік – батысқа қарай мал шаруашылығының дамыған аймақтарына қарай орналасты. Осы уақытта, казактар «қоғамдық заставалар»(жалпы сыртта) деп аталатын бірқатар топ құрды. Мұндай қоныстану, ең алдымен, әскери аумақты қырғыздардың шабуылынан қорғау байланысты болды.

Осылайша, Батыс Қазақстан аумағындағы орта және кеш плейстоцендік шөгінділерді, ең алдымен оның солтүстік бөлігін зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталды, ал понто-Каспий аймағының стратиграфиясымен байланысты жүйелі зерттеулер ресейлік зерттеуші Андрусовтың есімімен байланысты ғылымның дамуының кеңестік кезеңінде ғылыми сипатқа ие болды және заманауи зерттеулердің әдіснамалық және эмпирикалық негіздерін жасады [15].

Әдебиеттер

- 1) Почекаев Р.Ю. Память об экспедиции А. Бековича-Черкасского в русско-хивинских отношениях XVIII – XIX вв. // Новое прошлое. – 2016. – № 1. – С. 134.
- 2) Федоров П. В. Стратиграфия четвертичных отложений и история развития Каспийского моря. М.: Изд-во АН СССР, 1957. Вып. 10. – 298 с.
- 3) Алексеева Э.В. Млекопитающие плейстоцена юго-востока Западной Сибири (хищные, хоботные, копытные). – М.: Наука, 1980. – 188 с.
- 4) Андрусов Н.И. Очерки истории развития Каспийского моря и его обитателей // Изв. Рус. географ. об-ва. – 1889. – Т. 4. – Вып. 1 – 2. С. 93-115.
- 5) Православлев П.А. Каспийские осадки по р. Уралу // Изв. Донск. политехнич. ин-та. – 1913. – Т. 2. – Отд. 2. – С. 20 – 45.
- 6) Голубятников Д. В. Детальная карта Апшеронского полуострова. Биби-Эйлат // Тр. Геол. ком-та. Нов. сер. – 1914. – Вып. 106. – С. 3 – 79.
- 7) Якупова Д.Б., Берлигужин М.Т., Ахмеденов К.М. История изучения ископаемых позвоночных кайнозойской и мезозойской эры Западного Казахстана / В сб.: Материалы Международной научно-практической конференции «Биоразнообразии животного мира Казахстана в прошлые геологические эпохи и современности. – Алматы, 2021. – С. 138.
- 8) Жуков М.М. Плиоценовая и четвертичная история севера Прикаспийской впадины // Проблемы Западного Казахстана. – М.: Изд-во АН СССР, 1945. – Т. 2. – 240 с.
- 9) Броцкий Ю.З., Карандеева М.В. Развитие Западного Прикаспия в четвертичное время // Вестник Моск. ун-та. – 1953. - № 2. – С. 139 – 146.
- 10) Шкатова В. К. Значение нижнеуральского опорного разреза для стратиграфии и палеогеографии плейстоцена Западного Казахстана // Бюллетень комиссии по изучению четвертичного периода. 1976. № 45. С. 73-82.
- 11) Берлигужин М.Т. Находки ископаемых останков степного бизона (*Bison priscus*) на территории Западного Казахстана // Известия УГГУ. – 2022. – Вып 2 (66). – С. 50 – 58.

12) Головачёв М.В. К вопросу о самостоятельности сингильского фаунистического комплекса (средний неоплейстоцен). Палеонтология и стратиграфические границы. Материалы LVIII сессии Палеонтологического общества при РАН (2-6 апреля 2012 г., Санкт-Петербург). – Санкт-Петербург, 2012, 169с.

13) Головачев М.В., Титов В.В., Симакова А.Н., Лозовская М.В. Остатки скелетов неоплейстоценовых *Bison priscus* с территории Астраханской области: биостратиграфическое и палеоэкологическое значение // Современные проблемы палеонтологии. Мат. 61 сессии Палеонтологического общества при РАН (13-17 апреля 2015 г., Санкт-Петербург). С.Пб, 2015. С. 144-146.

14) Берлигужин М.Т., Ахмеденов К.М., Якупова Д.Б. Палеонтологические находки крупных млекопитающих в кайнозое на территории Западного Казахстана // Трешниковские чтения. Современная географическая картина мира и технологии географического образования: Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, посвященной памяти знаменитого российского океанолога, исследователя Арктики и Антарктики, академика Алексея Федоровича Трешникова и 175-летию Русского географического общества / под ред. И.Н. Тимошиной, Е.Ю. Анисимовой. Е.А. Артемьева и др. – Ульяновск: ФБОУ ВО «УлГПУ им. И.Н. Ульянова. – 2021. - С. 242 – 244.

15) Тесаков А.С. Четвертичная система - проблема нижней границы и выделения ярусных подразделений // Стратиграфия в начале XXI века - тенденции и новые идеи. Очерки по региональной геологии России. – М.: ГЕОС, 2013. – Вып. 6. – С. 21-25.

ӘОЖ 504.3.054(282.247.42)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ МАҢЫНДАҒЫ СТАЦИОНАРЛЫ КӨЗДЕР БОЙЫНША АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАНУЫН БАҒАЛАУ

*Утебалиева Б.Е. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Ихласова Ж.М. – аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
bagzhan-87@mail.ru*

Белгілі бір аумақтағы қолайлы экологиялық жағдайдың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі табиғи және антропогендік шығу тегі қатты, сұйық және газ тәрізді заттардың минималды және рұқсат етілген концентрациясында көрінетін атмосфералық ауаның ластану деңгейі болып табылады.

Атмосфералық ауаның ерекшелігі - ол ластаушы заттардың үлкен массаларының ұзақ қашықтыққа таралуына ықпал ете отырып, табиғи ортаның барлық басқа объектілерінің ластануының бір түрі ретінде әрекет етеді. Мысалы, ауа арқылы тасымалданатын өнеркәсіптік шығарындылар Дүниежүзілік мұхитты ластап, топырақ пен суды қышқылдандырады [3; 2].

Атмосфералық ауаның антропогендік ластануының негізгі көздеріне мыналар жатады: жылу электр станциялары мен қазба отындарын жағатын жылу қондырғылары; көлік; қара және түсті металлургия; машина жасау; химиялық өндіріс; минералды шикізатты өндіру және өңдеу; ашық көздер (ауылшаруашылық алқаптары, құрылыс) [5, 86 б.]. Жоғарыда келтірілген тізімнен көрініп тұрғандай, атмосфералық ауаның ластануының басым бөлігі стационарлық көздерден келеді, олар өз қызметі барысында ауа бассейніне ластаушы заттарды шығаратын өндірістік объектілер, жабдықтар мен

құрылыстар. Бұл ретте атмосфералық ауаның және табиғи экологиялық ортаның басқа компоненттерінің сапасы аумақтық шоғырлану дәрежесіне және ластанудың стационарлық көздерінен шығарындылар көлеміне байланысты болады.

Жоғарыда айтылғандарды және Батыс Қазақстан облысының (БҚО) тұрғындарының және шаруашылық қызметінің басым бөлігі Жайық өзені алқабында орналасқанын ескере отырып, негізгі су артериясының іргелес аумақтарындағы стационарлық көздерден ауаның ластану мәселесін зерттеу қазіргі кезде өзектілігі сақталады.


Әкімшілік аймақтар деңгейінде ресми статистикалық ақпаратты пайдалану негізінде бұл жұмыста Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы стационарлық көздерден атмосфераның ластануын бағалау әрекеті жасалған. Батыс Қазақстан облысында Жайық өзені Бөрлі, Теректі, Бәйтерек, Ақжайық аудандары мен Орал қалалық әкімшілігінің аумақтары арқылы ағып өтеді және дәл осы әкімшілік бірліктердің шекарасында (облыс аумағының 31,3%) салыстырмалы стационарлық көздерден шығарындылар бойынша атмосфералық ауаның ластануын бағалау жүргізілді.

Бағалауды жүргізу үшін келесі негізгі көрсеткіштер пайдаланылды: атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларының стационарлық көздерінің саны; жердің ауданы; халық саны; атмосфераға ластанушы заттардың шығарындыларының көлемі. Жоғарыда аталған соңғы үш критерий негізінде аумақтары арқылы Жайық өзені ағып өтетін Батыс Қазақстан облысының әрбір әкімшілік ауданы үшін формула бойынша есептелген 2021 жылға арналған атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының тығыздық коэффициенті – корреляциялық көрсеткіш есептелді. :

$$K_{амм} = \frac{A}{\sqrt{S \times N}},$$

мұнда A - атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары (тонна); S - аумақтың ауданы (км²); N - халық саны (адам) [4,16 б].

1-суретте көрсетілгендей, 2021 жылы Орал қалалық әкімшілігінің аумағы атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны бойынша көшбасшы болды, онда Батыс Қазақстан облысының барлық ластану көздерінің 49,7%-ы шоғырланған. Жалпы, Жайық өзенінің жақын орналасқан аумақтарында Батыс Қазақстан облысының бес әкімшілік ауданының шекарасында атмосфераға зиянды заттарды шығаратын 10 669 стационарлық көздер бар [1, 41 б.]. Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы атмосфераны ластанушы Орал қалалық әкімшілігінің стационарлық көздерінің үлесі 55,7% құрады. Екінші орында Бәйтерек ауданы Жайық өзенінің жақын маңындағы стационарлық көздерінің 20%-ы орналасқан. Бөрлі ауданының аумағы 19,4 пайызды құрады. Тиісінше, Батыс Қазақстан облысы аумағының 9%-ын алып жатқан осы үш әкімшілік бірлік аумағында атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының барлық стационарлық көздерінің 95,1%-ы Жайық өзенінің жақын маңындағы аумақтарында орналасқан. Стационарлық көздердің бұл шоғырлануы Батыс Қазақстан облысының тұрғындарының (66%) (кесте), өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісінің шоғырлануының едәуір бөлігімен байланысты, бұл Орал қалалық әкімшілігі Бәйтерек және Бөрлі аудандары аумағының Жайық өзенінің маңындағы ауаның ластануында жоғары үлесін алдын ала анықтады. Жайық өзенінің жақын аумақтарындағы стационарлық көздердің саны бойынша айтарлықтай төмен көрсеткішпен Теректі ауданы 3,4% төртінші орынды иеленді, ал Ақжайық ауданы аумағының үлесі 1,5% құрады.



1-сурет. 2021 жылға Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны және әкімшілік аудандар бойынша бөліну көлемдері.
Құрастырған автор: [1, 41 б.].

2021 жылы Жайық өзенінің жақын аумақтарындағы стационарлық көздерден ауа бассейніне 24 мың тонна зиянды заттар шығарылды, бұл Батыс Қазақстан облысының атмосферасына барлық шығарындылардың 92,3%-ын құрады [1, 6, 33 б.]. Стационарлық ластаушы көздердің аумақтық шоғырлану деңгейінің әртүрлі болуына байланысты Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің жақын аумақтарындағы шығарындылар көлемі әкімшілік бірлік бойынша сараланады (кесте).

Кесте - 2021 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің маңайындағы стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының әкімшілік аудандар бойынша бөлінген тығыздық коэффициенті

Әкімшілік аудан атауы	Атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары (тонна)	Территория ауданы (км ²)	Халық саны (адам)	Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының тығыздық коэффициенті
Бөрлі	6 600	5 600	56 381	0,37
Теректі	400	7 900	38 496	0,02
Бәйтерек	8 700	7 400	60 213	0,41
Ақжайық	100	25 700	39 602	0,00
Орал қ.э.	8 200	700	322 721	0,55
Близлежащие территории к реке Урал	24 000	47 300	517 413	0,15
БҚО бойынша	26 000	151 300	665 854	0,08

Құрастырған және есептеген автор: [1, 6, 33 б.б.].

Кестеде келтірілген мәліметтерге қарағанда, зиянды заттардың ең көп шығарындылары Бәйтерек ауданы (36,2%) және Орал қалалық әкімшілігі (34,2%) аумағына тиесілі. Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің жақын аумақтарындағы стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемінің 27,5%-ы Бөрлі ауданының аумағына тиесілі. Жоғарыда аталған үш әкімшілік округтің үлесі 97,9% болса, бұл көрсеткіш бойынша Теректі (1,7%) және Ақжайық (0,4%) аудандарының үлесі 2,1% құрайды.

Атмосфералық ортаға ластаушы заттардың шығарындыларының тығыздық коэффициенті түріндегі корреляциялық көрсеткіш жалпы Батыс Қазақстан облысында ауаның стационарлық көздерден ластануы минималды (0,08) екенін көрсетеді. Жайық өзеніне іргелес аумақтағы коэффициенттің орташа мәні 0,15, бұл да қолайлы. Алайда, әкімшілік бірлік жағдайында атмосфералық ортаға ластаушы заттардың шығарындыларының тығыздық коэффициенті Ақжайық ауданында 0-ден Орал қалалық әкімшілігінің аумағында 0,55-ке дейін айтарлықтай ауытқиды (кесте).

Шағын аумақта халықтың және негізінен өңдеуші кәсіпорындардың тамақ өнеркәсібінде, жылу энергетикасында, құрылыс материалдары өнеркәсібінде, химия өнеркәсібінде және машина жасауда жоғары шоғырлануынан күткендей, ластаушы заттар шығарындыларының ең жоғары тығыздық коэффициенті Орал қаласында орналасқан Орал қалалық әкімшілігінің аумағында байқалады. Мысалы, Орал қаласындағы атмосфералық ортаны ластайтын негізгі стационарлық көздердің бірі – Жайық өзенінің жағасында орналасқан Батыс Қазақстан облысындағы ең ірі ЖЭО (2-сурет).

Есептік көрсеткіш бойынша Бөрлі және Бәйтерек аудандары бірінші кезекте көмірсутек шикізатын өндірумен, оны тасымалдаумен және ішінара өңдеумен, яғни өндіріс орындарын ғана емес, сонымен қатар халық қамтамасыз етумен айналысатын кәсіпорындардың, сондай-ақ жылу энергетикасы саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің шоғырлануымен ерекшеленеді. Бұл аудандардың шаруашылық қызметінің негізгі орталықтары Қарашығанақ, Чинарев, Ростоши, Тепловский, Оңтүстік-Гремячин және кейбір басқа газ конденсаты, мұнай және газ кен орындары, Ақсай қаласы ауаны ластаудың негізгі стационарлық көздері болып табылады. Стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының тығыздық коэффициенті бойынша Ақжайық және Теректі аудандарында сәйкесінше іс жүзінде нөлдік және минималды мәндер бар. Бұл екі әкімшілік аудандар аумақтық өнеркәсіптік даму жағынан айтарлықтай артта қалды және Орал қалалық әкімшілігінің, Бөрлі және Бәйтерек аудандарының аумағымен салыстырғанда халық тығыздығының төмендігімен сипатталады.



2-сурет. Жайық өзенінің жағасында орналасқан Орал қаласындағы ЖЭО (ауаны ластайтын ірі стационарлық көздердің бірі) (Сурет автордікі: қазан 2023 ж.).

Осылайша, Батыс Қазақстан облысы шегінде Жайық өзенінің жақын аумақтарындағы стационарлық көздерден атмосфераның ластануын бағалау атмосфералық ауа бассейніне зиянды заттардың шығарындыларының елеусіз және рұқсат етілген нормаларын көрсетеді. Стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының тығыздық коэффициентін Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы әкімшілік бірлік жағдайында қарастырғанда, Орал қаласы әкімшілігінің, Бәйтерек және Бөрлі аудандарының аумағында шығарындылардың тығыздығы орташа мәннен бірнеше есе жоғары. Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының барлық стационарлық көздерінің 95%-дан астамы осы аудандарда шоғырланған. Ластанудың стационарлық көздерінің шоғырлануының негізгі аймақтары Орал, Ақсай қалалары және Бәйтерек және Бөрлі аудандарындағы көмірсутек кен орындарын игеру аумақтары болып табылады. Дәл осы стационарлық

көздері бар аумақтар көлік шығарындыларымен бірге атмосфералық ортаға антропогендік әсерді анықтайды, бұл өз кезегінде басқа факторлармен бірге Жайық өзенінің маңындағы аумақтардағы қоршаған ортаның ластануын арттырады.

Әдебиеттер

1) Батыс Қазақстан облысындағы қоршаған ортаны қорғау: статистикалық жинақ (қазақ және орыс тілдерінде) / Бас ред. Б.Алимбаева. – Орал: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, 2022. – 51 б.

2) Валова В.Д. Основы экологии: учебное пособие / 2-е изд., перераб. и доп. – М., 2001. – 224 с.

3) Джумалиева Г.Т., Тимовкина Л.Ю., Романова А.А., Шарова И.С., Безуглова М.С. Загрязнение атмосферного воздуха автомобильным транспортом // Материалы XI Всероссийской научно-практической конференции «Географические науки и образование» (г. Астрахань, 23 марта 2018 года). – Астрахань: Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Астраханский государственный университет», 2018. – стр. 144-147.

4) Жидких А.А. Территориальная организация регионального социально-экономического развития (на примере Алтайского края) / Автореферат на соис. учен. степени канд. эконом. наук. – Барнаул, 2003. – 25 с.

5) Экология города: учебное пособие / Под ред. В.В. Денисова. – Ростов н/Д: Феникс, 2015. – 568 с.

ӘОЖ 636.08(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ (2003-2023 жж)

Айманова Е.Е. - педагогика ғылымдарының магистрі
Утемис Н.У. – 3 курс студенті, *Байырбеков Ә.Н.* – 3 курс студенті

М.Өтемисов атындағы БҚУ, Орал қ.

Ersin.aymanova@mail.ru, utemis.nurlan2004@gmail.com, baiyrbekov021004@mail.ru

Кіріспе. Батыс Қазақстан облысы халық шаруашылығының құрамына кіретін агроөнеркәсіп кешенінің маңызы өте зор. Агроөнеркәсіп кешені күрделі салааралық байланыстардан тұрады. Оның негізгі құрамы ауыл шаруашылығы, сонымен бірге тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын өндіріс, құрылыс индустриясы, көлік, т.б. арнайы кәсіпорындар кіреді.

Батыс Қазақстан облысының агротәбиғи ресурстары ауыл шаруашылығы өндірісінің және оның бөлек маманданған бөлшектерінің нақты схемасын құрады. 2022 жылы облыс бойынша ауыл шаруашылығына тиесілі жер көлемі 51,4% құрады. Ауыл шаруашылық мақсатында қолданыстағы жер көлемі 7268,5 мың га құраса, егістікке арналған жер – 564,3 мың га, көпжылдық өсімдіктер үлесі 1,9 мың га, шабындық жерлер – 500,5 мың га, жайылым жерлер – 6097 мың га [1,2]

Зерттеу жұмысының әдістемелік материалдары. Зерттеу объектісі – Батыс Қазақстан облысының мал шаруашылығы саласы. Статистикалық мәліметтерге сүйене келе Батыс Қазақстан облысындағы мал шаруашылығы саласының жағдайы мен даму бағыты талданды. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі А.Н.Ракитноковтың, В.И.Крючковтың, В.И.Амельченконың, С.К.Рамазановтың, А.Г.Галимовтың

еңбектеріне сүйенді. Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-географиялық әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Облыс аумағы Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Облыс аумағының басым бөлігі Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігінде орналасқан. Облыс территориясы солтүстіктен оңтүстікке 425 шақырымға, шығыстан батыс бағытта 585 шақырымға созылып жатыр. Батыс Қазақстан облысының территориясы Шығыс Еуропа жазығының жалғасы. Сондықтан жер бедері негізінен жазық болып келеді. Оның солтүстігі мен шығыс бөлігінде онша биік емес қыраттар кездеседі. Орталық және оңтүстік бөлігі ойпатты жазық болып келіп, шамамен 49° с.е. қарай Каспий маңы депрессиясы басталады. Ол Атырау облысының территориясында Каспий теңізіне дейін – 28 м деңгейіне жетеді. Батыс Қазақстан облысының климаты қатаң континентті. Қысы суық, бірақ батыстан келетін циклондардың әсерінен кейбір кездерде жылылыққа ауысып отырады. Жазы ыссы әрі құрғақ, ұзақ болады [3].

Батыс Қазақстан облысының территориясын 5 агроклиматтық аудандарға бөлуге болады.

1. Жылылау құрғақ аудан облыстың солтүстігінен Орал қаласының деңгейіне дейінгі территорияны алып жатыр.

2. Жылы құрғақ аудан облыстың солтүстік-шығыс бөлігінде аз ғана территорияны қамтиды.

3. Орташа ыстық құрғақ аудан облыс территориясының көп бөлігін 80% шамасындай территорияны қамтиды.

4. Орташа ыстық өте құрғақ аудан.

5. Ыстық өте құрғақ аудан

Аймақта континенттілік солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай артады. Солтүстіктен оңтүстікке қарай күн сәулесінің түсу мөлшері едәуір артып, жауын-шашын мөлшері азаяды ол өз кезегінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуіне кедергі туғызады. Батыс Қазақстан облысының территориясы солтүстіктен оңтүстікке қарай 400 км-ден астам созылып жатқандықтан, әрі осы бағытта жер бедерінің, климатының және өсімдік дүниесінің әркелкілігі оның топырақ қабатының таралуына әсерін тигізіп отырады.

Топырақ жамылғысы мынадай негізгі түрлерден тұрады: оңтүстік қара топырақ, қоңыр қызғылт топырақ, қызғылт, ашық қызғылт және сұр топырақ. Облыс топырағының жалпы өзіне тән сипаты – оның геологиялық қалыптасу жастығы және бәрінің бірдей құрамында тұз қоспаларының көп мөлшерде болуы.

Осы көрсетілген топырақ түрлері белгілі-бір табиғат зоналарына немесе бір зонаның ішкі зоналық бөліктеріне тән. Себебі, Каспий маңы ойпатына шекаралас жатқан Жалпы Сырттан, Орал маңы үстіртінен және Сырт алды жарлы биіктен белгілі мөлшерде жер асты суының ағыны келіп, топырақтың қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Топырақтың қара шіріндісіне байланысты аймақтың құнарлы аудандары ерекшеленеді, топырақтың құнарлығы сол алқапта өсетін өсімдіктердің түрлерін анықтайды. Ал өсімдік түрлеріне қарай мал шаруашылығы орналасады, мал шаруашылығының тауарлы түрлері бөлінеді [4].

Ауыл шаруашылығының территориалдық дифференциациясы табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлармен, техникалық қамсыздандырылу деңгейімен, еңбек ресурсы қорымен, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымның даму ерекшеліктерімен, ауылдық елді мекен халқының өмір сүру жағдайларымен анықталады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының әрбір этапында шаруашылықты жүргізу жүйелері ауыл шаруашылығы өндірісінің интенсивтілік деңгейін сипаттайды. Ауыл шаруашылық аудандарының типтерін қарастыру

барысында ауыл шаруашылығының түрлі салаларының сәйкестік заңдылықтарына байланысты нақты қорытындылар шығарылды.


Ауыл шаруашылығының негізгі екі саласы – егін және мал шаруашылығы. Облыс территориясында табиғат жағдайына бейімделген шаруашылықтардың мамандалуына қарай олардың ара салмағы әр түрлі болып келеді. Облыстың солтүстік аудандарында егін шаруашылығы негізгі сала ретінде қарасырса, ал мал шаруашылығы қосалқы болуы немесе оңтүстік аудандарда оған керісінше болуына тек табиғат ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге жергілікті халықтың белгілі бір еңбек түріне бейімделуі де әсер етеді [5].

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық бюросының мәліметі бойынша 2023 жылғы көрсеткішке сәйкес облыстағы ірі қара мал саны 903,9 мың бас, қой-ешкі 1511,8 мың бас, шошқа 11,8 мың бас, жылқы 299,1 мың бас, түйе 2,6 мың басты құрады, барлық түрдегі құстар 1511 мың бас (Табл. 1).


Таблица 1. 2003-2023 жылдардағы мал мен құс саны. (мың бас)

	2003	2008	2013	2018	2023
Жылқы	48.3	61.0	103.2	179.9	299.1
Шошқа	35.8	25.7	26.0	21.5	11.8
Түйе	3.5	3.5	2.9	2.4	2.6
Құс	573.7	897.1	931.8	1414.2	1511.0
Ірі қара	386.0	438.5	417.2	571.5	903.9
Қой-ешкі	627.4	769.6	959.9	1147.9	1511.8

2023 жылға облыс бойынша ірі қара мал саны, қой ешкі саны, құс саны, жылқы малының саны 2003 жылмен салыстырмалы түрде қарағанда өсуі байқалса, шошқа, түйе саны статистикасында бас санының азаюын байқауға болады (Сурет 1).



Сурет 1. 2003-2023 жж аралығындағы Батыс-Қазақстан облысының мал санының динамикасы



Сурет 2. Мал санының облыс бойынша таралуы, 2023 ж.

Зерттеу қорытындысы. Қорытындылай келе Батыс Қазақстан облысы табиғи жағдайларының ерекшеліктері оның мал шаруашылығын дамытуда қолайлы жағдай жасайды. Соңғы жылдары облыс бойынша ауыл шаруашылығының мал шаруашылығы саласында мал, құс саны динамикасында өсу байқалады. Шөлді-далалы және шөлді өсімдік жамылғысы бар құмды оңтүстік аудандарда жайылымдарды жыл бойы пайдаланады, әсіресе қыс кезінде. Бұл аудандарда қой, жылқы, түйе бағуға қолайлы жағдай жасалған Облыстың солтүстігінде жер өңдеу жоғарғы деңгейде дамыған аймақтарда даланың өсімдік жамылғысы қыс мезгілінен басқа бүкіл жыл бойы барлық ауыл шаруашылық мал түрлерімен пайдаланыла алатындығын байқалады. Мал санында басқа аудандармен салыстырмалы түрде құс, шошқа саны басым келеді (Сурет 2).

Зерттеу жұмысын қортындылай келе Батыс Қазақстан облысының мал шаруашылығының мамандануына әсер ететін ең басты фактор - табиғи жағдай, яғни табиғи жағдайды ескермеген жағдайда ауыл шаруашылығы өз нәтижесін бермейді.

Әдебиеттер

- 1) <https://old.stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/7>
- 2) <https://stat.gov.kz/region/zko/>
- 3) Галимов А.Г., Галимов М. А., Амельченко В.И. География Западно-Казахстанской области. Уральск 2001 г.с.20-50.
- 4) Амельченко В.И.Особенности сельскохозяйственного использования земель на западе Республики Казахстан. //Современные вопросы географии сельского хозяйства. Уральск 2003 г.с.63.
- 5) Айманова Е.Е. «Геосфера» Современные проблемы естественных наук, Выпуск 156 Часть 2, 2022, Уфа. С.134-136
- 6) Крючков В.Г. Использование земель и продовольственные ресурсы. М.,1987 г.
- 7) Ракитников А.Н. География сельского хозяйства. – М.: Мысль,1970 г.

ӘОЖ 351.823.1(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Хаируллина А.К.- оқытушы, магистр

Жармаганбетова Н.С.- оқытушы, магистр

Аманжолова Д.Қ., Сердалиева М.А. - 6B01512 «География-Тарих» БББ-ның 3-курс студенттері

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

arzamas_10@mail.ru

xairullina_84@mail.ru


Қаратөбе ауданы — Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында орналасқан әкімшілік бөлініс. Аудан орталығы – Қаратөбе ауылы. Аудан орталығынан Орал қаласына дейінгі қашықтық – 260 км.

Аудан солтүстігінде облыстың Шыңғырлау, батысында Сырым, Ақжайық аудандарымен шектесе, оңтүстік-шығысында Атырау облысының Қызылқоға, шығысында Ақтөбе облысының Ойыл, Қобда аудандарымен ортақ шекарасы бар. Аудан 1918 жылы құрылған. Аудан аумағы Каспий маңы ойпатының солтүстік-шығыс жағында орналасқан, оның негізін Нарынқұм-Аққұм шағылдары құрайды. Орталық және оңтүстік бөлігі жалпы тегістік жерлер, солтүстік те тегіс, бірақ жекелеген ойпатты жерлер кездеседі. Аудан аумағында Қалдығайты өзені ағып жатыр (жалпы ұзындығы 242 км, аудан шегінде – 130 км). Көлдердің жалпы ауданы 36,5 шаршы км құрайды, содан тұщы көлдер – 6,8 км.[1]



Сурет 1. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының картосхемасы

Ауданның климаты тым континенттік, солтүстігі қоңыржай континентті ылғалы тапшы зонада орналасқан. Қысы суық, ұзақ, жазы ыстық. Қаңтарда орташа температура $-14,40^{\circ}\text{C}$, шілдеде $+24,30^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашын орташа (30мм) жылдық 214 мм. Оңтүстігі қоңыржай континентті, жазы жылы, құрғақ климатты зонада орналасқан. Жері қара топырақты, ашық-сортаң топырақты. Аудан аумағы өсімдік жамылғысына қарай құмды-далалық аймаққа жатады. Солтүстік-шығыс бөлігінде әртүрлі-дәнді шөптер өседі, батыс бөлігінде бидайық-дәнді шөптер өседі. [1]



Сурет 2. Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығына жарамды жерлер үлесі

Ауыл шаруашылығына жарамды жері 964,0 мың га, оның ішінде жыртлатын жері 44,7 мың га, шабындығы 92,7 мың га, жайылымы 826,0 мың га-ға жуық, дәнді дақылы 63,4 мың га, көкөніс, қаратоп 0,1 мың га жерді құрайды. Құрылымдық диаграмма бойынша жайылым жерлерінің үлес салмағы 8 есе көп екенін байқауға болады. Бұл аудан территориясында етті -сүтті мал, биязы жүнді және қаракөл қойын өсіруге бағытталғанын көрсетеді.

Қаратөбе ауданының ең мол байлығы - тұщы суы. Жер қойнауынан бор кені және құрылыс материалдары барланған. Сонымен қатар ауданда ақбалшық, цемент, қиыршық құм, сланец (пісіп жетілмеген көмір), қиыршық және қатты тас кен орындары бар. Ауданда Шыңғыс, Бекет, Құбасай алқабынан мұнай мен газ орындары зерттелуде.

Ауданның өндірістік бағыты, оның климаттық ерекшеліктері (атап айтқанда, құрғақшылық, қатты жел және соның салдарынан егіншіліктің жоғары қаупі) ауыл шаруашылығының жалпы аудан экономикасына әсерін тигізеді.


Қаратөбе ауданының мал шаруашылығының дамуы айтарлықтай жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл ауданның экономикасына, халықтың өмір сүру жағдайына тікелей өз әсерін тигізеді. Ауданда 324 шаруа қожалығы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша қызмет жүргізуде.

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 1356,7 млн теңгені құрады, бұл алдыңғыға қарағанда 101,6% - ға артық. Ауданның тіркелген 365 агроқұрылымында 458 тұрғын жұмыс істейді.[2]

1-Кесте

Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығы өнім түрлерінің құрылымы 2019-2023 жж. (мың бас)

Мал шаруашылығы	2019	2020	2021	2022	2023
Ірі қара мал	31	34	38	42	51
Қой мен ешкі	64	78	83	91	113
Жылқы	8	10	13	15	17
Құс	10	10	10	10	14



Сурет-3 Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығының өнім түрлерінің құрылымы 2019-2023 жж (мың бас)

3-сурет бойынша 2023 жылдың тамыз айын қоса есептегенде ауданда ірі қара малдың саны 51 мың бас, қой мен ешкі – 113 мың бас, жылқы – 17 мың бас, құс-14 мың басты құрады. Ауданның мал шаруашылығының түрлері бойынша 2019-2023 жж

аралығында ірі қара мал 20 мыңға, қой мен ешкі саны 49 мыңға, жылқы басы 9 мыңға, құс саны 4 мыңға өскенін көруге болады. Бұл мал шаруашылығының дамуын, алынатын өнімі көлемінің артқанын көрсетеді. Аудан халқын толықтай ауыл шаруашылық өнімдермен қамтамасыз етпесе де, халық сұранысына ие түрлі өнімдер үлесі көбейіп келеді.

Өндірілген өнім көлеміне келетін болсақ, есепті кезеңде 8978 центнер ет, 16211 центнер сүт және 345,5 мың дана жұмыртқа өндірілді, 2022 жылмен салыстырғанда ет өндірісі 3% – ға, сүт-1,7% - ға, жұмыртқа-3,1% - ға ұлғайды. Сондай-ақ, асыл тұқымды мал шаруашылығында да бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді. Бүгінгі таңда аудан бойынша 35 шаруашылық асыл тұқымды мал өсірумен айналысады, оның ішінде 7117 бас асыл тұқымды мал өсірумен, 120 бас асыл тұқымды жылқы, 1739 бас асыл тұқымды қой өсіреді.


Асыл тұқымды мал басының өсімі жыл сайын байқалады. Үстіміздеге жылы асыл тұқымды малды 1000 бас жоспарланып, 594 бас мүйізді ірі қара сатып алынды. 5 ай бойынша 59,4% орындалды.

Аудан шаруашылықтары мал шаруашылығымен бірге егін шаруашылығын да жүргізеді. 2022 жылы аудан бойынша барлығы 1070 гектарға арпа, тары, бір жылдық егілген шөптер егілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,25 есе көп.

2 - Кесте

Қаратөбе ауданының егіс алқаптары

Егістіктер	Егіс көлемі, га
Арпа	50
Тары	110
Сорго	260
Суданка	200
Житняк	450
Барлығы	1070



Сурет-4 Қаратөбе ауданының егіс алқаптары (пайыздық көрсеткішпен)

2022 жылы бау-бақша, көкөніс өсірумен айналысатын "Жанбағ" шаруа қожалығы 2 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен бау-бақша дақылдарын егіп, 48,2 тонна өнім алды. Сонымен қатар, Сұлықөл ауылдық округінің 5 ауыл тұрғынына Қалдығайты

өзенінің жағасына бақ отырғызу үшін 5 гектар жер берілді. Бау-бақша дақылдарын тамшылатып суару әдісімен себу жалпы 120 тонна бақша өнімін алды. [2]

Қаратөбе ауданы бойынша негізгі ауыл шаруашылық дақылдарға көкіністер мен картоп жатады. Басқа дәнді және бұршақ дақылдары, майлы дақылдар өсірілмейді. Бұл ауданның географиялық орнына, табиғат жағдайларына тікелей байланысын көрсетеді.

3- Кесте

Көкіністер мен картоптың түсімі (бір гектардан центнер)

	2018	2019	2020	2021	2022
Көкіністер	115,1	120,0	120,0	125,0	125,9
Картоп	110	110	110	115	115
бақша дақылдары	208,0	208,0	210,0	207,3	243,4

Дақылдар жинау бойынша 2018-2022 жж аралығындағы өнім көлемінің айтарлықтай өскені байқалмайды. Дегенмен, Қаратөбе ауданы негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерімен өз-өзін қамтамасыз етуге бағытталады. Ал 2022-2023 жылдардағы қыста 112,2 мың тонна табиғи жем дайындау жоспарланған, 121,4 мың тонна жем дайындалды.

Ауданның дамуындағы мемлекеттік бағдарламалардың рөлі. Бұл бағдарлама мемлекеттің құрылымдық саясатын іске асырудың, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді әсер етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы саласының өнімділігін арттыру мемлекетіміздің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылатынын атап өтті. Осы бағытта "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" ҚР Президентінің Жарлығы шеңберінде іске асырылатын негізгі жобалардың бірі "Ауыл аманаты" жобасы болып табылады.

Экономиканың басқа салаларымен қатар ауданда шағын кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді.

Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығын дамытудың оң үрдістеріне және оның ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қолдауға қарамастан, өңірдің ауыл шаруашылығын дамытудағы бірқатар мәселелері де бар.

Суару жүйелерін жөндеу, жаңғырту, қайта құру және қалпына келтіру қажеттілігі. Өңірде осы проблеманы шешу шеңберінде суару жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігін жақсартуға, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жұмыс орындарының санын сақтауға бағытталған мелиорациялық жүйелердегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыру қажет. Осы іс-шараларды іске асыру есебінен суармалы жерлерді реконструкциялауға және қалпына келтіруге болады.

Пайдаланылатын минералды және органикалық тыңайтқыштар санының күрт төмендеуіне байланысты ауданның жер ресурстарына гумустың төмендеу белгілері тән. Осының аясында жердің деградациясы басталады.

Ауылдық жерлерде негізінен бір жұмыс беруші жұмыс істейді, ол өзінің монополиялық жағдайын пайдаланады және жалақыны ауыл шаруашылығы бөлігінде дамыған еңбек нарығы жағдайында аймақта қалыптасуы мүмкін деңгейден төмен белгілейді.

Жалпы ауыл шаруашылығы мен басқаруды тиімді дамыту үшін Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығы ұйымдары нарықтық экономика бірыңғай жүйені дамыту тұжырымдамасын қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Ғалымов А. Ғ., Амельченко В.И., Ғалымов М.А. Батыс Қазақстан облысының географиясы. Орал, 2003 ж. - 172 б

<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-karatobe?lang=ru>

2. Статистический ежегодник Каратобинского района: статистический сборник. – Уральск, 2023. 456

3 Авторский коллектив кафедры географии ЗКУ. Природа, населения и хозяйство Западно-Казахстанской области (географический аспект). г.Уральск, 1998 г., 256 с

4 Авторский коллектив кафедры географии ЗКУ. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. г.Уральск, 1998 г., 158 с

5 Парфенова А.Я. География сельского хозяйства Уральской области. Уральск, 1990 г., 215с

ӘӨЖ 54-112

ДИАТОМИТТИҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Хайршақова Қ.Е. – 2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
kymbat94@inbox.ru*

Диатомит – аморфты кремнеземнен (опалдан) тұратын ақшыл сарыдан сұрға дейінгі шөгінді кремнийлі тау жынысы, құрамында 20%-ға дейін саз қоспалары бар. Материал негізінен макрокеуекті құрылымды, радиусы 4...40 мкм кеуектері жалпы кеуек көлемінің 15%-ын ғана құрайды.

Бүгінгі таңда диатомиттер сияқты табиғи минералды түзілімдер жоғары сіңіру қабілетіне, кеуектілігіне, ыстыққа төзімділігіне және қышқылға төзімділігіне байланысты әртүрлі өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданылады. Ауыл шаруашылығына келетін болсақ, тасымалдаушылар және толтырғыштар ретінде қолданылады. Оның химиялық құрамы: кремний оксиді – 79,92%, алюминий тотығы – 6,58%, темір оксиді – 3,56%, рубидий оксиді – 1,37%, магний оксиді – 0,98%, кальций оксиді – 1,43%, титан оксиді – 0,48%, т.б.

Көптеген табиғи материалдар, мысалы, цеолиттер, сапропельдер, шымтезек және т.б. сорбциялық қасиетке ие. Табиғи сорбенттердің құны жасандыға қарағанда ондаған есе төмен, сондықтан олар жиі регенерацияланбайды. Әдетте қалыпты құрылымы бар материалдардан тұратын сазды жыныстар (диатомит, опок, триполит және т.б.) суды тазартуға арналған ең көп таралған бейорганикалық сорбенттер болып табылады. Табиғи сорбциялық материалдардың ішінде диатомит немесе диатомды топырақ ерекше қызығушылық тудырады. Диатомит кен орындары дүние жүзінің барлық бөліктерінде кездеседі.

Диатомит – негізінен бір жасушалы балдырлардың – диатомдардың кремний микроқабықтарынан түзілген, пішіні мен өлшемдері әртүрлі, әдетте диаметрі 10-200 нм болатын жеңіл, жұмсақ, ашық түсті шөгінді тау жынысы. Кремний қабықшаларының негізгі құрамдас бөлігі су мөлшері әртүрлі аморфты кремний гидраттары ($\text{SiO}_2\text{-nH}_2\text{O}$). Диатомит негізінен макрокеуекті құрылымға ие, радиусы 4–40 мкм кеуектер жалпы кеуек көлемінің шамамен 15% құрайды және оның көлемдік тығыздығы ~ 30 г/дм³ [1].

Диатомит – шөгінді тау жынысы. Оның негізі диатомды балдырлардың қабығы болып табылады. Бүгінгі таңда диатомит ақ немесе қызғылт ұнтақ түрінде өндіріледі.

Заттың өзіне тән қасиеті – құрамында теріс зарядты иондардың болуы. Осыған байланысты диатомит оң заряды бар бактериялар мен вирустарды өзіне тартады. Сондықтан диатомит - бұл сұйықтықтарды және басқа заттарды зиянды қоспалардан тиімді тазарта алатын табиғи адсорбент.

Диатомиттің қасиеттері:

- 85-90% кремнийден тұрады;
- сілті мен қышқылдарда ерімейді;
- затты құрайтын қабықшалардағы кеуектер санының көп болуына байланысты меншікті бетінің ауданы жоғары;
- диэлектрик;
- қаттылық коэффициенті – 7.

Жоғары кеуектілік зиянды қоспаларды сақтауға мүмкіндік береді - бұл тазалау жүйелерінде кизельгурды (диатомитті) қолданудың негізгі себебі болып табылады. Химия өнеркәсібінде диатомитті ұсақ бөлшектерді сүзу үшін қолданылады. Тамақ өңдеу өнеркәсібі сұйық тағам өнімдері: бал, шырын, су, қантты шырындарды сүзу үшін диатомитті пайдаланады.

АҚШ нарығында диатомит тағамдық қоспа ретінде сатылады. Кремнийдің ағзаға түсуі терінің жасаруына, шаш пен тырнақтардың күшті және патологиясыз өсуіне мүмкіндік береді. Кремний денеден вирустарды, токсиндерді, пестицидтерді және дәрі-дәрмектерді жоятын тазарту функциясын орындайды.

Табиғи адсорбент диатомит зат алмасуды да тездетеді. Метаболизмнің баяулауы денеде майдың жиналуына, холестерин мен қандағы қанттың жоғарылауына әкеледі. Диатомит тұтастай алғанда дененің жұмысын жақсартады және ас қорыту мүшелеріне оң әсер етеді.

Диатомит тек адсорбент ғана емес. Құрамында жануарлардың ас қорытуына жақсы әсер ететін ашытқы бар. Сонымен қатар, диатомит құрамындағы кальций жануарлар мен адамдарға сүйектерге құрылыс материалы ретінде қажет. Сондықтан диатомитті малдың және әсіресе құстардың азығына қосады. Жұмыртқа қабығын қалыптастыру үшін көп мөлшерде кальций алуда жұмыртқалайтын құстар үшін маңызды.

Кизельгурдың адсорбциялық қасиеттері оны косметологияда қолдануға әкеледі. Құрамындағы белсенді заттары теріге еніп, оны қоректік заттармен толтырады. Ал сырттан өлі эпидермис сіңіп, тесіктер тазаланады. Сондықтан диатомитті маскалар, пиллинг, скрабтарға қосады. Бұл теріні қалпына келтіруге және қабыну процестерін басуға, күйіктерді емдеуге мүмкіндік береді.

Ағартқыш қасиеттеріне байланысты кизельгур бояулар мен лактарды өндіру үшін қолданылады. Дыбыс және жылу оқшаулау қасиеттері кизельгурды өнеркәсіпте пайдалануға мүмкіндік береді. Ол цемент пен сылақтың құрамына қосылады, осылайша олардың әк бөлінуінен адам денсаулығына зиянды әсерін азайтады.

Фармацевтер дәрі-дәрмектерге диатомитті қосады, осылайша денедегі қажетсіз заттардың өлі вирустармен бірге денеден тезірек кетуіне мүмкіндік береді. Бұл зат алмасуды жылдамдатады, денені тазартады, нәтижесінде науқас тезірек қалпына келеді.

Диатомиттердің негізгі маңыздылығы оларды кірпіш өндіру үшін шикізат ретінде, сонымен қатар тамақ өнеркәсібінде жұқа фильтрлер ретінде, емдік косметика өндірісінде, фармацевтика мен медицинада емдік композициялардың ингредиенті ретінде пайдалану болып табылады. Диатомиттен жасалған бұйымдар қазандықтардан ядролық реакторларға дейін жылу оқшаулау ретінде пайдаланылады. Шикізат тоқыма, бояу және лак өнеркәсібінде, металлургия мен машина жасауда қолданылады.

Құрамында 60 пайыз немесе одан да көп кремнезем бар жоғары сапалы диатомиттер көптеген пайдалы қасиеттерге ие болатыны белгілі - көлемдік тығыздығы төмен, ыстыққа төзімді, кеуекті, жылу өткізгіштігі және дыбыс өткізгіштігі төмен. Диатомиттің едәуір бөлігі сүзгі ұнтақтарын өндіруге пайдаланылады және қағаз,

пластмасса және бояу өндірісінде, жылтырату материалдары мен инсектицидтер өндірісінде толтырғыш ретінде қолданылады [2]. Олар сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау үшін пайдалы болуы мүмкін, атап айтқанда, ағынды суларды, өндірістік және табиғи суларды органикалық улы қосылыстар мен ауыр металл иондарынан тазарту технологияларында [3-5], сондай-ақ катализаторды тасымалдаушылар ретінде [6-14] де пайдаланылады.

Диатомиттердің кеуектілігі жоғары, сондықтан адсорбциялық қабілеті жоғары; жылу және дыбыс өткізгіштігі нашар, отқа және қышқылға төзімді болып келеді. Ерекше қасиеттеріне байланысты диатомиттер көп мақсатты минералды шикізат ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда диатомиттер негізінен келесі өнімдер мен материалдарды өндіру үшін қолданылады:

Гидравликалық қоспалар. Диатомиттерді ақ цементтер өндірісінде гидравликалық қоспалар ретінде қолданады. Гидравликалық белсенділікпен қатар олардың тағы бір маңызды қасиеті бар - ақтығы. Олардың ақтығы дәрежесі (сүт шынысының жарықтық коэффициенті) кемінде 72. Ақ цементтерді өндіру кезінде, құрамында 6% дейін диатомит кездеседі.

Құрылыс кірпіштерін өндіру үшін әдетте диатомиттің орташа және төмен сапалы саз сорттары қолданылады. Кәдімгі құрылыс кірпіштерінен айырмашылығы, диатомды топырақ кірпіш салмағының жартысын құрайды, жоғары жылу және дыбыс оқшаулау сипаттамаларына ие, бірақ аязға төзімділігі төмен.

Жылу оқшаулағыш бұйымдар мен материалдар. Жылу оқшаулау өнеркәсібінде диатомит табиғи түрде де (бос ұнтақ оқшаулау ретінде) де қолданылады.

Материалдарды сүзу. Диатомиттер тамақ өнеркәсібі үшін сүзгі ұнтақтарын өндіруге арналған негізгі шикізат түрлерінің бірі болып табылады. Дегенмен, табиғи түрінде екі атомды жер ұнтақтары, әдетте, сүзгі ортасы ретінде пайдалануға жарамсыз. Осыған байланысты диатомиттердің сипаттамаларын жақсарту үшін саз және құм қоспалары, зиянды оксидтер мен органикалық заттар жойылады, ал диатомиттер күйдіріледі (шамамен 1000 ° C), бұл сүзгі ұнтақтарының қасиеттерінің айтарлықтай жақсаруына әкеледі. Сондай-ақ диатомиттер катализаторлар, мұнай өнімдерін мөлдірлеу үшін адсорбенттер, пластмассаларды толтырғыштар, бояулар және т.б., құрғатқыштар, инсектицидтерді тасымалдаушылар және т.б.

Өндірістік ағынды сулардан жер үсті суларын тазалауда да табиғи материал диатомит кеңінен қолданылуда. Елімізде диатомиттің мол қоры шамамен 3 млрд тоннасы Ақтөбе облысында кездеседі. Авторлар өздерінің жұмысында қышқылды-негіздік модифицирленген диатомитті өндірістің ағынды суларынан ауыр металл: мыс, кадмий, мырыш және қорғасын иондарынан тазартуда адсорбент ретінде пайдаланған.

Соңғы кездері судан ауыр металл ионларын, мұнай өнімдерінің дисперсті қоспаларын, фенолдарды, беттік белсенді қаттарды, бояғыштарды тазартуда табиғи адсорбенттер – диатомит пен цеолит қолданылады. Диатомит – ақшыл сұр түсті, кремнийлі табиғи минерал. Оның құрамы келесідей элементтерден тұрады: Na, Mg, Al, Si, Cl, K, Ca, Ti, Fe.

SiO₂ кремний диоксиді диатомиттің химиялық құрамының негізгі компоненті болып табылады. Химиялық құрамында орташа шамамен SiO₂ кремний диоксиді 70-80%, оның ішінде кремний Si 31-35%; ал оттек O 55-60%; аздаған мөлшерде алюминий және темір (III) оксидтері (Al 7,06%-8%; Fe 1,53%-1,74%) болады. Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы кен орнындағы диатомиттің химиялық құрамы 1-кестеде берілген.

1-кесте

Диатомиттің химиялық құрамы

Атауы	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	SO ₃	қ.к.ж
Массасы бойынша құрамы, %	74,77	11,28	4,63	1	1,13	1,55	4,59

Диатомит дисперсті кремнеземдерге жатады және шөгінді жыныс болып табылады және диатомды қабықшалардың тасталған қалдықтарынан тұрады [15]. Сондай-ақ диатомит химиялық құрамы мен кристалдық құрылымының ерекшеліктеріне байланысты сулы ортадан ауыр металл иондарын [16], атап айтқанда, Zn²⁺ [17], Cu²⁺ [18], Cr⁶⁺ [19] иондарын жою үшін қолданылады.

Табиғи тыңайтқыш есебінде де диатомитті ауылшаруашылығында дақылдар өнімділігін арттыру үшін де қолданылады.

Табиғи диатомитті термиялық және химиялық модификациялау нәтижесінде ауыр металл иондары мен мұнай өнімдерін адсорбциялау қасиеті жақсарады. Диатомиттің беткі қабатын модификациялау меншікті беткі қабаты мен микро және мезо саңылаулар үлесінің артуына, сорбенттің адсорбциялық қабілетінің өсуіне әкеліп соғады.

Әдебиеттер

- 1) Bakr H. E. G. M. M. Diatomite: Its Characterization, Modifications and Applications. *Asian Journal of Materials Science*. 2010, 2(3), 121–136.
- 2) Korunic Z. Diatomaceous Earths, a Group of Natural Insecticides, *J. Stor. Prod. Res.* 1998, 34, 87–97.
- 3) Aytas S., Akyil S., Aslani M. A. A. and Aytekin U. Removal of Uranium from Aqueous Solution by Diatomite (Kieselguhr). *J. Radioanal. Nucl. Chemi.* 1999, 240(3), 973–976.
- 4) Badii K., Ardejani F. D., M. Saberi A., and Shafaei S. Z. Adsorption of Acid Blue 25 Dye in Aqueous Solutions. *Indian Journal of Chemical Technology*. 2010, 17, 7–16.
- 5) Wu J., Yang Y.S., Lin J. Advanced Tertiary Treatment of Municipal Wastewater Using Raw and Modified Diatomite *Journal of Hazardous Materials*. 2005, B(127), 196–203.
- 6) Song H., Jiang H., Liu X., Meng G. Nano TiO₂ Deposited on Crude Mineral and the Photoactivity to the Degradation of Chloroform. *American Journal of Environmental Sciences*. 2006, 2(2), 60–65.
- 7) Jia Y., Han W., Xiong G., Yang W. Diatomite as High Performance and Environmental Friendly Catalysts for Phenol Hydroxylation with H₂O₂. *Sci. Technol. of Advanced Mater.* 2007, 8, 106–109.
- 8) Zhang Z. and Wang Z. Diatomite-Supported Pd Nanoparticles: An Efficient Catalyst for Heck and Suzuki Reactions. *J. Org Chem.* 2006, 71(19), 7485–7488.
- 9) Nenadovic S., Nenadovic M., Kovacevic R., Matovic Lj., Matovic B., Jovanovic Z. Influence of Diatomite Microstructure on its Adsorption Capacity for Pb(II), *Sci. Sinter.* 2009, 41, 309–317.67
- 10) Ubonchonlakat K., Sikong L., Phochanugoon S. Photocatalytic Activity of Titanium Dioxide Coating on Diatomite by Sol-Gel Method, *Proc. Technology and Innovation for Sustainable Development*. Conference Faculty of Engineering, K. Kaen University. Thailand, 28–29 January, 2008, 500–503.
- 11) Lingaraju D., Ramji K., Devi M. P. and Rao N.B. M. Synthesis, Fictionalization and Characterization of Silica Hybrid Nanocomposites. *Int. J. of Nanotechnology and Applications*. 2010, 4(1), 21–30.
- 12) Rangswatananon K., Chaisena A., Thongkasam C. Thermal and Acid Treatment on Natural Raw Diatomite Influencing in Synthesis of Sodium Zeolites. *J Porous Mater.* 2008, 15, 499–505.

13) Лосев С.С. Применение природного кремнезема – диатомита celite 545 для количественного определения ионов Co^{2+} . *Вісник УжНУ, Серія Хімія*. 2009, (22), 228–122.

14) Chen Z., Li H., Wang L. Enhancement in Activity of a Vanadium Catalyst for the Oxidation of Sulfur Dioxide by Radio Frequency Plasma. *Journal of Natural Gas Chemistry*. 2003, 12, 195–200.

15) Тарасевич Ю. И. *Природные сорбенты в процессах очистки воды*, Киев:Наукова думка, 1981. – 208 с.

16) Khraishen M.A.M., Al-degs Y.S., Mcminn W.A.M., *Chem. Eng. J*, 99, 2, 177-184 (2004).

17) Li Men-lou, *J. Hunan Univ. Sci. and Technol. Natural Sci*, 19, 3, 81-84 (2004).

18) Врынчану А. *Актуальные проблемы теории адсорбции, пористости и адсорбционной селективности: Материалы 11 Всеросс симпозиума*, Москва, 96 (2007).


19) Yuan Peng, Liu Dong, Fan Mingde, Yang Dan, Zhu Runliang, ets, *J. Hazardous Mater*, 173, 1-3, 614-621 (2010).

ӘОЖ 574.5 (574.1)

ШАЛҚАР КӨЛІНІҢ ГИДРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Абдушева Г.Ж. -аға оқытушы
Есқайратова Т.А.-3курс студенті
Ерсайынов Е.Б. -3курс студенті
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы
abdusheva72@bk.ru
yerasyt.yersayynov@bk.ru
tamasha.eskairat@icloud.com

Шалқар көлі – Орал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 75 шақырым жерде, Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысында орналасқан. Ауданы - 190 - 200км² аралағында өзгеріп тұрады, ұзындығы-18,4км, ең терең жері-14,7км, тереңдігі-13м (1-сурет)



1-сурет. Шалқар көлінің тереңдігінің картасы (сыртқы қызыл контурда көлдің қазіргі акваториясы, ішкі қызыл контурда тереңдігі 5м және одан да көп акватория)

Геологиялық құрылымы Шалқар тұзды массиві өте күрделі геологиялық құрылымға ие. Мұнда олигоцен құмтастарының жасына байланысты әр түрлі шөгінділер пайда болды, тұз күмбезді тектоникамен қалыптасқан. Ең көне жыныстар-Сасай тауындағы Пермь шөгінділері болып табылады.[1]

Шалқар көлінің алабының климаты күрт континенттік. Ол жаздың өте ыстық болуымен, қыстың салқындығымен, жылдық және тәуліктік температураның күрт ауытқуымен, жыл мезгілдеріне біркелкі таралмаған жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады. Көл суының температурасы метеорологиялық жағдайларға, тереңдігіне, тұздылығына, мөлдірлігіне және орнына байланысты өзгеріп отырады. Жаздың орта шеніне дейін Шалқар көлі суының орташа айлық температурасы ауаның температурасынан төмен болып келеді. Судың беткі жағының температурасы 26°C, ал ең терең жерінің асты 8°C дейін жетеді. Мұз қату желге, судың тереңдігі мен мөлшеріне байланысты өзгеріп отырады. Қараша айының аяғы мен желтоқсан айының бас кезінде көлді тұрақты мұз жабады. Күзгі мұз қатудың ұзақтығы орташа 14 күн. Кейбір жылдары су 2-4 күнде, ал ұзарып кеткен күз айларында ауа температурасының бастапқы суытуынан соң 20-30 күнде қатуы мүмкін. Мұздың неғұрлым қалыңдауы наурыз айының соңында байқалып, орташа 70-80 см, ал қатты қыс айларында 1 метр және одан да қалыңдау болуы мүмкін. Мұздың еруінің ұзақтығы 20-30 күн.[2]

Шалқар көліне өзендерден судың келуі кездерінде ондағы су деңгейі көтеріледі. Көктемгі су көтерілуі әдетте наурыз айының аяғы мен сәуірдің басында басталады. Көтерілудің орташа деңгейі тәулігіне 3-5 см. Судың көтерілу кезеңі мен оның неғұрлым көп деңгейінің сақталып тұру ұзақтығы 20-30 тәулік. Су деңгейі жаз бойына түседі, ал неғұрлым азайған деңгейі әдетте қазан айында білінеді. Күзде жауын-шашынның болуына қарай аздап 2-5 см көтерілуі мүмкін. Жыл бойы көлдегі су деңгейінің көтерілуі 50-70 см жетуі мүмкін. Шалқар көлі суының күрт азаюына 2008 жылы 26 сәуірде болған ірі жерсілкінісі себепкер болды. Шалқар көлінің көлемі 2 млрд³ болса, 10 жылдан кейін бұл көрсеткіш 1,5 млрд³ кішірейгенін көруге болады.[3]

біржылдықтардың үлесі төмен 9 (23%) түрді құрайды, екі жылдық өсімдіктер 5 (10%) түр, жартылай бұташықтар 4 (13%), ал бұташық 1 (2%) түрді құрады.

Географиялық талдау 12 географиялық топтың болуын көрсетті: Ежелгі Жерорта 8 (21%), Евразиятық 9 (24%), Евразиятық бореал 1 (2%), Шығыс Еуропалық 1 (2%), Понтикалық 8 (21%), Голарктикалық 4 (11%), Понтикалық Еділ 1 (2%), Плурирегионалды 3 (9%), Евросібірлік 1 (2%), Сібірлік 1 (2%), Еуропалық 1 (2%), Жерорта теңізі 1(2%) түрді құрады.

Жүргізілген *фитоценодикалық талдау* өсімдіктердің 5 түрінің болуын көрсетті. Басым түрлер – дала 23 (59%). Қалған түрлерінің үлесі шамалы: орманды дала 8 (20%), шалғынды дала 3 (8%), сортаң 4 (11%), шалғынды 1 (2%) түрлерді құрады.

Әдебиеттер

1) О внесении изменений в административно-территориальное устройство Западно-Казахстанской области - ИПС "Әділет"

2) Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда ЗКО. Уральск: ЗКГУ, 1998.-175с.

3) Лавренко Е.М., Карамышева З.В., Никулина Р.И. Степи Евразии. Л., 1991.-144 с.

СЕКЦИЯ 2



МЕКТЕПТЕ ЖӘНЕ ЖОО-ДА ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ



МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНЫХ ДИСЦИПЛИН В ШКОЛЕ И ВУЗЕ

UDC 371.3:58

INCULCATING VARIETY IN MAKING THE TEACHING OF BIOLOGY MORE EFFECTIVE

A.A. Amanzholov¹, Olwasegun Shona¹

A.U.Utaubayeva²

1.Nazarbayev Intellectual School Uralsk

Eko.ashat@mail.ru

2.Makhambet Utemissov West Kazakhstan University, Uralsk,

wksu.biology@gmail.com

Teaching biology to young learners is quite an exciting opportunity to bring a common aspect of the world to the classroom. Regardless of the employment path chosen, everyone has a biological make-up and lives in a world full of living things. Students get more interested in the topic as a result and anticipate learning more about topics or living organisms that are significant to them. It is essential for biology teachers to set up their classes so that most, if not all, of these needs are satisfied—at least to the extent allowed by the curriculum. The teacher has the duty of passing on knowledge, but in order to do so, he must be equipped with the appropriate methods.

Every topic presents a unique chance to use some cutting-edge pedagogy. Teaching pedagogies developed in the twenty-first century strive for more than just knowledge transfer. As crucial as the knowledge itself is, how it is transmitted is equally as important. This is because every student has a learning bias, and being able to leverage it to your advantage makes learning more effective. kids can be classified as being given to demonstrations, role playing, or learning best through activity-based assignments. Some kids are excellent in discussions, while others are good at learning spatial concepts. Since the introduction of technology has given instruction in general a little more variety, lesson plans can be more innovatively designed [1].

This topic, enzyme inhibition, was chosen because it contains concepts that are difficult, simple, and moderately difficult. It is divided into a starter, lesson objectives, activities, evaluation, conclusion, and assignment, just like any other lesson. However, this discussion focuses more on how the subsections are presented in order to foster an interesting learning environment. It draws from one of my lessons and I believe it makes for a good case for the topic of discourse.

The first concept that was elaborated happened to be the structure of enzymes as it pertains to what is required to understand the other layers of the topic. Student were asked to create two models using plasticine. The first model would have crevices of any shape on one side with another crevice at the back. The second model should have a shape that can fit into

the crevices in front of the first model. After this, students are asked to create another model they can stick on the side, where the second model fits with the first model. After this activity, students are supposed to describe what they have created in simple English and research using their phones every part of the model they have created. A student is called out to read out what he has written but this time describe the model using more scientific language while the other students critique his descriptions. Essentially the model activity is targeted towards developing the use of certain key words like complementary, allosteric site, cofactor, substrate, enzyme-substrate complex [2].

The second part of the lesson involves teaching students how these new concepts can be used to understand the rate of reaction. Students are placed in groups of two. They are asked to use their phones by going to a virtual lab (Fig.1) to see the effect of changing certain parameters involved in an enzyme-substrate reaction to see the outcome in terms of product concentration, substrate concentration etc. Students are supposed to construct explanations based on what they know about enzymes to show understanding of these graphs. Explanations must make use of the correct terminologies. This will first be written down by each pair after which groups will be called at random to share with the class what they have written down [3].




Fig.1 Virtual lab showing effect of changing parameters in an enzyme-catalysed reaction

The most daunting aspect of enzyme kinetics is understanding the concept of K_m and V_{max} with respect to competitive and non-competitive inhibition. To overcome this challenge student are shown an animation of competitive inhibition.

Students are divided into groups of 4. One group is selected, A student is asked to stand in front of the class with his two hands stretched out and his palms wide open. Other students are asked to fit their palms into his two palms one by one as fast as possible. Then one person from the other group is asked to insert himself or herself by also carrying out this activity. A student is asked to time how fast the process is completed with and without the imposter. Other members are slowly asked to join in to outcompete the imposter in carrying out the task. Note that the timer is only stopped when four consecutive students from the appointed group touch the palms of the standing student. This means that each time the imposter inserts himself the timer must be stopped and started again when the next member of the anointed group makes it through.

Students are later collectively asked to make sense of the activity with respect to their knowledge of science by reaching certain conclusions. The correct words to scientifically

convey the concept is agreed upon between the teachers and the students. K_m is defined as a measure of the ease with which the standing students can make contact with the palms of members of the appointed group. The technical word required is ‘affinity’ i.e. a measure of the enzyme affinity for the substrate. V_{max} is the point at which all the students are able to eventually touch the palms of the standing student, that is scientifically speaking, the maximum rate of reaction. Moving forward, students are asked to reproduce this activity in form of a graph. They should also determine from the graph K_m by using the formula $K_m = \text{the substrate concentration at } 1/2V_{max}$.

The last part of this lesson is teaching non-competitive inhibition. This is taught using a GIF. This means that students can pictorially appreciate how the inhibitor binding at the allosteric site changes the shape of the active site. To demonstrate however, why K_m is said to be the same while V_{max} decreases. Students are asked to link aspects of a flow chart (Fig 2).




Fig 2. Information cards to be linked to produce a flow chart to assess understanding of non-competitive

References

- 1) Dwayne M.W. (2015) Differentiated instruction in the science classroom: student perception, engagement, and learning MSc Thesis Montana state university Bozeman, Montana.
- 2) Jones, M., Fosbery, R., Taylor, D. and Gregory, J. (2020) Cambridge International AS & A Level Biology Coursebook 5th edition Cambridge University Press, Cambridge.
- 3) Kimberly Tanner and Deborah Allen (2004) Approaches to Biology Teaching and Learning: Learning Styles and the Problem of Instructional Selection—Engaging All Students in Science Courses Cell Biology Education Vol. 3, 197–201.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРМАНДЫ ЖЕРЛЕРІНЕ СИПАТТАМА

*Бимагамбетова Г.А. -биология ғылымдарының
кандидаты, профессор
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ.
Ережепова Т. А. - №19 орта мектеп КММ - ның
химия-биология пәні мұғалімі, педагог зеттеуші
b.g.a72@mail.ru*

Ақтөбе облысы географиялық тұрғыда Каспий және Тұран аралығындағы территория бөлігін қамтиды. Геоморфологиялық, климаттық және топырақты өсінді жағдайларының әр түрлілігі горизонталды табиғи зоналарда шоғырланған ландшафттардың көптүрлілігін қамтамасыз етеді.

Орман шаруашылығын аудандарға бөлуге сай орман алқабы көп шоғырланған жерлер де бар. Аймақта ормандардың 3 өсіндісі кездеседі.

Жер бедерінің сипатына қарай облыстың аумағы 5 геоморфологиялық аудандарға бөлінеді: Мұғалжар таулары, Орал - Жем үстірті, Торғай - Арал маңы жазығы, Үстірт беткейі және Каспий сырты ойпаты.

Оңтүстік Оралдың жалғасы болып есептелетін Мұғалжар таулары облыстың орталық бөлігінде орналасып, меридиандық бағытта 450 шақырымға, солтүстік ендікте 48 жотасы бір - бірінен тау арасындағы кең ойпатқа бөлінген. Солтүстік Мұғалжар Елек пен Ырғыз өзендері арасындағы ені 200 шақырым кеңістікті алып жатқан өркеш төбелі биіктіктер. Солтүстік Мұғалжар, Ор өзені арқылы батыс және шығыс тармақтарға бөлінген. Солтүстік Мұғалжардың батыс тармағы Орал тауының орталық және су айрығы бөліктеріндегі, теңіз деңгейінен биіктігі 440-460 м. жалғасы болып жатқан үстірті секілді. Үстірт су айрығынан батысқа қарай ағынды сулармен тілімденіп, ұсақ шоқыларға айналған, ал шығысқа қарай Ор өзенінің сол жақ салаларымен тарамдалып, төбешікті жазыққа ұласады, оның бастауының биіктігі 509 м. Солтүстік Мұғалжардың шығыс қанаты деңгейінен биіктігі 340 м жететін біркелкі жазық болса, кейін Ор өзеніне таман төмендей түседі.

Ақтөбе облысының солтүстік және солтүстік шығыс аудандарының климаты аяқ астынан континенталды болып келеді және құрғақ қатты және шыңды дауыл соғып тұрады.

Климаттық көрсеткіштердің сипаттамалары Ақтөбе қаласының ауа-райын болжау стансасының көптеген жылдар бойы мәліметтері бойынша жүргізіліп келеді.

Қыстың ең салқын айының (қаңтар) айлық орташа көрсеткіші $-15,6^{\circ}\text{C}$ құраса, абсолюттілі темпиратура минимумы ауаның -45°C құрайды.

Ең қатты ыссы ай шілде айы орташа айлық темпиратурасы $+22^{\circ}\text{C}$ құраса. ауаның абсолютті тәуліктік температурасы арқылы осының өзі көктемгі аралықтың басталғанын білдіреді.

Темпиратура құрамы 10°C жоғары болады. Оның өзі өсімдіктің жылумен қамтылғанын білдіріп отырады және 2700°C құрайды [1].

Жер қыртысының табиғи – ауылшаруашылық жүйеленуіне сәйкес, аталған аумақ құрғақ өлкелік аумаққа тиесілі, құрғақ дала қыртыстарымен,

биоклиматтық кезеңіне қыртыс пен өсімдіктердің жағдайлары геоморфологиялық және қыртыс түзуші тұқымымен, ылғалдылық шарттармен ерекшеленеді.

Шекараның жоғарғы бөлігінің құрылымы Орал маңының үстіртіне тиесілі және жамылғы бөктерлі жоғарғы денудационды жазық абсолютті биіктігі 250 - 400 м, анық эрозиянды рельефімен ерекшеленеді.

Ақтөбе облысы Қазақстанда орманды өңірлердің бірі. Мемлекеттік орман қорының ауданы және айрықша қорғалатын аудандарының аумағы 540,5 мың гектар, оның 192,5 мыңын мемлекеттік орман қоры алып жатыр.

Орман ауданның тікенді дала мен жасанды орман Орал, Жаксы-Қарғалы, Елек және де басқа кіші өзендер алып жатыр. Өзен алқабында қандыағаш, терек және су жайылымдық түрлері өсуде.

Қайың, шегірін, үйеңкі, емен, терек сияқты орман түрлендіруші тұқымдар қатарына, Ойыл ауданының шағылында табиғатта өте сирек қарағай өседі. 1896 жылы офицер Н.Иванов Орынбор қаласынан қарағай көшетін әкеліп оны Ойыл шағылына отырғызған болатын. Қазіргі таңда ол 298 гектар аумағына таралып өсіп – өнуде деген деректер бар.

Мемлекеттік орман қоры жерінің көлемі 19256 мың га құраса, оның орманды жабынды алаңы 47,7 мың га немесе орташа облыс аумағының 0,16 % - ын құрайды. Облыс ормандары негізінен далалықтарда орналасқан және Орал, Елек, Қарғалы, Ойыл секілді ірі өзендер және басқа шағын өзендер бойын қуалай орналасқан. Аймақта орман шаруашылығының 7 мемлекеттік мекемесі жұмыс істейді. Олар:

- 1) «Ақтөбе орман шаруашылығы» ММ
- 2) Үлкен борсық
- 3) Қарабұтақ
- 4) Мәртөк
- 5) Темір
- 6) Ойыл
- 7) Қобда

Олардың әрқайсының аумағы бірегей ландшафт ретінде сипатталады.

Шалқар ауданында Үлкен - Борсық орман шаруашылығында қара сексеуіл өсіреді, оның көлемі – 2780 гектар аумақты алып жатыр. Арине, орман - байлық және оған ұқыпты қарап оны қорғау қажет. Әсіресе өрттен, өйткені оның әсері жергілікті ресурстарға оның апаты ешқандай салыстыруға келмейді.

Қылқанды қарағайдың 0,46 мың га. жасанды. Аймақтың солтүстік және орталық бөлігінде қайың, терек, көктерек, қандыағаш түрлері таралған. Жалпы ауданы – 4,8 мың га. Жасанды отырғызылған қалыңжапырақты түрлерге емен, үйеңкі, шегірін және т.б жатса, жалпы ауданы – 21,6 мың га. оның ішінде шегірін- 21,12 мың га. құрайды [2].

Оңтүстік облыстың көптеген аумағын құм алып жатыр. Құмды алқаптарда қара сексеуіл кездеседі, оның алып жатқан аумағы- 2,7 мың га.

Басқа ағаш түрлері – 5,8 мың га. жерді алып жатыр, оның ішінде қорғаныс жолақтары темір жол бойында орналасқан, онда шегірін мен үйеңкі өседі, оның алып жатқан аумағы - 5,1 мың га. Бұталар аймақта шашыраңқы орналасқан және онда талдар, қарақат, шырғанақ, ырғай, сары қараған өседі, жалпы алып жатқан аумағы- 12,2 мың га құрайды, ал оның 9,6 мың гектар жерін талдар алып жатыр.

Барлық облыстағы ормандар маңызды функциялар атқарады, олар: климатты қалпына келтіру, қоршаған ортаны сақтау, су сақтау, санитарлы-гигиенаны сақтайды.

Орман шаруашылығы орындайтын функциялардан басқа, орман шаруашылығындағы мемлекеттің орман қоры келесі категориялар бойынша бөлінеді:

- қала ормандары мен орманды саябақтар – 7344 га (4%);
- елді мекендердегі жасыл аймақтар мен денсаулық сақтау мекемелері – 10845 га (6%);
- эрозияға қарсы ормандар – 92985 га (47%);
- өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да объектілер бойындағы шектелген орман белдеулері – 11981 га (6%);
- халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары мен темір жол бойындағы қорғаныштық орман белдеулер – 8709 га (4%);

- далалық және топырақты орман қорғау – 64554 га (33%).

Дала аймағындағы табиғи ағаштар мен бұталар жайылымдары Жайық, Жақсы - Қарғалы, Елік, Ойыл және ағынды жерлер мен сайларда шоғыр-ланған. Жағалаудағы орманның басым түрлеріне: терек (1315), қайың (1258), көктерек (885) т.б. жатады.

Сексеуіл (4647 га), жиде (515 га), жүзгін (91 га) бұталы ағаштары шөлді аймақта таралған. Ауданның жалпы аумағының 64%-ы жасанды отырғызылған. Жасанды плантацияларында шегіршін басым, оның аумағы – 21590 га, оның 94% орман екпелері құрайды. Қарағай мен қарақат жалпы ауданның - 2% -н құраса, ал 1%-н үйіңкі алып жатыр.

Жасанды отырғызылғандардың 1%-дан азын емен, алма мен алмұрт ағашы құрайды [3].

Орманды жерлердің орташа пайызы 0,2% құрайды. Ақтөбе қаласындағы орманды алқап жері -2,4%, Мәртүк және Қарғалы ауданында 0,7 – 0,6 %.

2000- 2015 жылдар аралығында орман қорғау мемлекеттік мекемелерде 1259 га жерге дақыл отырғызылған болса, оның ішінде шегіршін – 304 гектар жерге, сексеуіл – 930 гектар жерге және жиде дақылдары – 25 гектар жерге отырғызылған болатын (кесте1) [4].

Ақтөбе облысының ормандарының көптеген аумағы негізінен қала ормандары, жасыл желектер және орман саябақ бөліктері қорғау категориясы ірі өндірістік кәсіпорындарға жақын орналасқан. Өндірістік газдардың бөлінуінің білінетіндігі соншалықты, тіпті кешкі және түнгі уақыттарда автотранспорт қозғалысын қиындата түседі.

Кесте 1.

Ақтөбе облысының орман алқаптарындағы табиғи ағаштар және бұталардың тізімі

№	Қазақша атаулары	Латынша атауы	Өмір сүру формасы	Таралуы
1	2	3	4	5
ҚАЙЫҢ ТҰҚЫМДАСТАРЫ – BETULACEAE S.GRAY				
1	Салбыраң-қы қайың	<i>Betula pendula</i> Roth	ағаш	Дала зонасындағы өзен алқабында және топырақты жыра-сай арасында
2	Сүйелді қайың	<i>Betula pubescens</i> Ehrh	ағаш	Дала зонасындағы бұлақ шығатын, ылғалды жерлерде
3	Жабысқақ қарағаш	<i>Alnus glutinosa</i> (L) Gaerth	ағаш	Дала зонасында және бұлақтың шығатын жеріндегі жылғаларда
ИЛЬМА ТҰҚЫМДАСЫ – ULMACEAE MIRR.				
4	Қарағаш	<i>Ulmus laevis</i> pall	ағаш	Елек өзенінің алқабында
5	Тікентұқымды жиде	<i>Eleagnus oxycarpa</i> Schlecht	ағаш	Дала және шөлді зоналарда, өзен алқаптарында
6	Көктерек	<i>Populus tremula</i> L.	ағаш	Дала зонасында
7	Ақтерек	<i>Populus alba</i> L.	ағаш	Дала зонасындағы өзен алқаптарында
8	Қаратерек	<i>Populus nigra</i> L.	ағаш	Елек өзенінің алқабында
9	Тікен жапырақты тал	<i>Salix acutifolia</i> Willd.	ағаш	Дала зонасындағы өзен алқаптарында

10	Ақ тал	Salix alba L.	ағаш	Дала және шөлді зоналарда, өзен алқаптарында
11	Ешкі тал	Salix caprea L.	бұта	Мәртөк ауданындағы қайыңды орманда
12	Күмәнді долана	Strataegus ambigua C.A. Mey	ағаш	Жем ауданындағы борлы аймағында
13	Бұталы шиіе	Cerasus fruticoza (Pall) Woronov	бұта	Дала зонасындағы қайың және көктерек аумағында

Ақтөбе облысы бойынша 53,2 га жерде зақымданған орман алқабы 0,51 мың м³, өлі тұрғызылған ағаштар 10,96 мың м³. Өлі ағаштар негізінен топырақтың жарамсыздығымен өндірістік орындардан бөлінген улы газдардың қосындысынан пайда болды.

Орман ағаштары өлімінің себебі түрлі факторларға байланысты болды. Мұндай ормандардың ауқымы 26,54 мың м³ құрайды. Жұмсақ жапырақты ағаштар тобы бойынша орманды қалпына келтіру жұмыстары табиғи жолмен жасалады. Қатты жапырақты ағаштар тобы бойынша көп аумақты алып жатқан өлі ағаштарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қордағы бар ағаштарды экология негізделе қолданудың маңызды бақылау көрсеткіші 1 га жерден бастап қолдану болып табылады. Орманды қалпына келтіру бойынша ылғалды орман ағаштарын кесу туралы айтатын болсақ, қолдану аясы 2,5% аспайды [5,6].

Тексеріс мерзімінде орманның экологиялық жағдайы күрт түсіп кеткенді байқалған. Көп аумақты алып жатқан өлі ағаштардың санының артқанын, ағаштардың нашар жағдайынан байқауға болады.

Қолданылудың негізгі ауқымы ағаштарды кесудің басқа түрлері болды. Мекеме орындарына жобаланған шараларды орындау нәтижесінде орманданған жерлердің артуына байланысты экологиялық жағдайы жақсаруы қажет.

Әдебиеттер

- 1) Ақтөбе облысының энциклопедиясы.-Ақтөбе. 2003. 236 б.
- 2) Барабы.Т. Структура, функционирование и эволюция системы биогео-ценозов. Новосибирск:Наука» 1986. 495 б.
- 3) Программа и методика биогеоценологических исследований.- М.:Наука,1984.403 б.
- 4) Биологическая продуктивность растительности Казахстана.-Алма-Ата:Наука, 1986. 107 б.
- 5) Аллабергенұлы Д. Отанымыздың байлығы мен сұлулығы // Дидар. 2008. 2-б.
- 6) Сағимұратов Е. Орман мәселесі ойландырады //Семей таңы. 2009. 9-б.

БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КЕЙБІР ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Кушеккалиев А.Н.¹ – ф.- м. ғ. к., ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі, **Медешова А.Б.**¹ – п. ғ. к., қауымдастырылған профессор, **Елтаев А.Е.**¹- информатика білім беру магистранты, **Бактығалиев Б.Б.**²-математика магистрі,

¹*М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы*
²*“Amazon” компаниясы*

Цифрлық платформалар – қазіргі заманғы жоғары білімнің маңызды құралы. Жоғары білім беруде цифрлық технологиялық шешімдерді қолдану білім беру сапасын жаңғырту мен арттырудың негізгі процестерінің бірі болып табылады. Жоғары оқу орындарының қызметіне цифрлық платформаларды енгізу бірден бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік берді.

Онлайн білім беру белсенді дамып келеді, бұл соңғы онжылдықтағы тұрақты үрдіс [1, 3, 4]. Сондай-ақ, мемлекеттер мен қоғамның білім беру жүйесіне деген сұраныстары қазіргі жағдайда мамандарды даярлау сапасына (ақпараттық дәуір, Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі) белсенді түрде талдануда [2].

Қазіргі кезеңдегі жоғары білім беру жүйесін цифрландыру мәселелеріне шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері арналған. Р. Барро, М. Бликс, Х. Вариан, Д. Вейл, Ф. Голдфарб, С. Гринштейн, Дж. Кендрик, К. Такер өз жарияланымдарында цифрлық технологиялық шешімдердің ЖОО-дағы оқу процесінің құрылымы мен ұйымдастырылуына әсер етуінің тұжырымдамалық негіздерін қарастырады, сондай-ақ цифрлық трансформация жағдайында экономикалық өсу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Шетел ғалымдары А.Г. Аганбеган [6], О.Н. Антипина, Е. В. Балацкий, Н.А. Екимова [7], З.Н. Афинская, А.В. Алтухов [8], Б.А. Бурняшов [9], Б.А. Бегалов [10], И.З. Гелисханов, Т.Н. Юдина, А. В. Бабкин [11], С.Ю. Глазьев [12], И.А. Докукина, А.В. Полянин [13], И.Е. Жуковская [14], И.Е. Золин [15], А.В. Кешелаева [16], Н.В. Лясников, Д.Д. Буркальцева [17], Н.Г. Малошонок [18], Э. Макафи, Э. Бриньолфсон [19], А.А. Ержанова [20], А.С. Славянов, С.С. Фешина [21], П. А. Смелов, Е. А. Егорова, П. Э. Прохоров [22] Е. В. Плотникова, М. О. Ефремова, О.В. Заборовская [23] ғылыми еңбектерінде экономиканың әртүрлі салалары мен салаларында, соның ішінде жоғары білім беру саласында цифрлық технологиялар мен веб-сервистерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Соңғы кезде ғалымдардың жеке жұмыс шеңбері цифрлық платформаларды дамытуға арналған. Мәселен, А. Nagiu, Е. Taylor, А.В. Бабкин, П.Н. Широков, В. О. Данилова [24] цифрлық платформалар тиімді желілік өзара әрекеттесудің әсерін ғана емес, сонымен қатар 24/7 режимінде барлық цифрлық платформа пайдаланушыларының көп функциялы өзара әрекеттесуіне ықпал ететіндігін атап өткен.

Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру ұйымдарында енгізілген жарқын сипаттамалары бар келесі цифрлық білім беру ресурстары талданды. Әр ресурста оның жалпы сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері, педагогикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық мүмкіндіктері бар.

LearnSmart (McGraw-Hill Education, АҚШ, <http://learnsmartadvantage.com>).

Бұл оқушылардың дағдылары мен білім деңгейлерін, сондай-ақ оқудағы прогресті (қандай тақырыптар игерілгенін, одан әрі оқу мен тәжірибені қажет ететінін және т.б.) бейімдеп бағалайтын интерактивті оқыту құралы. Оқу курстарының мазмұны

материалды игеру динамикасына, оқушының білімінің «күшті және әлсіз жақтарына», оның осы білімге деген сенімділік деңгейіне байланысты түзетіледі.

Learnsmart адаптивті технологиясы сонымен қатар оқу процесінде есте сақтау ерекшеліктерін ескереді (өнім іске қосылған сәттен бастап барлық оқушылардың LearnSmart пайдалану тәжірибесін жинақтау негізінде). Жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, студенттер семестр/жыл ішінде жиі ұмытып кететін тақырыптар пулы анықталды және мезгіл-мезгіл бұл тақырыптар оқушыларға еске салынады (бекіту және тереңірек зерттеу үшін).

Динамикалық түрде жасалған есептер қосымша бекітуді қажет ететін прогресс пен аймақтарды құжаттайды және оқушылар нақты уақыт режимінде кері байланыс алады. Оқушылардың үлгерімін бақылай отырып, оқытушылар бүкіл сыныптың (топтың) немесе жеке білім алушының түсіну және шеберлік деңгейін бірден бағалай алады.

ALEX (McGraw-Hill Education, АҚШ, <https://www.aleks.com>).

Американдық McGraw - Hill Education оқу әдебиеті баспасының өкілдері әзірлеген жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, бейімделген білім беру платформасы. Платформаның ең маңызды ерекшелігі – бұл өнімде әр оқушының оқу сапасын бақылау үшін жасанды интеллект (AI) қолданылады.

ALEX әр сәтте, әр жеке тақырып бойынша оқушы оқу материалын игергенін «біліп отырады». Олай болмаса, бағдарлама оқушының белгілі бір уақытта тақырыпты үйренуге дайын екенін біледі. Бұл тәсіл оқытуды тиімдірек және тиімді етеді-оқушыларға дәл қазір үйренуге дайын тақырыптарды ғана таңдауға болады.

Оқыту барысында бірнеше таңдау сұрақтарынан аулақ болады, оның орнына қағаз бен қарындашпен жасалатын нәрсеге еліктейтін икемді және қолдануға оңай жауап енгізу құралдары қолданылады. Оқушы жүйеге алғаш кірген кезде оқу барысында қол жетімді функционалдылық көрсетіледі. Содан кейін студент бастапқы білім деңгейінің жүйесімен бағалауды бастайды: қысқа уақыт ішінде (көптеген курстар үшін шамамен 45 минут) аздаған сұрақтар қойылады (әдетте 20-30).

Әрбір келесі сұрақ алдыңғы сұрақтарға жауаптар негізінде таңдалады. Тиісінше, бағалауға арналған сұрақтардың әр жиынтығы ерекше, белгілі бір оқушыға қандай сұрақтар қойылатынын болжау мүмкін емес. Тестілеу аяқталғаннан кейін оқушының білімі бағалау компоненттері бойынша көп түсті дөңгелек диаграмма түрінде ұсынылады; диаграмма курс тақырыптарын меңгерген сайын қайта құрылады.

Оқушы үзілістен кейін қайта кірген сайын, ол автоматты түрде соңғы жұмыс істеген жеріне оралады. Бұл тәсіл үзіліс интернетке қосылудың күтпеген жоғалуына немесе компьютердің бұзылуына байланысты болса да жұмыс істейді.

Бағдарлама студенттерге курстан өтуге қатысты барлық мәселелер бойынша оқытушымен байланысуға мүмкіндік беретін «мұғалім-оқушы» кешенді виртуалды байланыс ортасын ұсынады; онлайн-кеңес беру де қол жетімді. Көптеген тақырыптар ағылшын және испан тілдерінде қол жетімді.

MeinUnterricht (Клетт, Германия, <https://www.meinunterricht.de>).

MeinUnterricht (Менің сабағым) – сабаққа тез дайындалуға мүмкіндік беретін оқу материалдарының онлайн-платформасы. Klett баспасы да әзірлеген. Платформада Klett холдингіне кіретін 15 неміс оқу әдебиеті баспаларының Оқу материалдары және 5 тегін білім беру ресурстары ұсынылған. Платформа әдістемелік әзірлемелердің жеке жинақтарын жасауға және сақтауға мүмкіндік береді.

MeinUnterricht мүмкіндіктері:

- мамандандырылған баспалардан 130 000 - нан астам жоғары сапалы оқу материалдары;

- интернетке қосылған кез келген құрылғыдан оқу материалдарына қол жеткізуге болады;

- оқу материалдарының әзірлемелерін кез келген уақытта жасау, сақтау және пайдалану мүмкіндігі бар;

- басқа педагогтармен бірлесіп жұмыс жасауды қамтамасыз етеді.

RAAbits (Клетт, Германия, <https://www.raabe.De>, <https://www.raabits.de>).

RAAbits – дайын және қосымша оқу материалдары орналастырылған 21-ші пәндік онлайн-порталдың желісі. Онлайн порталдар мұғалімдерге сабаққа дайындық кезінде уақытты үнемдеуге көмектеседі. Мектеп басшылығы мұнда күнделікті оқыту мәселелерін шешуге көмек, сондай-ақ оқыту және мектепті басқару туралы пайдалы ақпарат табады. Ресурс Klett баспасынан әзірленген.

Бүгінгі таңда Coursera, EdX, Udacity, Intuit көптеген онлайн курстар ұсынылған ең ауқымды және танымал ресурстар болып табылады.

Coursera – Стэнфорд университетінің информатика профессорлары Эндрю Ын және Дафна Коллер негізін қалаған онлайн білім беру жобасы. Оның аясында онлайн-курстар жиынтығы түрінде интернетте білім беру материалдарын жариялау жобасы бар. Жоба жүйеде әртүрлі білім салалары бойынша курстар жариялайтын және жүргізетін университеттермен байланыста. Тыңдаушылар курстардан өтеді, курстастарымен байланысады, тесттер мен емтихандарды тікелей Coursera сайтында тапсырады.

Кейбір Халықаралық университеттер тіпті Coursera-да бүкіл оқу бағдарламаларын меңгеруді және бакалавр немесе магистр дәрежесін алуды ұсынады.

Edx – Гарвард университеті мен Массачусетс технологиялық институты құрған халықаралық онлайн білім берудің жетекші порталы, ол әлемдегі ең жақсы университеттердің курстары мен дәрістеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеуге әртүрлі ғылымдар қол жетімді. Жоба ағылшын және испан тілдерінде ұсынылған.

Udacity Стэнфорд университетінің информатика бағдарламасын кеңейту нәтижесінде пайда болды. Udacity – бұл өмір бойы оқитын адамдар өздеріне қажетті дағдыларды алуға, өздеріне лайықты өмір салғысы келетін жұмыс табуға келетін орын. Бағдарламалау, деректерді өңдеу, өнімді басқару және т. б. салаларда 40-тан астам бағдарлама ұсынылады.

Intuit – алғашқы орыс тілді білім беру платформаларының бірі-бірінші курсты 2003 жылы бастады және содан бері үнемі жаңа нәрсе, соның ішінде Microsoft және Intel серіктестіктерінде іске қосылды. Жоба сайтында Информатика, Ақпараттық технологиялар, математика, Физика, Экономика, Менеджмент және басқа да заманауи білім салалары бойынша 800-ден астам оқу курстары ашық және тегін қолжетімді.

Open.kz Қазақстанның ашық университеті – ашық онлайн-курстар форматында оқу материалдарын жасаумен, сондай-ақ бейне дәрістерді түсірумен және орналастырумен айналысатын қазақстандық коммерциялық емес жоба. Жобаның операторы Ұлттық аударма бюросының қоғамдық қоры болып табылады.

«Қазақстанның ашық университеті» – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен оқытушыларының онлайн-курстарына шектеусіз тегін қол жеткізуді ұсынатын білім беру платформасы.

Кез-келген адам платформада орналастырылған онлайн курстарды, қашан және қай жерде ыңғайлы болса, шектеусіз игере алады. Жоба аясында тарих, философия, әлеуметтану, психология, антропология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, инновация, медиа, экономика, менеджмент және бизнес бойынша әлемнің жетекші университеттерінің үздік оқулықтары қазақ тіліне аударылады.

Халықаралық цифрлық білім беру өнімдеріне, ресурстарына және қызметтеріне шолу мынаны айтуға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіне арналған цифрлық өнімдерді жасау саласы деңгейлеріне қарамастан жылдам қарқынмен дамып келеді. Негізінен, цифрлық өнімдер мазмұнды құру және оқыту форматтарына технологиялық тәсілдерді әзірлеу үшін кадрлары бар баспаларды сәтті жасайды.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша қаржыландыратын АР14872018 «Кәсіптік білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқыту» жобасының бір бөлігі ретінде жүргізілді.

Әдебиеттер

- 1) Елкина И.М. Современное онлайн- и офлайн образование с позиции видения философии образования.//Ценности и смыслы, 2020, №6(70). С.9-31.
- 2) Иванова С.В., Иванов О.Б. Перспективы развития образования в условиях четвертой промышленной революции.//ЭТАП: Экономическая Теория, Анализ, Практика. 2019, №6. С. 7–30.
- 3) Роберт И.В. Цифровая трансформация образования: вызовы и возможности совершенствования.// Информатизация образования и науки. 2020. № 3(47). С. 3–16.
- 4) Сорова Г.В., Рикель А.М. «Онлайн поневоле»: вовлеченность и ответственность// Профессиональное образование в современном мире. 2021. том 11. № 1, с. 214–226.
- 5) Национальный доклад о состоянии и развития системы образования республики Казахстан. Астана 2019г.
- 6) Аганбегян А.Г. Как подстегнуть ВВП: ставка на «умную экономику» ускорит рост экономики [Электрон. ресурс]. 2017. Режим доступа: <http://www.forbes.ru/biznes/349545-kak-podstegnutostr-vvp-stavka-na-umnuyu-ekonomiku-uskoritrost-economiki>.
- 7) Балацкий Е.В., Екимова Н.А. Инновационно-технологические матрицы и национальные стратегии экономического развития // Управленец. 2019. Т. 10. № 5. С. 9–19.
- 8) Афинская З.Н., Алтухов А.В. Эвристический потенциал «кочевых» понятий: платформа // Коммуникативные исследования. 2020. Т. 7. № 1. С. 31–44.
- 9) Бурняшов Б.А. Персонализация как мировой тренд электронного обучения в учреждениях высшего образования [Электрон. ресурс] // Современные проблемы науки и образования. 2017. № 1. С. 90. Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=28401246&>. (Дата обращения: 26.07.2022).
- 10) Бегалов Б.А., Жуковская И.Е. Оценка развития малого бизнеса и частного предпринимательства в Республике Узбекистан на основе цифровых технологических решений // Вестник Тверского государственного университета. Серия: Экономика и управление. 2022. № 1(57). С. 122–133.
- 11) Гелисханов И.З., Юдина Т.Н., Бабкин А.В. Цифровые платформы в экономике: сущность, модели, тенденции развития // Научно-технические ведомости СПбГПУ. Экономические науки. 2018. Т. 11. № 6. С. 22–36.
- 12) Глазьев С.Ю. Информационно-цифровая революция // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. 2018. № 1(23). С. 70–83.
- 13) Докукина И.А., Полянин А.В. Организация децентрализованного управления на основе цифровых платформ распределенного реестра // Естественно-гуманитарные исследования. 2020. № 27(1). С. 76–81.
- 14) Жуковская И.Е. Основные тренды совершенствования деятельности высшего учебного заведения в условиях цифровой трансформации // Открытое образование. 2021. № 25(3). С. 15–25. DOI: 10.21686/1818-4243-2021-3-15-25.
- 15) Золин И.Е. Роль цифровой экономики в развитии системы непрерывного образования // LogosetPraxis. 2019. Т. 18. № 1. С. 41–51.
- 16) Кешелава А.В. Цифровые инструменты цифровой экономики: базовые вопросы и определения [Электрон. ресурс]. Режим доступа: <http://integral-russia.ru/2019/09/10/tsifrovyeinstrumenty-tsifrovoj-ekonomiki-bazovye-voprosyi-opredeleniya/>. (Дата обращения: 7.08.2022).

17) Лясников Н.В., Буркальцева Д.Д. Формирование в России цифровой экономики: проблемы развития систем управления // Экономика и социум: Современные модели развития. 2019. Т. 9. № 3. С. 28–47.

18) Малошонок Н.Г. Взаимосвязь использования Интернета и мультимедийных технологий в образовательном процессе со студенческой вовлеченностью // Вопросы образования. 2016. № 4. С. 59–83. DOI: 10.17323/1814-9545-2016-4-59-83.

19) Макафи Э., Бриньолфсон Э. Машина, платформа, толпа. Наше цифровое будущее. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019. 320 с.

20) Рязанова А.А. Цифровые платформы: интегративный потенциал, основные понятия и свойства. //Вестник современных цифровых технологий. 2020. № 4. С. 26–36.

21) Славянов А.С., Фешина С.С. Технологии искусственного интеллекта в образовании как фактор повышения качества человеческого капитала.//Экономика и бизнес: теория и практика. 2019. № 7. С. 156–159.

22) Смелов П.А., Егорова Е.А., Прохоров П.Э. Современные ИКТ в статистике в эпоху цифровой экономики.//Материалы Международной Научно-практической Конференции «Статистика в цифровой экономике: обучение и использование» (Санкт-Петербург, 1–2 февраля 2018 г.). СПб: Санкт-Петербургский Государственный Экономический Университет, 2018. С. 140–141.

23) Плотникова Е.В., Ефремова М.О., Заборовская О.В. Комплексная оценка уровня цифровизации ведущих университетов российской федерации. //Вестник Алтайской академии экономики и права. 2019. № 9(2). С. 98–108.

24) Бабкин А.В., Широков П.Н., Данилова В.О. Приоритеты инвестиционной политики государства в системе обеспечения экономической безопасности реального сектора экономики.//Научно-технические ведомости Санкт-Петербургского государственного политехнического университета. Экономические науки. 2020. Т. 13. № 1. С. 55–64.

ӘОЖ 372.854

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА PISA ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

*Валиева Э. Т.-7М01507-Химия БББ 2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің*

PISA - (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білімі мен біліктілігін зерттеудің халықаралық бағдарламасы.

PISA негізінде - бұл өмірде кездесетін ситуацияларды шешуге қатысты пәндік білімін, біліктілігін, дағдысын жинақтап көрсетуге бейімділігі. Бұл 15 жастағы оқушының құзырлығының даму деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құрал. Бұл жаста көп елде мектептегі міндетті білім тәмамдалады. PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қояды. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір

айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. Оқушылардың білімді игеруіне байланысты деңгейлік тапсырмалар берілген және олардың орындау қабілеттеріне қарай қойылатын талаптар деңгейлері де әртүрлі.

Жоғары деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды түсіндіре білуі, өсімдіктер, жануарлар, тіршілік үрдістер құрылымы туралы кейбір түсініктері, заттардың қасиеттері мен физикалық құбылыстар туралы білімдері, үрдістер мен құбылыстар туралы білімдері, зерттеуді жүргізуге байланысты бастапқы түсініктерінің болуы, кейбір жаратылыстану түсініктерін күнделікті өмірден алынған физикалық және биологиялық үрдістер туралы ақпараттармен байланысын түсіндіру қабілетінің болуы, қысқаша жауап құрастыруы тиіс.

Орта деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті, жаратылыстануға байланысты тәжірибелік жағдайларды және негізгі ұғымдарды түсінуі, тірі ағзаларды сипаттауға және олардың қоршаған ортамен байланысын анықтауы, адам биологиясы мен оның денсаулығы туралы кейбір түсініктері, жалпыға танымал физикалық құбылыстар туралы кейбір түсініктері, күн жүйесі мен жер туралы негізгі дәлелдерді білуі, суреттерді түсіндіру және тәжірибелік жағдайларда білімін қолдану қабілетінің болуы тиіс[1].

Төмен деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар қарапайым білімді болады, адам денсаулығына және жануарлардың мінез-құлық және физикалық сипаттарына байланысты кейбір қарапайым фактілерді білу, заттардың кейбір қасиеттерін көрсете білу қабілеттерінің болуы, белгілері бар суреттерді, қарапайым диаграммаларды түсіндіру, қарапайым кестелерді толтыру қабілетінің болуы, нақты дәлелдерді қажет ететін сұрақтарға қысқаша жауаптар құрастыруы тиіс.

PISA есептерінің шарты: өмірден алынған қандай да бір ситуацияның жазбасы; не есептің шарты, не сұрақтың мазмұны нақты бір пәндік білімге сүйенбейді; есептің шарты тұлғалық тәжірибемен сәйкестендірілген – ашық; әрбір есеп немесе тапсырма өзіндік шешімді талап ететін қандай да бір ситуация болып табылады.

Мақсаты- оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алу қабілеттілігін зерттеу.

Міндеттері: білім беру саласындағы әлемдік басылымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау.

Күтілетін нәтиже: оқушылар PISA-халықаралық зерттеуге жүйелі дайындалады, PISA-халықаралық зерттеуге арналған материалдар жинақталады, оқушылардың химия пәні бойынша білім деңгейі анықталады. Бағдарлама мен оқулықтағы білім негіздерін оқытып, үйрету; оқу қорытындысын, білім бағытын және мазмұнын жетілдіру; оқушының білімін объективті түрде айқындау, бағалау; оқушылардың оқудағы жетістіктерін - объективті бағалау; әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау; оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру; оқыту сапасын жақсарту; оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруінанықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу.

Бағалаушкаласы:

«5» - 17 - 20 балл (100%-89%)

«4» - 14 - 16 балл (75%-88%)

«3» - 12 - 13 балл (61%-74%)

«2» - 0 - 11 балл (60%-дан төмен)

Критериалды бағалаудың пайдасы: нақтылық, әділдік, ынталандыру, белсенділік, жеке тұлғаретінде қалыптастыруға маңыздылығы зор. Сол себепті әр бөлім бойынша тапсырмалар жинағы құрастырылды.

«Геологиялық химиялық қосылыстар» тарауы бойынша тапсырмалар

1. 2006 жылы Ресей ғалымдары құрамы $(C_2S)_8$ болатын жаңа затты синтездеп алды. Оның құрылымдық формуласы күнбасы сияқты болғандықтан, затты қалай деп атады?

2. Отсыз түтін шығады. Қалай?

3. Металдар тіршілік үшін зиян келтіретін жағдайлары бола ма? Оны болдырмау шаралары жөнінен білесіздер?

2. Магнит тарихы (6 сурет) екі жарым мың жылдан бері жалғасуда. Көне қытай ғалымдары VI ғ. өзіне темір заттарды тартатын минералдарды тапқан. Қытайда оны «чу-ши» демек, «сүйгіш тас» деп атаған.



Сурет 1. Магнит тасы

«Магнит» атауын көне грек драматургы Еврипид (б.д. дейінгі V ғ.) тауып, өзінің бір шығармасында оның қасиеттерін сипаттаған. Мұндай атау бұл минерал Магнессия қаласының маңында табылғанымен байланысты. Магнит «Магнессия тасы» дегенді білдіреді. Ерте заманда магнит қасиеттерін оның «тірі жаны» бар деп түсінген. Ерте заманнан ит етке қалай ұмтылса магнит те темірге солай «ұмтылады» деп ойлайды. Қазір біз мәселе магнит тудыратын ерекше өрісте екенін білеміз. Кез-келген магниттің айналасында магнит өрісі болады. Осы өрісте темірді магнитке тартады. Қазіргі кезде табиғи магнит FeO (31%) және Fe_2O_3 (61%) тұратын магниттік темір кесектері екендігі белгілі морт қара минерал. Сұрақ: бұл қара минералдың тығыздығы неге тең? [2].


A) 2000 кг/м³

B) 5000 кг/м³

C) 1000 кг/м³

D) 3000 кг/м³

3. Магнит өрісі – материяның ерекше түрі, ол заттармен ерекше және магниттелген дендер айналысында болады (7 сурет). Магниттің магниттік қасиеттері аса күшті емес, қазіргі кезде магнит өрісі өте күшті жасанды магниттер алынды. Оларды сыртқы магнит өрісінде магниттеп, жеке тұрақты магниттер ретінде қолдануға болады. Жасанды магниттер әртүрлі формада жасалды. Жасанды магниттер жасау үшін құрамында қандай металдары бар құйма қолданылады?



Сурет 2. Магнит өрісі

Кесте 1. «Иә» немесе «Жоқ» таңдаңыз

Жасанды магниттер жасау үшін құрамында қандай металдары бар құйма қолданылады?	Ия-жоқ
Темір	Ия-жоқ
Никель	Ия-жоқ
кобальт	Ия-жоқ

4.Магниттердің қолдану аясы өте кең. Олар тек қана компастарда емес, -электро, -радио-техникада , роботтық техникада және т.б. қолданылады. Сіздер магниттерді электр қозғалтқыштардан, телефондардан таба аласыздар. Медицинада магниттер қолданылады ма?

Бағдаршы түрінде жасалған магнит компаста қолданылады. Бұл керемет құрал шамамен екі мың жыл бұрын ойлап табылған. Алғашқы (ерте қытай) компас 8-суретте көрсетілген. Ол оңтүстікті көрсеткіш деп аталған. Қазіргі заманғы (қарапайым) компас 2-суретте көрсетілген. 1-сурет пен 2-суреттердің магниттік бағдаршаның (компас бағдаршысы) басқа да магниттер сияқты екі полюсі бар. Олардың бірі географиялық солтүстікті көрсетеді, ол солтүстік полюсі (N), екінші ұшы — оңтүстік полюс (S) деп аталады. Осы символдар (атауларымен бірге) кез-келген магниттердің полюстерін белгілеу үшін қолданылады. Екі магниттік бағдаршаны бір-біріне жақындатып, әртекті магнит полюстері бір-біріне тартылатынын біртектес полюстері тебілетінін анықтауға болады. Осы заңдылық кез-келген магниттер үшін дұрыс. Екі магниттік компастың айырмашылығы неде



Сурет 3. Компас

5 Улы химикаттардың су қоймаларына төгілуі, химиялық тыңайтқыштардың мөлшерден көп себілуі, экожүйелерге үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін. Себебі бұл фактор:

- а) антропогендік;
- б) биотикалық;
- в) лимиттеуші;
- г) метеорологиялық. [3].

«Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» тарауы бойынша тапсырмалар

1. Д.И. Менделеев атындағы ауданының №2 үйдің екінші қабатының №6 бөлмесінің тұрғыны аталған қабаттағы №8 бөлмеде тұратын қызды сырттай ұнатып қалады. Ол одан екі жас үлкен еді. Күндердің-күнінде жігіт оқуға кетеді. Сонан бері түнде түсінен күндіз есінен кетпейді.

Амалы құрып портретін салып іліп қояды.


Кім-кімді ұнатқан ?

№2,2 қабат,

№6, №8 екі жас деген нені білдірді?

Қыздың портретін қалай салған?

Оттегінің реттік №8. Қыздың портреті О реакция теңдеуі



2. Ертеде елді-мекен ішінде оттегі деген газ өмір сүріпті. Ол өте күшті екен. Жер бетінде тіршілік тек қана мен сақтап тұрмын дейді екен. Күштілігі сондай кім кездесседе тотықтырып жібереді. сондықтан оттекті тотықтырғыш, алынған заттарды тотығу деп атайды. Менделеев шаһарында қыдырып жүріп, кездескен элементтердің бәрімен реакцияға түсіп, аралас-құралас бола береді. Содан мақтаншақ болып алды. Химия дүниесінде меннен күшті ешкім жоқ деп ойлайды. Бірақ оттегі қателескен еді. Бір күні елді мекен кестесінде фтормен кездесіп қалады.

Оны тотықтырғысы келіп еді, күші келмеді. Көмекке сүтегін шақырды, екеуі бірігіп су молекуласын құрып фторға ұмтылды. Су фторға бар күшін жұмсаса да әлі келмеді. Бірақ фтор күшті еді естімеген ғажайып оқиға болды. Бұрын отты сөндіріп жүрген судың өзі фторда жанып кетті.

Мақтаншақ оттегі тотыға ма, тотықсыздана ма?

Реакция теңдеуін жаз?

3.Латын тілінен аударғанда «камал» дегенді білдіреді.Бұл металл табиғатта кең таралған жер қыртысында көптеген минералды кендері бар. Оның тұздары теңіз суларында бар,тіптен мұхит түбінде бай табиғи шөгінділері кездеседі.Адамның денесінде 4- 4,5 г болады. Таза түрінде метеориттердің құрамында болады.Оны ертеде «аспан тасы» деп атаған.

Бұлқай металл?“Иә немесе жоқ”

1.Темірқұймаларытаттанбайды.

2.Қоршаған ортаныңәсеріненметалдардыңбұзылуқұбылысыжеміріліудепаталады.

3.Металдардың бәріжемірілмейді.

4.Жемірілумен күресугеболмайды.

5.Жемірілу экономикағаүлкеншығынәкеледі.

6.Жыл сайынжемірілуден 20 % металл шығынболады.

7.Жемірілуді болдырмауүшін металл бұйымдардыңбетінбояуғаболмайды. [4].

4.Аргентина (ис. Argentina), толықатауы Аргентина Республикасы (ис.

República Argentina – Оңтүстік Америкада орналасқан мемлекет.16 ғасырда испандықтар Оңтүстік Американы жаулап ала бастады. Бұларды жат жерденалтын мен күмістабылама деген үміт қызықтырғанеді. Сондықтан олар құрлықтың оң түстігіндегіелді – Аргентина – ‘күмісті’ депатады. Аргентинада алтын да, күміс те жоқ болып шықты. Бірнеше ғасыр бойы ол Испанияның Америкадағы иесіз қалған отарларының шет аймағы күйінде қала берді. Осыдан бір ғасырдан аз-ақ бұрын бұл өңір өзгеріп сала берді. Бұл кезде теңіз жолдары құрлықтарды бір-бірімен жалғастырып жібірген еді. Еуропада өнеркәсіп қауырт дамып, қалалар тез өсті. Осыған байланысты Аргентинада ауыл шаруашылығы, әсіресе мал шаруашылығы шұғыл дами бастады. Аргентина еті Еуропаға жөнелтіліп жатты. 1814-187 генерал Жозе Сан Мартин, Испаниямен тәуелсіздік үшін соғыс бастады. Оның арқасында Аргентина, Чили және Перу өздерінің тәуелсіздігін жариялады. [5].

1.А Күмістің химиялық қасиеттеріне сипаттама беріңдер

1Б. Күміс оксидінің атомдық массалары мен молекулярлық массаларын есептеп табыңдар.

2А. Күміс оксиді, күміс нитратының массалық үлестерін табыңдар

5.Бұл элементті 1808 жылы ағылшын химигі Хэмфри Дэви ашты.Қосылыстарында +2 тотығу дәрежесін және II валенттілік көрсетеді. Бұлшықет жұмысына қажет фермент қызметі мен қан ұю жүйесі үшін . Ол кейбірфермент жұмысын жеделдетеді, адам және мал сүйектері мен тістеріқұрамына кіреді. Адам және мал азығында мөлшері жетіспесе, малахитауруына шалдығады, жүрек жұмысы әлсірейді,қанның сапасы кемиді.Минералдарының қоры Қаратау өнірінде.Мәрмәрдің,бордың,эктастың негізгіқұраушысы.

Сұрақ: Бұл қай элемент?Бұл элемент жайында не білеміз? [6].

Әдебиеттер

1) Кузнецова Н.Е., Лёвкин А.Н. Задачник по химии: 8 класс. – М.: Вентана-Граф, 2006. – 128 с.

2) Химия: Учебник для учащихся 8 класса общеобразовательных учреждений / Кузнецова Н.Е., Титова И.М. и др. – 2-е изд., перераб. – М.: Вентана-Граф, 2003. – 224 с.

3) Денисова Л.В., Черногорова Г.М. Химия: Таблица Д.И. Менделеева и справочные материалы: Пособие для уч.-ся. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2004. – 16 с.

4) Гаршин А.П. Неорганическая химия в схемах, рисунках, таблицах, химических реакциях. – 3-е изд., испр. и доп. – СПб.: Издательство «Лань», 2003. – 288 с.

5) Лидин Р.А. Справочник по общей и неорганической химии. – М.: Просвещение: Учеб. лит., 1997. – 256 с.

6) Штремплер Г.И. Школьный словарь химических понятий и терминов. – М.: Дрофа, 2007. – 416 с.

ӘОЖ 372.851(043.3)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Ерекешова Г.-7М01307 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 2ші курс магистранты

*Ергалиев А.С. – биология ғылымдарының кандидаты,
E77ask@yandex.ru*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады[1]. Қазіргі уақытта оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ғылыми зерттеулердің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісін жаңа әдіс-тәсілдермен қамту - заман талабына сай білім берудің тиімді жолдарын іздестіру арқылы жүзеге асырылады. Әрбір жеке адамның үздіксіз жетістікте дамып жетілуі оның шығармашылық әлеуетінің дамуымен байланысты болатыны белгілі. Олай болса зерттелгелі отырған тақырып өзекті, қазіргі кезеңдегі өмір табылдығын енді аттағалы отырған жас жеткеншектіріміздің шығармашылық дамуын жетілдіру өз кезегінде өркениетті қоғам құрып дамыған елдердің қатарынан орын алуға жетелері сөзсіз. Демек, шығармашылық әлеует дегеніміз нені білдіреді және ол бастауыш сынып оқушысының бойында қандай дәрежеде орын алуы тиіс. Бұл сауалдар осы кезеңге дейін де әрқазы ғылыми зерттеулерге арқау болып келеді. Әсіресе егеменді еліміздің нормативтік құжаттарында білім беру саласындағы заңнамаларында, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының білім беру саясатын айқындайтын құжаттарда («Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 5B010200-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты) оқыту процесін жаңа техника мен технологияны, кәсіптік білім беруді пайдалана отырып дамытушылық сипатта және шығармашылық іс-әрекет негізінде ұйымдастыру қажеттілігінің атап көрсетілуі және сонымен бірге Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [2], Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған жалпыға бірдей білім берудің Мемлекеттік стандарттарында [3] көрініс тапқандығын атап өтуге болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілсе, осы заңның 41-бабында: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрінісін, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», - делінген. Заманауи жаңа өзгерістерге толы өмір қажеттіліктерін өтеу үшін шығармашылық, өз бетімен дамуға икемді, өзгермелі өмір жағдайында ұшқыр ойлап, тез бейімделгіш жеке тұлға қалыптастыру маңызды. Бұл тұрғыда ҚР «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды

қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Олай болса шығармашылық әлеует тақырыбын зерттеп жаңа қырларын ашу жеке адамды жаңа өмірге дайындау, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу арқылы дамыған, тапқыр, қабілеті жоғары ойлау дәрежесі тың өмір құндылықтарын игере отырып, өз елін көркейтуге ат салысатын білімді жастарды дүниеге әкелуге септігін тигізери сөзсіз. Тақырып қоғамдық даму формациялардың барлық кезеңдерінде де көтеріліп, зерттеуге алынғандығын келесі ғалымдар зерттеулерінен көруге болады. Шығармашылық қабілетті зерттеу мәселесімен шетел ғалымдары Л.С.Выготскийдің, А.Н.Леонтьевтің, Б.М.Тепловтың іс-әрекеттік ықпал және адамды тұтастай жүйеде қарастыратын тұжырымдамалары, шығармашылық ойлаудың дамуы – оқушыларға дидактикалық ұйымдастырылған қарым-қатынаста белсенділікті тәрбиелеудің негізінде жүзеге асатындығы туралы Матюшкиннің концепциясы, шығармашылық психолог ғлымдар еңбектерінде соның ішінде: Л.Л.Гурова, Д.Б.Богоявленская жеке адамның когнитивті және жеке бастық аспектілері концепциялары, В.В.Давыдов, Н.А.Менчинскаяның проблемалық оқыту концепциясы, шығармасы – жеке адамның өздігінен дамуындағы гуманистік ықпалдары К.Роджерс, А.Маслоу т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттеуге негіз болды. Шығармашылық мәселесін әдістемелік жағынан зерттеуген ғалымдар – Б.Г.Ананьев, В.С.Мерлин, П.Я.Пономарев, П.Торренс, Дж.Гильфорд, Дж.Рензулли, Э.Боно, Н.Н.Палагина, отандық ғалымдардан С.М.Жақыпов, Қ.Р.Рақымбеков, С.Қ.Бердібаева, Х.Т. Шеръязданова т.б. жұмыстары болды. Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы, т.б. тарихи маңызы зор құжаттарда ұлттық менталитеті жетілген, бүгінгі қоғамдық қатынастарға еркін араласа алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Олай болса қоғамдық қатынастарға еркін араласа алатын, логикалық ойлау қабілеті жоғары, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда – бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің маңызы зор. Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасын қалыптастыратын функциональдық сауаттылығын ашатын, ой санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын ең алғашқы баспалдақ болып табылады. Бұл ерекше құнды, қайталанбайтын кезең. Сондықтан да бастауыш білім – ең негізгі білім фундаментінің қаланатын маңызды кезеңі. Осыған сәйкес оқушыға берілетін әрбір бағдарлама жаңа заман талабына сай белгіленіп, терең зерттеулерден өтіп және білім, білік, дағдыларды меңгерту – бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Адамның шығармашылық іс-әрекетінің бүкіл тіршілік көзі ретінде адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі екендігі, әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізудегі орны философия, психология, педагогика ғылымдарында қарастырылған: Шығыс ойшылдары әл-Фараби, Ж.Баласағұн және қазақ ойшылы А.Құнанбаев, философтар Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков еңбектерінен кең орын алған. Сонымен бірге шетел философтары Платон, Гегель, И.Фихте, Декарт, Д.Дьюи, И.Кант, Г.Лейбниц, Б.С.Гершунский және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған.

Педагогика және әдістеме саласы бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін Ж.А.Қараев, С.Қ.Қалиев, Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Қожахметова, К.Оразыханова, Б.А.Тұрғынбаева, М.М.Жанпейісова, Ә.С.Әмірова, К.М.Нағымжанова, Д.Н.Исабаева және т.б. зерттеген.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы

оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекет субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Бастауыш мектеп оқушыларының қызығушылықтары заттық әлеммен байланысты. Оларға тән жағдай - үлкендерге бағдарлану, яғни оларға еліктеу, үлкендерді үлгі тұту ерекшеліктері педагог үшін күшті дамыту құралы болып табылады. Соның негізінде балалардың шығармашылық және интеллектуалды даму деңгейлері жоғарылап қана қоймайды, әрі олардың мінез-құлқындағы жағымды өзгерістер де жүзеге асырылады.

Шығармашылық әлеует XX –шы ғасырдың басында ғылыми айналымға енгізіліп зерттеле бастаған. Ең алдымен бұл ұғым ретінде 60-80-ші жылдары философтардың зерттеулеріне арқау болған. Соның ішінде М.С.Каган, П.Ф. Кравчук т.б. еңбектерінде зерттеуге алынған. Ал келесі психологтардың еңбектерінде шығармашылық тақырыптары қоғалып зерттеуге енгізілген: Д.Б. Богоявленская, Л.Б. Ермолаева-Томина, Ю.Н.Кулюткин, А.М.Матюшкин, Я.А. Пономорев т.б. Ал педагог зерттеуші ғалымдар Д.А. Даринская, И.П. Иолков, Е.А. Глуховская, А.И.Санникова және т.б. еңбектерінен көруге болады. Негізінен ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ «әлеует» түсінігін жалпы ғылыми айналымға Аристотель енгізген. Ал қазіргі кезеңде ғылымда бұл түсінік аз зерттелінген. Тәуелсіз мемлекеттер достығы елдерінің зерттеу еңбектерінде келесідей түсініктер берілген. Ожеговтың «Тольковый словарь» еңбегінде бұл түсінікке келесідей анықтама берілген: «Қатынастардағы бір нәрсеге қажетті мүмкіншіліктер мен құралдардың жиынтығының мықтылық дәрежесі»-деп сипатталған. Ал Т.Ф. Ефремованың әлеует - дегеніміз аудармалы мағынада-бұл қандай да болмасын облыстың, сфераның барлық мүмкіншіліктің жиынтығы- деп анықтама берген. Педагогикалық зерттеулерде бұл термин адамның ішкі күшін жүзеге асыруы және педагогикалық үдеріске қатысушылардың мүмкіндігі ретінде сипатталады. Сонымен бірге шығармашыл әлеуеті болуы мүмкін бірақ оны іске асыру үшін арнайы жағдай туғызылу қажет деп түсіндіріледі.

Философтардың көзқарасы бойынша «тұлғаның шығармашылық әлеуеті» түсінігі адамның белсенді өзін-өзі жүзеге асыра алу қабілеті мен жоғары адами идеалға ұмтылысын, адамның дарындылығын меңзейді. Ал психологиялық-педагогикалық зерттеулерде шығармашылық әлеует өте кең ақпарат береді. Оның негізіне тұлғаның табиғатпен және адаммен қарым-қатынасындағы бірнеше сапалық жиынтықтан қабілет, дағды, икемділік, құзреттілік және шығармашылық сипаттағы іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігі мен күрделі тұлғалық-іс-әрекеттік білімі жатады.

Зерттей келе шығармашылық әлеует ұғымына дәл анық түсіндірме жасалмағандығын көруге болады. Қазіргі соңғы зерттеулерге орай бірнеше ғылыми пәнаралық көзқарастарды белгілеуге болады.

Аксиологиялық көзқарас (М.С. Каган, А.В. Кирьякова, В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандров, Е.А. Глуховская) шығармашылық әлеуетті тұлғаның өзіндік танымына бағытталған қарым қатынастағы, іс-әрекетті жүзеге асырудағы шығармашылық құндылықтарының дамуымен алынған жиынтық және өздігінен дағдыларының қалыптасуымен анықталады - деп сипатталады.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі.

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен

бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Ғылыми зерттеулерге шолу жасай келе, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін жаратылыстану сабақтарын мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс.

Олар:

- Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
- Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу;
- Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз — оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс — әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

Бастауыш сынып оқушыларында әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Бастауыш мектепте жаратылыстану пәні тұрғысынан шығармашылық іс-әрекетті зерттеу, соның бір тарауы шығармашылық қабілет мәселесі - аса маңызды сұрақтардың бірі.

Ол үшін сабақ барысында тиісті психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалуы керек.

1. Ыңғайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру:
 - оқу процесін ізгілендіру;
 - балаға сәттілік жағдайын жасау;
 - сыныпта қолайлы эмоционалды-құндылық қатынастарын құру

2. Ынталандыратын білім беру ортасын құру

бастауыш сынып оқушыларында тұрақты танымдық қызығушылықтардың пайда болуы және оқу іс-әрекетінде шығармашылық өзін-өзі дамыту қажеттіліктері, сондай-ақ танымдық мотивтер негізінде оқу мотивациясын қалыптастыру;

3. Жастардың қалыптасуына ықпал ететін тұлғаға бағытталған оқыту негізінде білім беру процесін құру оқушылардың дербес шығармашылық ойлауы және интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- әр оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың жеке траекториясы;
- оқушылардың қызметіне рефлексивті функцияларды қосу;
- оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру;
- білім және проблемаларды шешу игеру барысында оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық қарым-қатынасы;
- оқу процесінде оқушының белсенді рөлін тану;

- дербес шығармашылық жұмыстарды міндетті жүйелі түрде қоса отырып, оқу сабақтарын құру;

- дамыта оқыту технологияларын қолдану.

Шығармашылық өзіндік жұмыстарға өнертапқыштық, зерттеу міндеттерін болжау, күрделі міндеттерді шешу, жетіспейтін деректерді толықтыру, экспериментті өз бетінше жоспарлау және орындау, эссе жазу және басқа да тәуелсіз әрекеттер жатады. "Шығармашылық жұмысты ұйымдастыру оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі мен педагогикалық міндеттерді орындауда мұғалімнің әсерін азайтып, қарсы шешімді жеңілдетеді. Шығармашылық әлеуетті дамытудың жоғары деңгейінде бала өзін қызықтыратын мәселе туралы ақпаратты өз бетінше іздейді, содан кейін проблемаларды шешуде күрделі теориялық мәселелерді білуге тырысады. Бұған пәнге деген қызығушылық, оқушының белгілі бір тақырыптарды зерттеуге деген ішкі ұмтылысы мен жекелеген зияткерлік моральдық факторлардың дамуы әсер етеді.

Ең бастысы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды қарастыру қажет.

Бастауыш сыныптарда тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуда дамыта оқыту технологиясына сүйенеді. Бұл технология барысында арнайы дидактикалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқушылар стандартты емес тапсырмаларды шешу, бар білімдерін жинақтауға, болжамдар жасауға қабілетті, мәселенің шешімін табу жолдарын іздестіруге мүмкіндік алады.

Шығармашылық тапсырмалар жүйесі тиімділігінің педагогикалық шарттарының бірі – тапсырмаларды орындау үдерісіндегі мұғалім мен оқушылардың өзара тұлғалық әрекеттестігі. Оның мәні - тура және кері байланыстың үздіксіздігі мен субъектілердің бір-біріне әсер етуінің үйлесімділігінде.

Шығармашылық әрекетті ұйымдастыру үдерісінде мұғалім мен оқушылардың өзара тұлғалық әрекеттестігі оқытуды ұйымдастыру формаларының үйлесуі, шығармашылық әрекет әдістері мен стилін таңдауға бинарлық қатынаспен түсіндіріледі.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық негіздерін және педагогикалық шарттарын анықтай отырып, біз төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Шығармашылық іс-әрекет деп - біз оның нәтижесінде жаңа нәрсе жасалатын іс-әрекетті түсінеміз.

2. Педагогтардың практикалық тәжірибесін, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және шығармашылық іс-әрекетін белсендіру үшін бастауыш мектептегі жүргізілетін жаратылыстану пәні мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

3. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін жаратылыстану сабақтарында дамыту, сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың бойында шығармашылық қабілеттерінің артуына мүмкіндік береді. Біріншісі – оқу үдерісінде шығармашылық оқу міндеттерін қою және шығармашылық сипаттағы педагогикалық жағдаяттарды құру, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық жұмысын ұйымдастыру. Екінші жолы – оқу қызметінде шығармашылық тапсырмаларды пайдалана отырып, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту критерийлері (когнитивті, мотивациялық-қажеттілік, іс-әрекеттік) анықталды, критерийлерге сәйкес даму деңгейлері сипатталған және диагностикалау құралдары іріктеліп алынды. Оқу іс-әрекетінде заманауи педагогикалық технологиялардың рөлі мен тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту және келесі психологиялық-педагогикалық нәтижелерді алу үшін жағдайлар жасау мыналарды қамтамасыз етеді: оқушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы білім беру ортасын құру; оқытудың танымдық мотивтерін арттыру; танымдық ақпараттық

белсенділігі, оқушылардың дербестігі; дивергентті ойлауды дамыту және оқушылардың шығармашылығы; зияткерлік даму деңгейін арттыру мұғалімнің педагогикалық шығармашылық әлеуетін арттыру; бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту.

Әдебиеттер

- 1) Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.
- 2) Қазақстан Республикасының Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. Алматы, 2003.
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Алматы, - Изд. Дом «Дастан», 2007-322 б.

УДК 372.854

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

*Жаннатова А.К. 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
zhannatova-78@mail.ru*

Бүгінде біз технологияның қарқынды даму заманында өмір сүрудеміз. Жоғары технологиялар қазіргі қоғамның ажырамас құрамдас бөліктеріне айналуға бастады. Бүкіл әлемде Инновациялық экономиканың дамуына байланысты STEAM кәсіптеріне сұраныс деңгейі жылдан жылға өсуде. Осыған байланысты STEAM технологиялары Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналуға бастады. STEM-білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықтың оң тәжірибесі бар. Мәселен, 2014 жылдан бастап Ұлыбритания мен Қазақстанның "Ньютон - ал-Фараби" бес жылдық Әріптестік бағдарламасы іске асырылуда, жалпы бюджеті 20 миллион фунт стерлингті құраған [1]. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы жалғастырылады. Мектептер химия, биология, физика пәндері кабинеттері-мен, STEM-кабинеттермен жаратандырылады – деп атап көрсетілген болатын [2].

2023-24 оқу жылына Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында STEM / STEAM тәсіл – инженерлік-техникалық білім мен қолданбалы өнерді дамыту үшін ғылымды, технологияны, инженерияны, өнер мен математиканы біріктіре отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушыларды даярлаудың кешенді жүйесі. Оқытудың негізгі принципі – теория мен практиканың үйлесімі, теорияның маңыздылығын, оның өмірде немесе жұмыста, жеке тәжірибеде қолданылуын көрсете алатын нақты тапсырмаларды орындау арқылы оқытылатын материалды бекіту. STEM/ STEAM технологияларына негізделген тәсіл сабақта да, сабақтан тыс уақытта да қолданылады. Сабақты өткізу кезінде проблемалық бағдарланған және эвристикалық оқытуды, ал сабақтан тыс уақытта – жобалық және зерттеушілікке бағдарланған

оқытуды қолдану ұсынылады [3]. Осыған сай мектептерде сабақтар, қосымша сабақтар осы технологиямен өткізілу қажеттігі туындауда.

STEM білім беруді енгізу сонымен қатар «жаңа экономиканың» талабы – ел ішінде де, халықаралық аренада да бәсекеге қабілетті болу талабымен байланысты. Болашақта қазір елестету қиын мамандықтар пайда болады, олардың барлығы жаратылыстану ғылымдарымен қиылысында технология мен жоғары технологиялық өндіріске қатысты болмақ. Әсіресе био және нанотехнология мамандары сұранысқа ие болады деп болжануда. Заманауи мамандықтарды алу жаратылыстану ғылымдарының, техниканың, технологияның және бағдарламалаудың әртүрлі білім беру салаларынан, STEM білім берумен қамтылған салалардан жан-жақты дайындықты және білімді меңгеруді талап етеді. Сондықтан STEM білім беруді енгізудің негізгі мақсаты – барлық деңгейдегі оқу-әдістемелік қызметте ғылыми-техникалық бағыттарды дамытуды күшейтуге қатысты мемлекеттік саясатты іске асыру; жастардың шығармашылық әлеуетін және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың ғылыми-әдістемелік базасын құру. STEM білім беру – білім іздеушілерді табысты жұмысқа орналасуға дайындайтын, әртүрлі және техникалық жағынан күрделірек дағдыларды қажет ететін курстар немесе оқу бағдарламаларының сериясы немесе тізбегі [4]

STEM аббревиатурасы жаратылыстану ғылымдарын (Ғылым), технологияны (Технология), техникалық шығармашылықты (Инженерия) және математиканы (Математика) қамтитын білім берудегі танымал бағытты белгілеу үшін қолданылады [5]. Бұл білім берудегі жаратылыстану құрамдас бөлігі инновациялық технологиялармен ұштастыра отырып оқу жоспарында күшейтілген бағыт. Дегенмен, STEM тек техникалық білім емес екенін түсіну маңызды. Ол әлдеқайда кеңірек ұғымды, атап айтқанда шығармашылық пен техникалық білімнің сәтті үйлесімін қамтиды. Ол интегративті тәсілге негізделген: биология, физика, химия және математиканы жеке-жеке емес, нақты технологиялық есептерді шешу үшін бір-бірімен байланыста оқытылады. Бұл тәсіл бізді ғылымның немесе технологияның бір саласының контекстінде емес, проблемаларды тұтастай қарастыруға үйретеді [6]. Бұл тәсілді толығымен жүзеге асыру үшін STEM зертханаларының болуы міндетті болып табылады. Олардың қатарында 3D принтерлер, оқу электроникасының жиынтықтары, голографиялық фото-бейне студиясы және басқа да заманауи техникалық құралдар бар. STEAM білім беру сізді, тіпті мектеп үстеліңізден бастап, нақты өмірлік жағдайларды шешу үшін алынған білімді сәтті біріктіруге үйретеді. Нәтижесінде білім іздеуші ересектер әлеміне қиындықтарға дайын болады және қиындықтардан онша қорықпайды. STEAM білім беру мұғалімдерге қажетті материалды нақтырақ түсіндіруге мүмкіндік береді, өйткені теория мен бірге оқушылар оның өмірде қалай көрінетінін нақты көреді. STEAM мамандарына сұраныс жылдан жылға артып келеді. STEAM әдісі оқушылар мен студенттерге икемділік пен сыни, практикалық бағытталған ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. STEM білім беру идеяларын жүзеге асыру ғылыми-техникалық білімді жақсы меңгеруге, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға және студенттердің инженерлік-техникалық мамандықтарға қызығушылығын оятуға көмектесетін құралдарды пайдалануды талап етеді STEM оқыту құралдары – оқу процесінде эксперименттік, конструкторлық, өнертапқыштық әрекеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтардың, идеялардың, құбылыстардың және іс-әрекет әдістерінің жиынтығы. Олар келесі негізгі ақпараттық, практикалық, шығармашылық, бақылау функцияларын орындайды. STEM білім беруде ең көп қолданылатын құралдар: құрылыс жинақтары, роботтық жүйелер, электронды құрылғылар, бейне ойындар, 3D принтерлер, ұшақтарды модельдеуде қолданылатын модельдер, зертханалық аспаптар және т.б. [7].

STEM білім берудің әдістемелік шешімдерін оқу үдерісіне енгізу ғылымды біліммен ұштастыруға оқушылар мен студенттерде құзыретті маманды айқындайтын аса маңызды қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- мәселені көре білу, мәселенің мүмкіндігінше көп жақтары мен байланыстарын көре

білу;

- зерттеу мәселесін және оны шешу жолдарын тұжырымдай білу;

- икемділік – жаңа көзқарасты түсіну қабілеті және өз позициясын қорғаудағы тұрақтылық;

- түпнұсқалық, үлгіден аулақ болу, идеялар мен байланыстарды қайта топтай білу;

- абстракциялау немесе талдау қабілеті, нақтылау немесе синтездеу мүмкіндігі; - идеяны ұйымдастырудағы үйлесімділік сезімі. Ең бастысы, оның сыры жаңа технологияларда емес, оқушылардың зерттеу іс-әрекетінде екенін ұмытпаған жөн[8].

Қазіргі кезде мектептегі химия сабағында қолдануға тиімді қолданбаларды қарастырсақ:

Білім берудегі бұлттық технологиялар

Химиялық периодтық жүйе - бұл қолданбада химиялық реакция теңдеулерін шешуге, органикалық және бейорганикалық химияны түсінуге, интерактивті периодтық кестемен бірге элементтерді үйренуге және т.б. болады.

Chemistry X10 – бұл мобильді қосымша білім іздеушілер арасында өте танымал, себебі оның құрамында «көмекші» бөлімі бар. Оның көмегімен органикалық және бейорганикалық химияда зерттелген материалды қайталауға болады. Үлкен көлемдегі материалды қайталауға мүмкіндік беретін көптеген бөлімдері бар. Қолданба тегін.

Химиялық элементтер - бұл мобильді қосымшаны «Периодтық кесте» тақырыбын оқу кезінде қолдануға болады. Оқушылар белгілі бір элемент жататын топтар мен кезеңдерді көрнекі түрде көре алады. Оның атымен, таңбасымен, атомның қасиеттерімен, химиялық және физикалық қасиеттерімен, химиялық элементтің ашылу тарихы танысады.

SJIF 2019 - Химик — Android жүйесіне арналған тамаша бағдарлама. Бұл бағдарламада орындалатын барлық реакциялар шындықтағыдай болады. Қолданбада 200-ден астам химиялық реагенттердің дерекқоры бар. Әрбір заттың толық сипаттамасы бар.

Виртуалды лабораториялар - <https://chemcollective.org/vlab/vlab.php>

Plickers - бұл бірнеше секунд ішінде студенттердің жауаптары бар арнайы карталарды «оқитын» және мұғалімнің телефон экранында статистиканы көрсететін мобильді қосымша. Қолданба студенттердің ұғымдарды түсінетінін және негізгі дағдыларды меңгергенін тексеру үшін жылдам тексеру ретінде пайдаланылады.

TurnItIn – мұғалімдерге оқушылардың жұмысын қателіктер мен плагиат бар-жоғын тексеруге көмектесетін құрал. Бағдарлама оларды ең дәл мәтінді салыстыру деректер базасымен салыстырады. Турнитин мәліметтер қорының мазмұнына сәйкес келетін материалдың көлемін көрсетеді, жазбаша жұмыстың қаншалықты түпнұсқа емес екенін білуге мүмкіндік береді. Сәйкестіктер түпнұсқа көздерін көрсете отырып, әртүрлі түстермен ерекшеленеді. Осы ресурстарды қолдану арқылы химия сабағында оқушылардың қызығушылығы жоғарылады.

Сонымен, «Химияны оқытуға STEM білім беру элементтерін енгізу» мәселесін қарастыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

STEM білім беру:

- әлемдік білім берудегі негізгі тенденциялардың бірі; - төрт пәнді (жаратылыстану, технология, инженерия, математика) біртұтас оқыту схемасына біріктіру, жобалық және кешенді оқыту;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықты оятатын және студенттерді технологиялық дамыған өмірге дайындайтын білім беру;

- нақты жобаны жүзеге асыруға, ғылыми-техникалық білімдерді өмірде қолдануға негізделген сабақ; -білімді ойын арқылы алу және құрылғылар мен механизмдерді құрастыру;

- фактілерді есте сақтау емес, практикалық дағдылар мен дағдыларды түсіну және дамыту; - жоғары технологиялар мен коммуникациялар саласында болашақ мамандарды даярлау;

- елдің экономикалық және инновациялық дамуының негізі.

STEM білім беруді тәжірибеде қолдану – оқушыларды ойлауға және қажетті ақпаратты табуға, күрделі мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, басқа оқушылармен және мұғаліммен ынтымақтастықты ұйымдастыруға үйретудің тамаша мүмкіндігі. Химия сабақтарына STEM тәсілін енгізу тәжірибесін зерделеу кезінде басқа пәндердегі іс-әрекет аспектілерін көрсетпеу мүмкін емес, өйткені олардың интеграциясы әртүрлі пән мұғалімдерінің тығыз ынтымақтастығын талап етеді.

Әдебиеттер

- 1) <https://kazakhstan.britishcouncil.org/kk/newton-al-farabi>
- 2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы
- 3) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» ӘНХ
- 4) Стем мамандықтарының толық тізімі <https://www.yourworldedu.ru/articles/stem-specialnosti---samye-vostrebovannyye-i-prioritetnye-dlya-trudoustrojstva-v-ssha#:~:text=%>
- 5) <https://trends.rbc.ru/trends/education/5f6399a69a79471ec02bfe4f>
- 6) Г.Ногайбаева. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. «Білімді ел-Образованная страна», №20(57) от 25 октября 2016 г.
- 7) Kaliakbarova E., Demeuova G., STEAM — AN APPROACH TO TEACHING CHEMISTRY ON THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION (27-33) // Евразийский Союз Ученых. PDF архив. ; ():-. 10.31618/ESU.2413-9335.2019.6.60.27-
- 8) Ari Syahidul Shidiq, Anna Permanasari, Hernani Hernani. Chemistry Teacher's Perception toward STEM Learning, The 2020 International Conference on Education Development and Studies, Paris, France, March 2020

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚИТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жармаганбетова Н.С.- оқытушы магистр.,

Хаируллина А.К.-оқытушы магистр

Иденген Н.С., Жайшылық А.А., Бисенгалиева Н.Т.- 6В01512 «География-Тарих»

БББ-ның 3-курс студенттері

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

arzamas_10@mail.ru

xairullina_84@mail.ru

Қазіргі кезде мектептегі білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырауда, бұл оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын іздеуге әкеледі. Оқытудың бұрынғы әдістері ескіреді, артта қалады, олар аз жұмыс істейді, қазіргі мұғалім оқыту мен оқуда

жаңа шығармашылық тәсілдерді табуы керек. Бұл жұмыстың мақсаты - оқытудың заманауи модельдерін және оларды географияны оқу процесінде қолдану мүмкіндігін зерттеу.

XXI ғасыр – жаңашылдықтың заманы. Әсіресе, білім беру саласында бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын, инновациялық педагогикалық технологияларды игеру маңызды. Оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуында ақпараттық технологияның қарқынды дамуының рөлі ерекше. Қазіргі заман ақпараттық технологиялар уақыты. Осыған байланысты білім беру саласында басымдық ақпараттық технологияларды пайдалануға беріледі. Бұл туралы өзінің баяндама сөзінде Н.Ә.Назарбаев та айтып өткен: «Адамзат үшін XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз! Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында». Ол негізінен білім беру саласында жаңаша ойлайтын, ақпараттық технологияларды меңгерген, инновациялық үрдістерге ілесетін, заманауи шешім қабылдайтын, жаңа тұлпатты педагогты қажет етумен тығыз байланысты [1].

Себебі, әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Жаңа реформалардың пайда болуы жаңа әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді технологияларын іздестіруді талап етеді.

Адам ойының, ойлауының биік өресін ғылым мен техника дамуының деңгейі арқылы көруге болады. Себебі техниканың әртүрлі озық түрлерін пайдалана отырып адам өз мүмкіндіктерін жан-жақты аша алады, оны қолдана отырып дамытады. Әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, сыни ойлау қабілеті де артады.

Бүгінгі білім беру жүйесінде өмірлік мәселелерді шеше алатын, оқу-тәрбие процесін жаңа инновациялармен түрлендіретін, практикаға бағытталған педагог қажет. Ол кез-келген білім алушымен коммуникацияға түсе алуы қажет. Интеллектуалды ресурстарды нәтижелі қолдану педагогтар мен білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін көрсететін негізгі фактор екені белгілі. Бұл тенденция әлем елдерінің дамуымен тығыз байланысты. Себебі, көптеген әлем елдері білім индустриясын трансляциялау мен оны қолдануға негізделген экономикаға көшті. Сондықтан да білімнің дамуына еңбек нарығының сұраныстары әсер етуде. Осындай күрделі процесстер білім индустриясын өзгертуге өз септігін тигізуде. Сондықтан да білім беру үрдісінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану өзекті мәселенің біріне айналды.

Осы орайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Бұл міндеттер Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің баяндамаларында жалғасын тапқан еді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – география сабағында жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. География пәні – өзіндік ерекшелігі бар әрбір оқушыны қызықтыра білетін, тылсым ғажайып сырға толы тән. География пәнінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, сөзжұмбақтар құрастыруға, рефераттар даярлауға, интернет жүйесін қолдануға, слайдтар жасауға үйренеді [2].

География пәнінде табиғат жағдайындағы құбылыстар мен заңдылықтарды, түрлі процесстерді өз көздерімен көріп таныса алады. Сонымен бірге электронды оқулықты пайдалану арқылы оқушының шығармашылығын дамытып, іскерлікке, өздігінен білім алуға баулимыз. Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу білім алушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың

нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударып білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М.Глушков «ақпараттық технология-ақпарат өңдеумен байланысты ұғым» — деп дәлелдеген.

Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады: Коммуникациялық қабілеттерін дамыту; Ақпарат көздерімен жұмыс жасау; Шығармашылық қабілеттерін дамыту; Оқу үдерісіне белсене қатысу; Оқу мотивациясын арттыру; Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. Инсерт әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті гуманитариялық бағыттағы сабақтарда қолдануға болады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу арқылы мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. География сабағында кластер құрастыру кең тараған әдістердің бірі болып табылады. Жаңа тақырыпқа болжам жасайды, не білетінін есіне түсіреді, жазады, салыстырады. Кластерлермен жұмыс жасағанда білім алушылардың еркін ойлануына мүмкіндік беріледі. Кластерді сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады. Ол материалды жүйелеуге көмектеседі. Ақпараттың жағымды және жағымсыз жағын анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибиеде «SWOT – талдау» әдісі жиі қолданылады.

Инновациялық технологиялардың бірі-SMART. Ақылды технология, ақылды оқыту, ақылды техника - деп атаса да болады. SMART- технологияның негізі Америка, Англия, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде пайда болды. Ол ағылшын тіліне аударғанда «ақылды» деген ұғымды білдіреді. SMART технология – бұл барлық ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым стартап бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде smart технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру[4].


E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі педагог пен білім алушыға жаңа бағытты үйретеді. E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді (1-сурет).



Сурет-1. E-learning білім беру жүйесінің пайдалану нұсқасы

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.

Бұл технологияның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Олар сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді (2-сурет).



Сурет-2. Plickers сабақ беру қосымшасы

Wordwall - технологиясы арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Өртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді.

Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект карта құрастыру т.б. тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді(3-сурет).



Сурет-3. Wordwall технологиясының сызбасы

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

Сондықтан да, осындай мәселелерді шешудің бір жолы – оқытуда инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың тиімділігі:

1) Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

3) Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Жалпы инновациялық технологияның түрлері өте көп. Біз қысқаша тоқталып өттік. Кез келген инновациялық технологияларды жүйелі, тиімді пайдалана білу мұғалімнің шеберлігіне және еңбегіне байланысты.

Осы ақпаратқа сүйене отырып, географияны оқытудың әртүрлі әдістерінің дамуына география ғылымының әдістері, сондай-ақ географияны оқыту әдістемесі мен тәсілдердің практикасы жетістіктерге тікелей әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1) Әбуов.А.Е. Мектептің оқу үрдісінде инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты/ Еуразия гуманитарлық институты. - Астана, 2005. - 296.

2) Суранчиева З.Т. «Жаңа технологиялардың түрлері және оны қолданудың сатылары» Қазақ мемлекеттік қыздар педпгогикалық университетінің Хабаршысы - 2010 – 4(6). – 30-34.

3) Аймағамбетов А.А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады. <https://egemen.kz/article/233068-askhat-aymaghambetov>

4) Привалова Г.Ф. Активные и интерактивные методы обучения как фактор совершенствования учебно-познавательного процесса / Г.Ф. Привалова // Современные проблемы науки и образования. - 2014. – 3(4). – 71-76.

5) «Қазақстан мектебі» ғылыми — әдістемелік журналы -2010–3(6). 4(6). – 25-27.

УДК 371.035.5

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Касимова А.Х.- педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Орал қ..
Kasimova_ah@mail.ru*

Білім беру нәтижесін көрсету деңгейінің бірі – функционалды қсауаттылық, ол тұлғаның білім, білік және дағдылар негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты қызмет ету, нақты мәдени ортаға барынша жылдам бейімделу қабілеті ретінде анықталады. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, қабілетін дамытады. Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», — деп тұжырымдайды.

Қазіргі уақытта аудиториядан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру заманауи техникалық құралдардың арқасында өзін-өзі тәрбиелеу ауқымы айтарлықтай кеңейді. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық құралдарды білімге енгізу оқу- танымдық іс-әрекетті басқаруды және оның қарқындылығының түбегейлі жаңа мүмкіндіктерді ашты, білім алушылардың қабылдаған ақпарат көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік берді [1].

Заманауи ақпараттық қоғам дәуіріне ене отырып, адам өмірімен байланысты барлық процестердің, соның ішінде білім берудің күрт үдеуін байқадық. Қазақстанда және шетелде ақпарат көлемінің тез өсуіне, шамадан тыс интеллектуализацияға және ақпараттандыруды дамытудың жоғары қарқынына байланысты оқу-тәрбие процесін интенсификациялау мәселесін шешудің жолдары мен құралдарына кеңінен іздеу жүргізілуде. Өз бетінше және шығармашылық ойлау қабілетін тәрбиелеу үшін белсенді әдістерді қолдана отырып, оқу процесін өзгерту керек, соның арқасында білім алушы өзі қалағанына қарамастан белсенді болуға мәжбүр. Көптеген білім берушілер білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың әдістері мен формаларын жеткілікті білмейді. Нәтижесінде, негізінен білім беруші аудиториялық сабақтарда өзі сөйлейді, ал білім алушылар үнсіз және ең жақсы жағдайда материалды пассивті түрде есте сақтайды. Жоғарыда айтылғандардан қазіргі білім берудегі оқытуды қайта құрудың негізгі бағыттары оқу процесін қарқындату және оңтайландыру.

Негізгі міндет білім берушілер білім алушылардың танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды баса назарға ала

отырып, оларды ұжымдық шығармашылық іс-шараларға, сабақтан тыс жұмыстарға үнемі тартып отыруы қажет. Аудиториялық сабақтар білім алушылардың таңдаған мамандығы бойынша білімін арттыруға, білім көкжиегін кеңейтуге негіз делсе, ал сабақтан тыс жұмыстар білім алушылардың оқудан тыс, қоғамдық қызметке тарту, қосымша білім алуға, құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді, көшбасшылық қабілеттерінің дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Аудиториядан тыс жұмыстар – бұл процесс білім алушылардың аудиториядан тыс уақыттарда үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін, ерекше тәсілдермен толықтырылатын іс-әрекеттүрі. Бұл жұмыстар жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің негізгі және ажырамас бөліктерінің бірі, онда білім алушылардың өзіндік жұмысы басым болады, оның сипаты негізінен олардың мүдделері мен бейімділіктеріне қарай анықталады, оның мазмұны білім алушылардың оқу процесінде және өздігінен білім алу арқылы алған білімдері мен дағдыларын толықтырады және тереңдетеді.

Өздігінен білім алудың негізгі мақсаты – білім алушылардың білім меніс-әрекеттің әртүрлі салаларына деген қызығушылығын ояту, тереңдету, таланттары мен қабілеттерін ашу және дамыту, танымдық және әлеуметтік белсенділіктерін тәрбиелеу. Аудиториядан тыс жұмыстар оқу сабақтарымен салыстырғанда бірқатар жағымды жақтарға ие. Олар білім алушылардың бағдарламалық білімін тереңдетуге және кеңейтуге ықпал етеді, танымға жеке қажеттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді, кәсіби дағдыларды жетілдіруге көмектеседі, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін дамытуға итермелейді. Оқу-тәрбие үрдісін интенсификациялау немесе қарқындалу – бұл білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруға көмектесетін ішкі ресурстарды қолдануға негізделген тиімді оқыту мен тәрбиелеу жүйесін құру тәсілдерінің бірі[2].

Оқу-тәрбие үрдісін интенсификациялау процесінде жаңа технологияларды, формаларды, әдістер мен тәсілдерді және құралдарды белсенді енгізу жүреді. Оқыту мен тәрбиелеу көп факторлы және көп деңгейлі. Бұл білім беру жүйесінің жаңа деңгейге өтуін қамтамасыз етеді:

- оның функционалдық рөлі кеңейеді;
- білім беру проблемаларының кең спектрі қанағаттандырылады;
- оқыту мен тәрбиелеудің барлық қойылған міндеттерін оңтайлы және неғұрлым толық шешу үшін мүмкіндіктер пайдаланылады;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және оның гуманистік бағытын іске асыру қағидаттары өзгереді;
- аймақтандыру және демократияландыру білім беру жүйесін дамытуда ынталандырушы рөл атқаратын жетекші білім беру қағидаттарына айналады;
- оқу уақыты неғұрлым орынды және ұтымды пайдаланылады;
- білім беру жүйесінің барлық субъектілерінің функциялары кеңейеді және белсендіріледі;
- танымдық процесс, танымға деген қызығушылық ынталандырылады, таным жігерлі және шиеленісті болады;
- ұжымдық-шығармашылық жұмыстарға қызығушылық артады.

Өзінің мәні бойынша, оқу-тәрбие үрдісін интенсификациялау еңбек өнімділігін күшейту және білім беру саласындағы жұмыс сапасын арттыру үшін қолданылатын бағыт болып табылады. Қарқындылық тиісті нәтиже беруі үшін оның ғылыми негізі және ақылға қонымды, сапалы менеджменті болуы керек. Оқу-тәрбие үрдісін интенсификациялау процесінің дамуы ғылыми әзірлемелермен,

прогреспен, жаңа ғылыми жаңалықтарды іздеумен және әзірлеумен, жеке және әртүрлі педагогикалық топтар мен бірлестіктердің педагогтарының озық тәжірибесімен байланысты. Интенсификация процесі білім беру жүйесі үшін қажет. Оның қажеттілігін келесі критерийлер мен атап өтуге болады: қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы және өмірдің барлық салаларындағы инновациялар мен білім беру жүйесін реформалауды қажететеді[3].

Қазіргі таңда, білім беру жүйесінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың оңтайлы заманауи формалары қалыптасқан.

Олар, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалар: 1)Жеке, 2)Топтық, 3)Көпшілік

Жекеге: Хабарлама жасау, деректер жасау,ұсынылған әдебиеттерді оқу.

Топтыққа: Үйірмелер,қоғамдық жұмыстар,мәдени шаралар,жобалар.

Көпшілікке: Тәрбие сағаттары,кештер,мәдени шаралар,сайыстар,жарыстар

Аудиториядан тыс жұмыстар – оқу бағдарламасының шеңберіне кірмейтінжәне оқу кестесінен тыс өткізетін түрлі тәрбиелік іс-шаралар: үйірме, шығармашылық бірлестік, студия, оқырмандар, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиум, диспут, әдеби-театрлық мереке, экскурсия, жарыс, конкурс және олимпиадалар.Аудиториядан тыс жұмыс – мақсаты, мазмұны және әдістері бойынша оқу үрдісімен шектеседі, оның аудиториядан тыс кезіндегі жалғасы болып табылады және үнемі ерікті түрде бола бермейді. Оның жоспарлануында және ұйымдастырылуында анықтаушы рөлді педагог атқарады, ал білім алушылар оны жүзге асырушылар. Білім алушылармен аудиториядан тыс уақыттарда тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қалыптасқан негізгі түрлері бар. Бұл жұмыстар білім алушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру бағытындағы іс-шаралар болып табылады. Бұл шараларды ұйымдастырудың формалары: саяхат, үйірме, сайыс, көрме, байқау, кеш, туризм, қызығушылықтар клубы, тәрбие сағаты, спорт.

Білім алушылармен жұмыс формаларының көптүрлілігі тәрбие ісінде оны тәжірибелік тұрғыдан әркез жаңартып отыру проблемаларын тудырады. Тәрбие ісінде оқытушылардың көпшілігі дайын сценарийлерді пайдалана салады. Бұл дұрыс емес. Әр оқытушы білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне және ұйымдастырушылық іс-әрекет деңгейлеріне қарай тәрбие сағатының жоспарын дұрыс құрып,білім алушыларді оған талапқа сай дайындап, өткізе білуі қажет[4].

Аудитория тыс жұмыстардың бірі – эдвайзер сағаты немесе тәрбие сағаты деп аталады. Тәрбие сағаты–бұл топ жетекшісінің тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы. Топ сағаттары тартымды, әрі мазмұнды өтуі үшін оны ұйымдастыру формаларын түрлендіріп отыру қажет. Мысалы, бір аптада топ жиналысы, екіншісінде әңгіме, үшіншіде саяхат және т.б. өткізу.

Тәрбие сағаты–бұл барлық топтарда міндетті түрде ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шара. Кейде оны топ сағаты деп те атайды.Тәрбие сағаты аптасына 1 рет белгілі бір күнде өткізіледі. Тәрбие сағатының формаларын белгілеуде, оның әрқайсысының өзіндік міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формасы, әдістері,жүргізілуәдістемесіболатындығын ескеру қажет. Бұл ерекшеліктер педагог рөлі, оның позициясы, функциясы, қарым- қатынастың өзгеше түрінайқындайды.

Тәрбие сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралардың түрлеріне тоқтала кетсек, Альманах. Арт-кездесу. Арт-сағат. Ауызша журнал. Ашық микрофон. Әңгіме-диспут. Әңгіме-ойын. Әңгіме-талдау. Әңгіме-практикум. Әдеби аукцион. Әдеби кеш. Әдеби оқу кеші.Әдеби ойын.Әдеби дилижанс. Баспасөз конференциясы. Бенефис.Библиографиялық шолу. Библиографиялық ойын. Блиц-сауалнама. Блиц-турнир. Библиографиялық кеш. Бейнекруиз. Бейнелекторий. Викторина.

Викторина-ізденіс. Ғажайыптар алаңы. Ғылыми- практикалық конференция. Диалог. Дискуссия. Диалог-әңгіме. Дискотека. Диспут. Дебат. Дөңгелек үсте. Жәрмеңке. Жұлдызды сағат. Жекпе-жек. Жобаларды қорғау. Дайджест. Интеллектуалдық жекпе-жек. Интеллектуалдық аукцион. Интеллектуалдық ойын. Кітапхана кеші. Кездесу. Кездесу-сұхбат. Кездесу-презентация. Кеш-аукцион. Кеш-арнау. Кеш-реквием. Кеш-элегия. Конференция. Коктейль. Кітап бенефисі. КТС (КВН). Мамандық күні. Мини-студия. Миға шабуыл. Оқырман бенефисі. Ойын-сайыс. Ойын- саяхат. Ойын-ұсыным. Ойын-экскурсия. «Бас қатырғылар базары». «Ойын-аукцион». Оқырмандар конференциясы. Отбасылық ойын. Орман репортажы сайысы. Пресс- конференция. Поэзия кеші. Поэзиялық көңіл-күй кеші. Рөлдік ойын. Сайыс. Саяси хабарлама. Спринт-сайыс. Тақырыптық сағат. Тақырыптық ойын. Тақырыптық конференция. Танымдық ойын. Топ саяхат. Ток-шоу. Тренинг. Іскер ойын. Фестиваль. Форум. Экскурсия.

Тәрбие сағатының қызметтері: ағартушылық; бағыттаушылық; болжамдылық; қалыптастырушылық.

Тәрбие сағаттарының өткізілу формаларын белгілеп, жоспар құру кезінде топ жетекшісі білім алушылардың жеке пікірін ескеруі қажет. Бірақ жоспарлау ісіне атүсті қарамай, нақты ситуацияларға байланысты қозғалу керек. Ұжымдық жоспарға енгізілмеген, бірақ қаралуы міндетті, дереу шешімді талап ететін, кейінге қалдыруға болмайтын сұрақтарға, нақты себептерге, жағдайларға байланысты да жинауға болады.

Тәрбие жұмысының мазмұнын білім алушыларға қызықты және тартымды ету, сапасын арттыру мақсатында бір тәрбие сағатында бірнеше форманы үйлестіріп, қолдану толымды нәтиже береді. Тәрбие сағатына дайындықты білім алушылар мен бірлікте жүргізген дұрыс. Бұл білім алушының жауапкершілігін арттырып, тәрбие сағатына қажетті материалдарды өзбетімен іздестіруге, бойындағы ерекше қасиеттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Сонымен қатар, білім алушылар топ эдвайзерімен, өндірістік оқыту шеберімен серіктесіп жұмыс дасау мүмкіншілігіне ие болады. Тәрбиедегі мұндай қадамдар топ білім алушының арасында жағымды психологиялық климат орнатып, сенімділіктің мәнін ашуға көмектеседі. Топ өміріне қатысты тәрбие сағаттарын өткізуде білім алушыларға сенім білдіріп, тапсырма жүктеу мадақтау әдісін қолданудың біржолы.

Тәрбие сағатының түрлерін белгілеуде, оның әрқайсысының өзіндік міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формасы, әдістері, жүргізу әдістемесі болатындығын ескеру қажет. Бұл ерекшеліктер педагог рөлін, позициясын, функциясын, білім алушылармен қарым- қатынасын өзгеше айқындайды [5].

Қазіргі уақытта таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістің сатысында тұр. Оның үдемелі дамуы үшін шешуші тұлға ғылыми және техникалық білімді игереді, ойдың және рухани потенциалдың қалыптасуына ықпал етеді, өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қоғамның әр мүшесінің шығармашылық потенциалын жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай артады.

Қазіргі білім берудің көкейкесті міндеттерінің бірі – білім алушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындау. Бұндай жұмыстар сабақтан тыс уақыттарда ұйымдастырылатын жұмыстар арқылы жүзеге асады. Олардың табыстылығы педагогтың әдістемені өзі дұрыс біліп, оны талапқа сай қолдана білуінде және білім алушыларды осы іс-әрекет түрлеріне тарта алуы, олардың қызығушылықтарын тудыра алған жағдайда ғана табысқа жетеді. Білім алушылардың өздігінен білім алуы мен қатар жеке тұлға болуын қалыптастырады. Өз бетінше әрекет ететін білім алушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың өз бетінше жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және білім

алушының шығармашылық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Өз бетінше әрекет ететін білім алушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Білім алушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Бұл болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін өз бетінше ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор. Жаңашыл педагогтер білім алушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның өз бетінше қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоционалды педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Әдебиеттер

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 14 қаңтар. – [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda>.
- 2) Құрманалина Ш.Х. және т.б. Педагогика. – Астана, 2006. – 15-210б.
- 3) <https://stud.kz/sabak-zhospariy/id/17118> (Қаралған күні: 02.11.21)
- 4) Гумашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2011. – 37- 240 б
- 5) Педагогические теории, системы. Технологии: Хрестоматия. Ч.1 / Под ред. Е.Н.Селиверстовой. – Владимир, ВГПУ, 2012

УДК 372.857

СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

*Кабиева Д. М. - магистрант, 2 курс
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, г. Уральск
dana.kabieva.89@mail.ru*

В настоящее время образование становится личностно-ориентированным, предусматривает обращение к сфере личных интересов и потребностей ученика. Сегодня ученик должен получить возможность выбора индивидуальной образовательной траектории. Другими словами, приоритетной задачей образования становится развитие личности учащихся, воспитания у них умений анализировать и принимать ответственные решения. Только в этом случае современное образование становится качественным.

Конечно, биологическое образование не является исключением и должно соответствовать ожиданиям общества, развиваться в свете современных тенденций. Особенно в свете того, что XXI век мировое сообщество определило веком биологии и экологии.

Несомненно, одним из основных ресурсов повышения качества образования является совершенствование современных образовательных технологий.

Понятие образовательной технологии включает в себя систему деятельности педагога и учащихся в образовательном процессе, направленную на достижение образовательного результата, в соответствии с педагогическими принципами и взаимосвязью цель – содержание – методы.

В деятельности педагога по использованию современных образовательных технологий в образовательном процессе выделяются следующие направления:

- создание и совершенствование условий для эффективной образовательной деятельности;
- изучение и апробация современных образовательных технологий;
- разработка и апробация авторских образовательных технологий;
- внедрение и распространение эффективных образовательных технологий;
- разработка и внедрение системы оценки эффективности используемых образовательных технологий.

Внедрению информационных технологий в сферу образования способствуют внешние и внутренние факторы. К внешним факторам информатизации образования относятся:– повсеместная информатизация общества, связанная с повсеместным распространением компьютерной техники и телекоммуникационных сетей и влиянием на школьников ее основных агентов — телевидения и сети Интернет;– потребность в специалистах, в том числе учителях биологии, умеющих применять информационные технологии в профессиональной деятельности. Информатизация общества предполагает свободный, быстрый и неограниченный доступ любого человека, в том числе школьника, к источникам звуковой, текстовой и визуальной информации, которая оказывает влияние на личностные качества, формирует отношение к миру. Основные факторы информатизации общественной жизни — компьютерные технологии, телевидение и телекоммуникационные сети (Интернет, сотовая связь) [1].

Согласно определению ЮНЕСКО информатизация — это широкомасштабное применение средств и методов сбора, хранения и распространения информации, обеспечивающих систематизацию имеющихся и формирование новых знаний и их использование для управления и дальнейшего совершенствования и развития общества.

Школьный учебный материал занимает в общем потоке информации все меньше места, уступая средствам массовой информации. Время, проводимое школьниками перед телеэкраном или компьютером, по продолжительности уже приблизилось или превосходит время пребывания в школе. По данным социологических опросов школьники проводят перед телеэкраном не менее 2,3 часа в сутки. Одни школьники смотрят телепередачи и посещают сайты, в которых информация связана с основами наук, являющихся предметом изучения в школе. При этом внешкольную информацию подростки чаще всего используют при неформальном общении. Затруднен также и перенос формируемых в школе знаний на соответствующие предметные области за пределами школы. Можно говорить об информационной изоляции информационного пространства школы и внешкольной среды. [2].

В настоящее время обществу необходимы творческие, самосовершенствующиеся, конкурентно способные личности. Владение информационными и коммуникативными технологиями позволяет человеку уверенно чувствовать себя, дает возможность и создает условия для формирования творческой личности. В настоящее время, когда процессы информатизации в обществе постоянно ускоряются, изменяются, современная школа не должна оставаться в стороне. Традиционные способы передачи информации уступают место использованию информационно-коммуникационных технологий.

Информатизация образования рассматривается как необходимое условие прогрессивного общественного развития. Информатизация биологии, как общеобразовательного предмета развивается главным образом в форме внедрения в учебный процесс новых информационных технологий в качестве технических средств обучения. Рациональное использование компьютерных технологий как технических средств обучения является в настоящее время важнейшей задачей дидактики и методики обучения. Поэтому для учителя важным является приобретение навыков

использования информационных технологий на уроках биологии, во внеурочной деятельности и при подготовке к проведению уроков [3].

Основная роль педагога для успешного решения образовательных задач, овладения учащимися профессиональными знаниями сводится к созданию необходимых условий для достижения поставленной цели.

Использование компьютеров в учебной и внеурочной деятельности позволяет решить следующие проблемы:

- индивидуализация и дифференциация обучения;
- мотивация обучения; избежание трудностей при работе с печатными пособиями;
- дефицит времени;
- активизация самостоятельной работы учащихся.

Использование новых информационных технологий в процессе обучения позволяет добиться качественно более высокого уровня наглядности уроков биологии, значительно расширяет возможности активизации деятельности школьников, а непрерывная обратная связь оживляет учебный процесс, способствует повышению его динамики, что, в конечном счете ведет к формированию положительного отношения учащихся к изучаемому материалу. Применение компьютера на уроках биологии делают занятия более наглядными, интересными, яркими, насыщенными [4].

Также при изучении биологии большую помощь оказывает применение электронных и информационных ресурсов с аудиоинформацией записи звуков живой и неживой природы. На уроках биологии применяются всевозможные новые современные программы, что позволяют разнообразить демонстрацию дополнительной информации при подготовке к уроку. Компьютерная лекция, разработанная средствами инновационных программ-это тематическая и логическая связанная последовательность информационных объектов, демонстрируемая на экране или мониторе. Наиболее удачным кажется применение компьютерных презентаций при проведении уроков изучения новой темы и при закреплении пройденного материала.

Методы и приемы, используемые при подаче учебного материала по биологии в форме презентаций, практика обучения, анализ результатов показывает, что это способствует: расширению дидактических возможностей урока; наглядному представлению учебного материала; повышению интереса к предмету; развитию приемов мышления: анализа, синтеза, сравнения, обобщения; развитию умений осуществлять обработку информации; в сжатой форме воспроизводить передаваемую информацию; приобретение опыта использования информационных технологий в индивидуальной и коллективной учебной и познавательной деятельности. Лучший образовательный эффект от применения ИКТ, в частности презентаций, достигается в предметном обучении, тогда, когда они используются в сочетании с другими инновационными образовательными технологиями. Использование презентаций обеспечивает более позитивный образовательный эффект [5].

При этом презентации могут быть созданы к уроку учителем, а также в ходе самостоятельной работы учащихся по выполнению презентации при применении разных видов программ. В виде индивидуального творческого задания, как сопровождения при защите реферата как «конечного продукта» проектной деятельности на уроке. Использование презентации позволяет учителю мотивировать учащихся на активную познавательную деятельность и обеспечить эффективную работу по погружению в проект. Учащиеся используют возможности всех видов программ для наглядного представления результатов своей проектной работы. Учащиеся с увлечением участвуют в проектной деятельности, используя компьютерные технологии. У школьников, участвующих в проектной деятельности, возрастет интерес к биологии, они научатся самостоятельно ставить проблему и находить ее решение.

Нужно отметить, что важно использовать на уроках биологии и традиционные методики устного опроса, как условия развития устной и письменной речи учащихся. Содержание учебного материала некоторых тем по биологии предполагает общение учащихся, рассказ, сообщения, диспуты. Виртуальные лабораторные работы создают условия моделирования, но они не могут заменить реальность настоящих лабораторных и практических работ, когда дети всё выполняют своими руками, всё наблюдают своими глазами. Кроме того, виртуальные лабораторные работы не дают возможность приобретения учащимися практических навыков [6].

Каждое средство обучения обладает определенными возможностями и дополняют другие средства, не заменяя их. Поэтому необходимо комплексное использование средств обучения. Использование инновационных технологий на уроках биологии это средство повышения эффективности образовательного процесса.

Литература

- 1) Собкин В.С. Подросток у телеэкрана // <http://ps.1september.ru>.
- 2) Макарова Н.В. Информатика: учебник. — М., 2001. — С. 21—22. // <http://synopsis.kubsu.ru/informatic/master/lecture/themes13.htm>.
- 3) Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб. пособие для студентов педагогических вузов. — М., 2003. — С. 183.
- 4) Смирнов В.А. Научно-методические основы формирования обучения биологии в открытом информационном обществе: дис. ... на соискание докт. пед. наук. — М., 2003.
- 5) Данильчук Е.В. Информационные технологии в образовании: учеб. пособие. — Волгоград, 2002. — С. 20;
- 6) Гриншкун С.Г., Григорьев В.В. Использование информационных и коммуникационных технологий в общем среднем образовании. — М., 2006.

ӘОЖ 372.854

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЖОБА ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

*Аитимова А.Т. - 7M01507 «Химия» БББ 2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, Орал қ.
a_toti_90@mail.ru*

Аңдатпа

Қазақстан Республикасың Білім беру жүйесінің соңғы жылдары басым міндеттерінің бірі оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Мектептегі химияны оқу оқушылардың дүниетанымын және әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал ететіні ешкімде күмән тудырмайды. Сонымен қатар, химия сабақтарының мазмұнын сақтай отырып уақыты қысқаруы жағдайында, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы төмендейді. Бұл мәселені шешудің негізгі әдістерінің бірі оқушыларға әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше білім алуға үйренуге мүмкіндік беретін, мотивация мен шығармашылыққа дамуына ықпал ететін жобалау технологиясын қолдану.

Бүгінгі таңда жоба әдісі әлемдегі ең танымал әдістердің бірі болып табылады, өйткені ол теориялық білімді және қоршаған шындықтың нақты мәселелерін шешу үшін практикалық қолдануды ұтымды үйлестіруге мүмкіндік береді. Жобаны іске

асыру өте күрделі процесс, ол көбінесе оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін қатаң жоспарлауға және ұйымдастыруға байланысты. Жобалық жұмыстың максималды тиімділігіне қол жеткізу үшін жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерін нақты жоспарлау қажет.

Мақалада оқу-зерттеу жобаларының мазмұны мен ұйымдастырылуына қойылатын әдістемелік талаптар, сондай-ақ сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған негізгі ұсыныстар сипатталған. Химия пәнінен 9-сынып оқушыларына арналған "Құрамында антоцианы бар гүлдерден акварельді бояғыштар алу" жобасының мысалы келтірілген. Ұйымдастырушылық педагогикалық шарттарды сақтай отырып өткізілген жобаның нәтижелері негізінде, химиялық жекелеген тақырыптарды зерделеу кезінде жобалық әдісті қолдану оқушылардың оқу материалын игерудегі табыстылығы артады деген қорытынды жасалды.

Түйіндісөздер: химия, жобалық оқыту, жаратылыстану сауаттылығы, химиялық өндіріс, орта мектеп, зертханалық зерттеулер.

Кіріспе

Соңғы жылдары білім беруге арналған ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық оқыту әдістерінің өркендеуіне қарамастан бүкіл әлемде білім беру жүйесінің басым парадигмасы өзгерген жоқ; ол әлі де білімді пассивті оқушыларға беруге негізделген. Орта мектепте оқытудың дәстүрлі әдістері қазіргі әлемде білім алушыларды даярлау үшін жеткіліксіз. Заманауи мәселелерді шешу оқушылардан негізгі дағдыларды қатар (оқу, жазу) 21 ғасыр дағдыларын (топтық жұмыс, мәселелерді шешу, ғылыми деректерді жинау, уақытты дұрыс пайдалану, ақпаратты синтездеу, жоғары технологиялық оқыту құралдарын қолдану) меңгеруді талап етеді [1, 2 б.].

Оқытудың жана технологиялары мынадай негізгі үш бағыттан тұрады:

- жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеру;
- оның адамзат және өркениет мәдениетіне деген қызығушылықтарын ескеру;
- оны тәрбие үдерісінің басты объектісі ретінде алып қарау.

Жаңа технологияның осы бағыттарын қолдану, оқып үйрену, меңгеру және өмірге енгізу сабақты дамыту кезеңдері арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, жаңа технологияны меңгеру негізінде оқушының рухани-адамгершілік қабілеті, өз бетімен білім алудағы белсенділігі артады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кірудің табыстылық көрсеткіштерінің бірі - халықаралық стандарттарын орындау болып табылады. Ол стандарттарда жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру басым міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Жаратылыстану сауаттылығы бұл - проблемаларды анықтауға және қоршаған әлемді түсіну үшін қажетті негізделген қорытындылар жасауға қабілетті динамикалық және шығармашылық, жауапты және бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасуының шарты [2, 28 б.].

Қазіргі қазақстандық ғалымдар білім берудің ақпараттық ресурстарына әркімнің қол жеткізуіне мүмкіндік беретін, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, дамытуға, іске асыруға мүмкіндік беретін адам қызметінің теориялық және практикалық компоненттерінің жүйесін біріктіретін "ойлаудың жобалық стилін" қалыптастыру қажеттігін атап өтеді. Жобалау технологиясы өзінің дамуын Қазақстан Республикасының егеменді даму кезеңінің алғашқы күндерінен бастайды. Ж.Р. Баширова жобаларды әзірлеу дәстүрлі оқытудың кемшіліктерін жеңудің және оқытушылардың мотивациясын жақсартудың маңызды құралы болып табылады деп мәлімдейді. Қазақстандық ғалымдар Г.А. Қасен, А.К. Мыңбаев, З.М. Сәдуақасовтың жұмысында тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, дамытуға, іске асыруға мүмкіндік беретін "ойлаудың жобалық стилін" қалыптастыру қажеттілігі атап өтіледі [3, 35 б.].

Жоба жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамыту құралы ретінде

Әрбір оқытушы оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылық дағдыларын дамытуға ұмтылуы тиіс. Бұл оқушы үшін өте маңызды, өйткені мұғалім берген білім ескірмейтін үрдіске ие. Бұл жағдайдан шығудың жолы - оқушыларға әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше білім алуға үйренуге мүмкіндік беретін жобалау әдісін қолдану. Оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы олардың танымдық мотивациясы мен қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, қажетті ақпаратты таба білуін және т.б. дамытуға ықпал етеді.

Жоба әдісі - бұл педагогикалық технология, ол мәні бойынша зерттеу, іздеу, проблемалық, шығармашылық әдістердің жиынтығын қамтиды. Қарастырылған тұжырымдамалар жүйесінің негізінде біз оқушылардың жобалық қызметін оқушылардың оқу-танымдық белсенділігінің нысаны ретінде анықтай аламыз, ол жобаны құру бойынша саналы түрде алға қойылған мақсатқа мотивациялық қол жеткізуден тұрады, оқу процесінің әртүрлі аспектілерінің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз етеді және оқу субъектісінің жеке басын дамыту құралы болып табылады. Бұл тәсіл жобаның жалпы міндетін ішкі міндеттерге бөлу, ішкі мақсаттарды анықтау, жұмыстағы кезеңділікті ұйымдастыру, ішкі мәселелерді шешу нәтижелерінен жалпы нәтижені синтездеу болып табылады. Жобаның негізгі мақсатын жоғалтпай, тапсырмадан тапсырмаға біртіндеп алға жылжу бойынша жұмыс іздеу сипатына ие, жоба мәселелерін шешуде жүйелі тәсілді үйретуге мүмкіндік береді [4, 5].

Негізгі сабақтарды толықтыру үшін оқушылармен жобаларды орындау, олармен азды-көпті еркін ортада сөйлесу олардың дамуы мен тәрбиесі үшін маңызды және жиі шешуші болып табылады. Кездейсоқ жағдайда білім алушылар өз еріктерін еркін көрсетеді, өздерін тұлға ретінде көрсетеді [6, 199 б.].

Кез-келген оқу жобасының құрылымы келесі компоненттердің болуын болжайды: мәселенің өзектілігі, жобаның мақсаты мен міндеттері, гипотезалар, қолданылатын әдістер, нәтиженің практикалық маңыздылығы. Бұл жобаның кез-келген түрінің міндетті құрылымдық құрамдас бөліктері, ал оның қалған құрамдас бөліктері жоба түріне (басым қызмет түріне) байланысты өзгеруі мүмкін [7].

Зерттеу материалдары және әдістері. Бұл жұмыста Орал қаласы Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің 9 сынып екі оқушысы орындаған "Құрамында антоцианы бар гүлдерден акварельді бояғыштар алу" атты ғылыми жобасын әзірлеу және жүргізу әдістемесі ұсынылған. Жобаны іске асыру бес кезеңде өтті:

1 кезең. Жобаны әзірлеу. Әр түрлі гүлдер туралы мәлімет жинақталып, гүлдердің шығу тарихы, гүлдердің пайдасы және тұрмыста солып қалған гүлдерді пайдаға асыру мақсатында нестеуге болатындығы жөнінде көп мәліметтер қарастырылды. Жобаның өзектілігін анықтағаннан кейін жоба жетекшісі оқу мақсаттарына, оқу бағдарламасының мазмұнына және практикалық жағдайларына сәйкес келетін оқу жобасының атауы туралы өз идеяларын ұсынды. Ұсынылған жағдайлар талқыланатын тақырып бойынша бір немесе бірнеше мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

2 кезең. Жобаны жоспарлау. Жоба бойынша жұмысты жоспарлау оның ұжымдық талқылауынан басталды. Бұл, ең алдымен, оқушылардың мүдделерімен пікір алмасу және келісу, бұрыннан бар білім негізінде бастапқы идеяларды ұсыну және даулы мәселелерді шешу. Осы кезеңде оқушылар көп мерекелік кезеңдерде сыйланған роза гүлдерін солып қалғанда қоқысқа лақтырмай оны қалай пайдаға асыруға болатындығы жөнінде мәліметтер жинақтады. Мұндай объектілердің қоршаған ортаға қоқыс қалдықтарынан құтылудың ең ұтымды тәсілін ұйымдастыруды қарастыру.

3 кезең. Жобаны іске асыру. Бұл кезеңде оқушылар өздеріне берілген тапсырмаларды орындауда бастамашылық танытып, оқу жобасына байланысты ғылыми білім алуға ұмтылды. Білім беру жобасын жүзеге асыру барысында зерттеушілердің пікір алмасуы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейді. Жетекшінің міндеті қажет болған

жағдайда жобаның әдістемесі бойынша кеңес беру болды. Бұл кезеңде оқушылар ақпаратты іздеу, оны салыстыру, жіктеу дағдыларын алады. Жобаны жүзеге асыру кезінде оқушыларға уақытында түзетулер енгізу үшін кестені ұстану әсіресе қиын болды.

Зерттеу жүргізу әдістері: солып қалған гүл жапырақтарын пайдаға асыру бойынша зертханалық зерттеулер мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды: зертханалық қондырғылардың сипаттамасы және эксперимент жүргізу әдістемесі; бастапқы материалды технологиялық есептеу; зерттеуге арналған сынаманы жүктеу; гүл құрамын талдамалық бақылау.

Эксперимент жүргізу үшін әдіс пен химиялық ыдыстың оңтайлы нұсқасын таңдауға осы саладағы зерттеушілердің ғылыми-теориялық материалдарын және осы зерттеудің қоршаған ортадағы практикалық маңыздылығын зерттеу кезінде қол жеткізілді. Жоба бойынша әдеби шолудың нәтижелерін оқушылар презентация түрінде ұсынды. Әдеби материалды зерттеу бұл экспериментті жүргізудің ең жақсы нұсқасы қанық түсті гүлдерден қанық түсті бояулар алуға болатындығы көрсетілді.


4 кезең. Жоба нәтижелерін өңдеу. Оқушылар осы кезеңде фактілерді түсіндірді, қорытынды жасады, өз пікірлерін қалыптастырды. Дәл осы кезең оқушылар үшін ең қиын болды, өйткені оқушылар жауаптардың көпшілігін ғылыми әдебиеттерде дайын түрде тапты.

Ғылыми жобаның негізгі нәтижелері:

1. Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей антоциан көбіне қанық түстес гүлдерде болады және олар бірден түс бермейтіні анықталды.

2. Тәжірибе деректеріне сүйене отырып әрбір гүлдерде антоциан болады, бірақ барлық гүлдерде байқала бермейді. Сонымен қатар, мұндай акварельді бояғыштар ешбір химикаттарсыз болады және осындай акварельді бояғыштарды кішкентай баладан үлкен адамдарда қолдана алады. Денеге ешбір тітіркендіргіш әсер алып келмейді. (Сурет 1)





Сурет 1 - Гүлдерді өңдеу арқылы акварельді бояғышты алуға арналған зертханалық зерттеулер сатылары

5 кезең. Жобаның нәтижелерін бағалау. Бұл кезеңде оқушылар алынған мәліметтерді және нәтижеге жету жолдарын түсінеді, жоба бойынша жұмыс нәтижелерінің қорытынды презентациясын талқылайды және дайындайды. Оқушылар нәтижелер мен қорытындыларды ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар ақпаратты алу және талдау әдістерін сипаттайды; алған білімдері мен дағдыларын көрсетеді; жобада жұмыс істеу барысында кездескен қиындықтар туралы айтады.

Жобаны іске асыру барсында оқушылар әр кезеңде жаратылыстану сауаттылықтары дамыды. Жобаны жоспарлау және іске асыру кезеңдерінде оқушылар ғылыми әдебиеттік ақпаратты іздеу, оны салыстыру, жіктеу дағдыларын алады. Зерттеу жүргізу кезеңінде оқушылар ғылыми ақпарат негізінде химиялық зерттеулерді жүргізу әдіс-тәсілдерін: технологиялық есептеулер, қатты затты таразыда өлшеу, ерітінді дайындау, титірлеу әдісімен құрамын анықтау сияқты дағдылары қалыптасты.

Жоба нәтижелерін мектеп ішілік ғылыми конференцияда қорғағанда олардың жаратылыс- тану сауаттылықтарының қалыптасқаны байқалды.

Қорытынды. Осылайша, зертханалық экспериментті қолдану арқылы жобалық іс-әрекеттер күрделірек, ерекше жаратылыстану жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп айта аламыз, бұл процесте алынған білім, білік және дағды өз бетінше қолданылады. Бұл білімдер мен дағдылар оқушылардың жаратылыстану қабілеттерін дамытудың ең маңызды шарты болып табылады.

- жаратылыстану қабілеттерін дамыту, өйткені оқушыларда химиялық өндіріске тұрақты қызығушылық дамиды, бұл оқытылатын пәнді түсінуге ықпал етеді және әртүрлі өмірлік жағдайларда алған білімдерін беруге мүмкіндік береді;

- дербестік деңгейі, шығармашылық белсенділігі артады;

- күрделі тапсырмалар орындалады, бұл көбінесе оларды шешудің қызықты тәсілдеріне әкеледі.

Зерттелетін гүл құрамын анықтау үшін титрлеу әдісі қолданылды. Гүл қалдықтарының үйінді әдісі үлкен практикалық қызығушылық тудырады. Қалдықтарды қайта өңдеу қаланың экологиялық мәселесін шешуге және кәсіпорынның шикізат базасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаның нәтижелерін талдау арқылы ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды ескерген жағдайда, химиялық өндіріс туралы белгілі бір тақырыптарды меңгеруде жоба әдісін қолдану оқушылардың оқу материалын меңгеру табысын арттырады деген қорытындыға келуге болады.

Әдебиеттер

1) Sadykov, T., Ctrnactova, H. Application interactive methods and technologies of teaching chemistry // Chemistry Teacher International. [Электронный ресурс]. – 2019. –

URL: <https://doi.org/10.1515/cti-2018-0031> (дата обращения 22.10.22).

2) Gerasimova, E., Savvina, O., Telkova, V., Melnikov R, Trofimova E. Theoretical and Empirical

3) Aspects of Project Activity at Modern Russian School // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – 214 (5). – P.27-33.

4) Кокибасова Г.Т. Химияны оқытудың жаңа технологиялары: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – 143 бет.

5) Distler, P., Teply, P. Scientific literacy in the curriculum of the Czech Republic and its development in chemistry classes // Turkish Online Journal of Educational Technology. – 2016. – December Special Issue. – P.473-477.

6) Сиденко, А.С. Метод проектов: история и практика применения // Завуч. – 2003. – №6. – С.15-23.

7) Романовская, М.Б. Метод проектов в образовательном процессе. – М: Педагогический поиск, 2006. – 230 с.

8) Мухатаева Д.И., Жексембинова А.К. Проектная деятельность в условиях университета: опыт подготовки и включение // Наука и жизнь Казахстана. – 2020. – 5(1). – С.199-205.

9) Ворошилина, Н.Н., Рыжанкова, Н.Н. Научно-исследовательская работа студентов в вузах Республики Беларусь как одна из форм социально-проектной деятельности // Психология социология и педагогика. – 2015. – №6. – 96с.

10) Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы: монография. – Алматы: АГУ им. Абая, 2003. – 160с.

11) Касен Г.А. Личностно-ориентированный, проектный и проблемно-ориентированный подходы в обучении: методические рекомендации / Г.А. Касен, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасов – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 78с.

12) Szállassy, Noémi. Project Method, as One of the Basic Methods of Environmental Education // Acta Didactica Napocensia, – 2008. – 2(1) – P.44-49.

13) Сущность проектной деятельности школьников [Электронный ресурс]. 2020. – URL: <http://www.edutarget.ru/sonics-685-1.html>

14) Кольчурина, И.Ю., Нохрина, О.И., Руднева, В.В., Федотов В.М. Основы гидрометаллургии: уч. Пособие. – Новокузнецк: СибГИУ, 2008. – 110с.

15) Исламов К.Б. Кислое выщелачивание кеков и переработка растворов. – Алматы, 2020. – 46с.

ӘОЖ 372.854

МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ 5Е МОДЕЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Битингалеева Д.А. – 2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы
Eleuf-dinara@mail.ru

Біздің қазіргі әлеміміз технологияның даму заңында жүргені барлығымызға мәлім. Бұл даму білім саласына да әсерін беруде. Көптеген елдер білім беру жүйесін жетілдіруде және олар басқа елдермен ынтымақтастықта жұмыстануға ұмтылады. Осының арқасында олар бір-бірінің білім беру жүйесінде қолданылатын жаңа білім беру модельдерін тандайды оны өз елдерінде қолданады, талдайды, мүмкіндіктерін зерттейді. Осындай модельдердің бірі 5Е оқыту моделі.

Оқу мақсаттарының таксономиясын ең алғаш нұсқасын американдық психолог Benjamin Bloom (Bloom, B et al., 1956) [1] ұсынған болатын. Блум таксономиясының бірінші нұсқасына негізделген 5E моделін 1997 жылы әйгілі американдық ағартушы, профессор Rocher Baybee (Rocher Baybee, 1997) енгізді. Бұл модель XX ғасырдың соңында американдық мектептерде кеңінен қолданылды. 5E оқыту моделі – бес кезеңді конструктивті оқыту моделі: әрекеттестік, зерттеу, түсіндіру, талдау және бағалау [2].

Циклдік оқытудың тиімділігі туралы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, Abraham, M. R., & Renner, J. W. «Циклдің сәттілігін түсіндіретін факторларды анықтау, оқуды әдеттегі оқумен салыстыру және Пиаже теориясы мен оқу циклдары арасындағы байланысты зерттеу үшін оқу циклдерінің әртүрлі тізбектері зерттелді. Нәтижелер оқу циклінің қалыпты реттілігі химия бойынша мазмұнды білімге қол жеткізу үшін оңтайлы реттілік екенін көрсетеді» деп атап өткен [3]. Оқыту циклінің тәсілі ғылымдағы үлкен жетістіктерге, тұжырымдамаларды жақсы сақтауға, ғылым мен ғылыми оқуға деген көзқарасты жақсартуға, ойлау қабілетін жақсартуға және дәстүрлі оқыту тәсілдеріне қарағанда процестің жоғары дағдыларына әкелуі мүмкін деген тұжырымды қолдайды.

Американдық зертхананың есебі бойынша 5E оқу моделіне негізделген оқыту тиімділігіне тоқталып өткен болатын (1-кесте) [4].

1-кесте. 5E оқу моделіне негізделген оқыту тиімділігі: интеграцияланған оқу модульдерін зерттеумен байланыс

Интеграцияланған оқу блоктарының мақсаты (Американдық зертхананың есебі, NRC, 2006, 100-бет) [5]	Қарастырған ғалымдар	5E оқыту моделінің нәтижелерінің қысқаша мазмұны
Тақырыпты меңгеру	Coulson, D. (2002)	Мұғалімдері 5E оқу моделі бойынша орташа немесе жоғары дәлдікпен сабақ берген студенттер оқытуда жетістіктерге жетті, бұл мұғалімдері дәлдігі төмен модельді қолданған оқушылардан екі есе дерлік жоғары болды.
	Akar, E. (2005)	Химия пәнінің жоғары сынып оқушылары 5E-ге негізделген курста пән бойынша білімнің дәстүрлі тәсілдер қолданылған курстан гөрі едәуір артуына қол жеткізді.
Ғылыми пайымдау	Boddy, N. K. (2003)	Бастауыш сынып оқушылары 5E оқу моделіне негізделген оқыту нәтижесінде ғылыми ойлаудың өсуін көрсетті.
Ғылымға деген қызығушылық пен көзқарас	Boddy, N. K. (2003)	Оқу цикліне негізделген тәсілді қолдана отырып, жаратылыстану ғылымдарын оқитын бастауыш сынып оқушылары Ғылымға деген

		көзқарастарында оң өзгерістерге ұшырады
	Akar, E. (2005)	5Е-ге негізделген курста химия пәнінің жоғары сынып оқушылары Ғылымға деген оң өзгерістерді бастан кешірді, бұл дәстүрлі тәсілдер қолданылған курсқа қарағанда айтарлықтай маңызды болды

Міне осы зерттеулерді негізге ала отырып, 7 сыныпта химия сабақтарын 5Е оқыту моделіне сай жоспарлауды жөн көрдім. Соның ішінде оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту мақсатында жұмыстар жүргіздім.

Оқушыларға сабақ үстінде, сонымен қатар, үй жағдайындағы тәжірибелік жұмыстар жасау бойынша көп назар аудардым. Оқушыларға үй жағдайында тәжірибелер жүргізіп көріп, оны видеоға түсіру ұсынылды. Барлық оқушылар тапсырманы орындамағанмен, кеәбір оқушылар басқа оқушыларды әрекетке шақырды. Үй жағдайында жасалған тәжірибелер:

1. Крахмал алу тәжірибесі
2. Үйдегі бар жуғыш заттардың рН ортасын анықтау.
3. Көмірқышқыл газының түзілгенін шардың үрілуі бойынша бақылау.

А. есімді оқушы крахмал алу тәжірибесін сыныптасымен бірлесе отырып орындады, ал, Н. есімді оқушы жуғыш заттардың екі түрін (Mr.Proper, Stop пригар) қолданып, рН ортасын анықтап, видео жасап сыныптағы оқушыларға жұмыстарын көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу өткізілген бір сабақтың 5Е оқыту циклі бойынша құрылған қысқа мерзімді жоспары негізінде тоқталсам,

Әрекеттестік (Engage) – Үй жағдайында «Шардың үрілуі» ас содасы мен сірке қышқылының арасындағы реакцияны жүргізу. **Сұрақ:** Осы реакцияны жүргізу барысында қандай құбылысты байқауға болады? Неліктен шар үріледі?

Зерттеу (Explore) - Практикалық жұмыс. Кальций карбонатының тұз қышқылымен реакциясын бақылау.

Түсіну (Explain) – газ жиналған ыдысқа жанған шыраны жақындатыңыз. Бұл көмірқышқыл газының қандай қасиетіне негізделген? Түзіліп жатқан газды әк суына салыңыз. Неліктен газды әк суы арқылы өткізгенде ерітінді лайланды? Байқалған құбылыстардың реакциясының сөздік теңдеуін жазу.

Толықтыру (Elaborate) - Төмендегі берілген суретте Кариатидами деп аталатын, Афинадағы Акрополда 2500 жыл бұрын тұрғызылған мүсіндер келтірілген. Бұл мүсіндер мрамор деп аталатын тау жынысынан сымбатталған. Мрамор карбонат пен кальцийден тұрады 1980 жылы мүсіндердің түпнұсқасы Акропольдың музейіне ауыстырылып, ал оның орнына көшірмесі тұрғызылды. Мүсіндердің түпнұсқасын қышқыл жауындар жеп қойған. Қышқыл жауындардың мраморға әсерін үлгілеп білу үшін, мраморды бір түнге сірке суына салып қойса болады. Сірке суы мен қышқыл жауынның қышқылдық деңгейі шамамен бірдей. Бір кесек мраморды сірке суына салғанда газдың көпіршіктері пайда болғанын бақылауға болады. Құрғақ мрамордың массасын тәжірибенің басы және аяғында өлшейді.

Сұрақ: ҚЫШҚЫЛ ЖАУЫНДАР

Осы тәжірибені өткізген оқушылар түнде бір кесек мраморды сірке суына, ал екіншісін жай (тазартылған) суға салды. Оқушылар бұл сынауды өздерінің тәжірибесіне неліктен қосқанын түсіндіріп жазыңыз [6]

Бағалау (Evaluate) - Socratic бағдарламасында дайындалған бекіту сұрақтары.

5E оқыту моделіне негізделген жоспар жасалған соң, 7 сынып оқушыларына зерттелді. Бұндай сабақты жүргізу үшін екі 7 сынып оқушылары алынды, бірі – бақылау, екіншісі – эксперименттік. Дәстүрлі химия сабағы бақылау тобында, ал 5E оқыту цикліне негізделген сабақ эксперименттік сыныпта жүргізілді. Нәтижесінде, зерттеуден кейін 2 сыныпқа да сұрақтар ұсынылды. Оның нәтижесінде эксперименттік сыныпта жүргізілген сабақтардан кейін оқушылардың практикалық дағдыларының артқандығы байқалды.

Жоғарыда аталған эксперименттердің нәтижесінде 7-сыныпта 5E оқыту циклін қолдану химияны оқушылардың түсінуі салыстырмалы түрде қиын кейбір тақырыптар бойынша оқытуда өте пайдалы екендігі дәлелденді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, 5E оқыту циклі қазіргі заманғы оқыту моделі ретінде 7-сынып оқушыларының академиялық және практикалық дағдылары үшін химиядағы кейбір проблемалық пәндердің дамуына оң әсер етті.

Әдебиеттер

1) Bloom, B. S., Engelhart, M. D., Furst, E. J., Hill, W. H., Krathwohl, D. R. (1956) Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals. Handbook I: Cognitive domain. New York: David McKay Company.

2) Bybee, R.W. Achieving Scientific Literacy. Portsmouth, N.H.: Heinemann, 1997

3) Abraham, M. R., & Renner, J. W. The sequence of learning cycle activities in high school chemistry--//Journal of Research in Science Teaching, 1986, 23(2), 121-143.

4) The 5E Instructional Model: A Learning Cycle Approach for Inquiry-Based Science Teaching Lena Ballone Duran Bowling Green State University, OH, USA ballone@bgnet.bgsu.edu Emilio Duran The University of Toledo, OH, USA, 2006

5) The BSCS 5E Instructional Model: Origins and Effectiveness, 2006

6) Take the test: Sample question from OECD'S PISA assessments, 2009

УДК 372.8

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ БИОЛОГИИ В ШКОЛАХ: ВОВЛЕЧЕНИЕ УЧАЩИХСЯ В МИР ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

*Бисенов У.К. - кандидат биологических наук,
ассоциированный профессор*

Сейткереева С.А. - магистрант 2 курса

*Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау
ataiyevnas@gmail.com, bisenovy@mail.ru*

Биология, изучение живых организмов и их взаимодействий, является фундаментальным предметом в школьной программе. Это не только помогает ученикам разобраться в тонкостях жизни, но и развивает критическое мышление, навыки решения проблем и научную любознательность. Эффективное обучение биологии требует от учителей использования различных методов, которые не только передают знания, но и вовлекают и вдохновляют учащихся. В этой статье я рассмотрю несколько методов преподавания биологии в школах, которые способствуют активному обучению и более глубокому пониманию предмета.

1. Практические лабораторные эксперименты

Лабораторные эксперименты являются важным компонентом преподавания биологии. Они предоставляют учащимся возможность наблюдать биологические

явления воочию, задавать вопросы, выдвигать гипотезы и проверять свои идеи. Практический опыт не только делает обучение более увлекательным, но и помогает учащимся развить важные навыки, такие как сбор данных, анализ и научный метод. Учителя могут разрабатывать эксперименты, охватывающие различные темы, от генетики до экологии, с учетом уровня обучения и учебной программы [1].

Пример: Классическим примером практического обучения является изучение осмоса с использованием ломтиков картофеля. Учащиеся погружают ломтики картофеля в соленую воду различной концентрации и наблюдают за изменениями массы, связывая это явление с движением воды через клеточные мембраны.

2. Обучение, основанное на запросах

Обучение, основанное на опросе, побуждает студентов становиться активными исследователями. Учителя могут задавать открытые вопросы и проблемы, побуждая учащихся самостоятельно исследовать и находить ответы. Этот метод развивает любознательность и критическое мышление, поскольку учащиеся формулируют гипотезы, проводят исследования и делают выводы. Это также позволяет проводить индивидуальное обучение, поскольку учащиеся могут изучать интересующие их темы в более широкой области биологии [2].

Пример: Учащимся дают банку с прудовой водой, кишачей микроорганизмами. Перед ними стоит задача разработать свои эксперименты по идентификации и классификации этих организмов. Такой подход, основанный на исследовании, позволяет им применять научный метод к реальным жизненным ситуациям.

3. Интерактивные технологии

Внедрение технологий в биологическое образование может значительно улучшить процесс обучения. Интерактивные симуляторы, виртуальные лаборатории и образовательные приложения могут помочь студентам визуализировать сложные процессы, такие как деление клеток или экологические взаимодействия. Эти инструменты могут сделать абстрактные концепции более конкретными и привлекательными, подходящими для различных стилей обучения [3].

Пример: Программное обеспечение для виртуального препарирования позволяет студентам изучать анатомию организмов без необходимости в физических образцах. Они могут препарировать виртуальных лягушек, исследуя структуры и функции, избегая при этом этических проблем, связанных с традиционными вскрытиями.

4. Экскурсии на места и обучение на свежем воздухе

Вывод учащихся за пределы класса в естественную среду может стать преобразующим опытом. Экскурсии по местным экосистемам, ботаническим садам или заповедникам дикой природы позволяют студентам наблюдать за биоразнообразием, экологическими взаимодействиями и адаптацией в реальных условиях. Эти переживания могут привить чувство удивления и признательности к миру природы [4].

Пример: Знакомство учащихся с местной экосистемой, такой как водно-болотные угодья или лес, дает возможность понаблюдать за различными видами в их естественной среде обитания. Студенты могут документировать свои выводы, изучать адаптацию и ценить взаимосвязанность жизни.

5. Обучение, основанное на конкретных примерах

Обучение, основанное на конкретных примерах, знакомит студентов со сценариями из реальной жизни или тематическими исследованиями, связанными с биологией. Перед ними стоит задача проанализировать ситуацию, определить соответствующие биологические концепции и предложить решения или объяснения. Этот метод связывает обучение в классе с практическим применением, помогая учащимся увидеть значимость биологии в их жизни [5].

Пример: Представление тематического исследования из реальной жизни, такого как воздействие инвазивных видов на местные экосистемы, ставит перед студентами

задачу применить свои биологические знания для разработки решений по восстановлению окружающей среды и управлению ею.

6. Совместное обучение

